Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеніне байланысты Елбасының жолдауындағы мақсаттар мен мұраттар мүлтіксіз жүзеге асырылса, ұрпақ тәрбиесіндегі істерде де үлкен бетбұрыстар болары сөзсіз. Ұрпақ қамы ертеңгі ел қамы. ХХІ ғасырда өмір сүріп еңбек ететін жастарды тәрбиелеуде қазақ

халқының ғасырлар бойы жинақтап уақыт талабынан өткен бай қазынасын отбасы тәрбиесінде қолдану – кезек күттірмейтін мәселе екені даусыз.

Отбасындағы бала тәрбиесі жөнінде XVII–XVIII ғасырларда өмір сүрген батыстың, орыстың педагог ғалымдары жақсы ой-пікірлер айтқан болатын. Мысалы Я. А. Коменский «Ағайынды чехтарды» тәрбиелеудегі халықтық дәстүрдің жақсы нәтижелеріне сүйене отырып, баланы жастайынан жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсетіп берді.

Қазақ халқында отбасы тәрбиесіне, ұрпағының жан-жақты болып өсуіне айрықша мән берілген. Баланы қайратты, қайырымды, ақылды, өнерлі, әділ адам етіп тәрбиелеу – әр уақытта қазақ отбасындағы басты мәселенің бірі болған.

Қазақ отбасындағы ата-ана мен баланың кісілік қарым-қатынасы, эмоцияналды сезімдері - олардың жаны мен қанының табиғи бірлігі негізіндегі жақындық арқылы орындалған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі уақытта баланы заман талабына сай жеке тұлға етіп қалыптасыру қазақ отбасындағы барлық ата-аналар үшін көптеген қиындықтар туғызуда. Бұрын бәрімізге белгілі халқымыздың аса күшті қасиеті балажандылығы деп саналған. Тіпті қазақ әйелі әулиеге түнеп перзенті үшін өмір сүретін. Ал, қазір қазақ әйелдері арасында балаға деген сүйіспеншілік күрт бәсеңдеп кеткен сияқты. Отандық ғалым Қ. Жарықбаев өзінің «Ұлттық психологияны оқыту – ұлтшылдық емес» – атты мақаласында Қазақстандағы тастанды балалардың 90 % қазақ балалары екенін айтады [1]. Осылардың бірден-бір себебін қазіргі шаңырақ көтерген жастардың бала тәрбиесіне толық даяр еместігі немесе ата-ананың тәрбиедегі «қараңғылығы» салдарымен түсіндіруге болатын шығар.

Өмірге келген нәрестеге ананың адал махаббаты мен кіршіксіз көңілі таза ауадай қажет. Себебі, сәби өмірге мүлде дәрменсіз күйде келеді. Нәрестенің өмірге келіп, кіндігінің кесіліп, жөргекке оралуынан бастап дені сау, ақылды да тәлімді бала етіп өсіру мақсатындағы ата-ананың өмірінде таусылып бітпейтін қарбаласы басталады. Жеке тұлға өсіп жетілуіне ықпал ететін отбасының тәрбиесіне психологиялық, педагогикалық зерттеулерде ерекше көңіл бөлініп, «отбасы» ұғымына көптеген анықтамалар берілген. Мәселен: Р. Н. Нұрғалиевтің 1996 жылы жарық көрген философиялық сөздігінде: «Отбасы – әлеуметтік қауымдастықтың түрі, ерлі-зайыпты одаққа және туысқандық байланыстарға, яғни ері мен әйелінің, ата-аналары мен балаларының, аға-інілері мен апа-қарындастарының бірге тұрып, ортақ шаруашылық жүргізуі, туысқандарының арасындағы сан алуан қарым-қатынастарға негізделген жанұя тұрмысы» деп айтылса [2], Ж. Қоянбаевтың педагогикалық еңбегінде: «Отбасы – ол бірге

тұратын некеге негізделген немесе қандас туыстар (әке, ана, бала...) тобы» деп анықтама берілген.

Қарым-қатынас мәселелерін қарастырған педагогикалық көзқарастарға жүгінсек бұл проблеманың педагогикада зерттелуі кейінгі кезеңдерде ғана белсенді түрде қолға алына бастағанын байқаймыз. Педагогикада қарым-қатынастың мынандай аспектілері қарастырылады:

- педагогика тарихындағы қарым-қатынас проблемасы (А. С. Макаренко, Р. Х. Шакуров, А. В. Мудрик);
- қарым-қатынас механизмдері мен құралдары (А. А. Бодалев, Б. Ф. Ломов, А. Н. Леонтьев, В. А. Кан Калик, Ш. А. Амонашвили);
- қарым-қатынас іс-әрекет белгісі ретінде және іс-әрекеттің әр түрінің қарым-қатынас жасауға қажетті мүмкіндіктері (Г. И. Шукина, Т. Е. Конникова);
- қарым-қатынастың баланың жеке тұлғасын қалыптастырудағы рөлі (Л. И. Новикова, А. Т. Куракин).

Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мәселесін В. С. Мухина мен Л. А. Венгер де ғылыми тұрғыдан зерттеді. Олар отбасында дұрыс ұйымдастырылған қарым-қатынас пен тәрбие үрдісі нәтижесінде мектеп жасына дейінгі бала өздігінен дербес түрлі әрекеттер (киім кию, жуыну, тамақтану т.б.) орындағандарымен, ата-ана тарапынан көрсетілген эмоционалды қарым-қатынасты өлі де болса аса қажет етеді деп тұжырымдайды.

В. С. Мухинаның айтуынша адамдар арасындағы қарым-қатынастар барысында балада әр түрлі тәртіп формалары қалыптасады. Бұл жерде бала үшін ең бастысы – ата-ана тарапынан ұйымдастырылған жағымды қатынас. Ата-ана сенімі мен махаббаты балада оптимизм, жақсы, үлгілі болуға деген тілекті қалыптастырады. Бала әр уақытта өзіне жасалған эмоционалды қолдауды қажет етеді [3].

Л. А. Венгер өз пайымдауын айтады. Баланың жан-жақты дамуына отбасының әсерін көрсете келіп, ол жердегі тәрбиелік ықпалдардың дұрыс ұйымдастырылмауы, қарым-қатынасқа қанағаттанбау, ұжымда өз орнын дұрыс сезінбеу, отбасындағы кикілжің жағдайлар, осылардың бәрі бала тәртібінде біраз қиындықтар тудырады деп қорытындыласа, ресейлік ғалым Б.Лихачев отбасы баланың жеке басына екі жақты:

бірішіден, отбасының материалды жағдайын сипаттайтын өзіндік өмір сүру дәстүрі арқылы, яғни, отбасы мүшелерінің материалдық және рухани қажеттіліктері мен әлеуметтік құндылықтары арқылы;

екіншіден, әлеуметтік және белгілі бір мақсатқа бағытталған әрекет арқылы әсер етеді. Бұл көбінесе отбасындағы негізгі көзқараспен тәрбие үрдісі қоғамның тәрбиелік мақсатына, идеологиялық, адамгершілік және эстетикалық

талаптарына қаншалықты сәйкес болуына байланысты жүзеге асырылады деп көрсетеді.

Қайсыбір тарихи кезеңде болмасын адамдардың жеке тұлға болу үрдісі белгілі қоғамда, белгілі ортада, белгілі отбасында орындалған. А. С. Макаренко, В. С. Сухомлинский, А. А. Аркин басқа да педагог-психологтар отбасы тәрбиесін қарастыра келе, оны тұлғаның жан-жақты дамуының негізі деп көрсетті. Көп жылдар бойы қараусыз қалған балалар тәрбиесімен айналысқан дарынды педагог А. С. Макаренко, жеке тұлға қалыптасуындағы отбасының алатын орнын ерекше екендігін тәжірибелік әрекетінде көрсетті. Отбасындағы ата-ананың өзіндік тәртібі – тәрбиедегі ең басты нәрсе дей келе, ата-ана баласын арнайы жүргізілген тәрбиелік ықпалдар барысында ғана емес, әр уақытта тәрбиелейді. Ата-ананың бала алдында шынайы беделі болуы тиіс. Себебі, отбасы тәрбиесінің басты шартына – ата-ананың шынайы беделі және дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі жатады деді.

Е. А. Аркин бала тәрбиесіндегі ата-ананың қарым-қатынасын қарастыра келе, тәрбиеде баламен шынайы қатынаста болу керек. Дұрыс тәрбие ата-анадан балаға деген махаббат сезімін ғана емес, сонымен қатар айтарлықтай мөлшердегі білім-іскерлікті қажет етеді. Ең бастысы-отбасында баламен дұрыс қарым-қатынас орната білу керек деп тұжырымдайды [4]. Ал А. Н. Леонтьев бала тәрбиесіндегі отбасы рөлін көрсете келе, бала-сәби, мектепке дейінгі шақта «бөгде» адамдардың ақыл - кеңестері, ескертулерін қабылдамайтынын айтады. 5–7 жаста бала үшін «мамам айтты», «папам көрсетті» деген түсініктер аса маңызды [5]. Бұл туралы А. С. Макаренко: бала алғашқы 5 жаста жағымды және жағымсыз мінез бітістерінің 80 % отбасындағы ата-ана, басқа да адамдардан үйренеді, – деген. Бұл тұрғыда Т. А. Маркова отбасы тәрбиесінің мазмұны мен тұрақтылығын бейнелейтін бірнеше факторларды көрсетеді:

1 Отбасы тәрбиесі эмоционалды терең әрі ашына (интимді)бейнемен ерекшеленеді. Отбасындағы «жылылық» – бақытты балалық шақтың бірден-бір шарты.

2 Отбасында ата-ана, ата-әже, басқа да мүшелерінің ұзақ уақытқа созылатын тәрбиесін алуға толық мүмкіндік бар.

3 Отбасы баланы алғашқы жылдардан бастап-ақ әр түрлі іс-әрекетке (тұрмыстық, еңбек, шығармашылық) итермелейді.

Соңғы кездері тіршілікке керек білімге баланы жастан даярлау керек деген пікір күшейді. Отбасы тәрбиесінің адам өміріндегі маңызын бізге дейінгі, көптеген ұлы ағартушылар, ғалымдар зерттеп, ол туралы құнды пікірлер айтқан.

Қазақ халқының ұлы ақыны А. Құнанбаев отбасындағы бала тәрбиесінде оның жас және психологиялық ерекшелігін ескере отыру керектігін түсіндіре талап етеді. Абай баланың ең бірінші, әрі ең негізгі тәрбиелеушісі – ата-анасы

болуы тиіс дей келе, бала алдымен ата-ана, екіншісі ұстазы, үшінші құрбыларына қарап өседі деген.

Абай педагогика, психология ғылымдарының өмірлік мәнін терең аңғарған, оның ғылыми жағының қажеттілігін түсінген ғұлама. Адамдардың тұрмыстағы, отбасындағы, қарым-қатынастардағы үйлесімін армандаған ақын жас ұрпақтың ұлттық ерекшеліктеріне айрықша зейін қойып, тәрбие арқылы олардың бойына жақсы қасиеттер дарытуға болатындығына шексіз сенді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, баланы өмірге дайындауда отбасы тәрбиесіне үлкен жауапкершіліктің жүктелетінін көрсетеді. Отбасы – ең қымбатты және жақын адамдар өмір сүретін әлем. Өз отбасыңды жақсы көріп, қорғау қажет, туғандарың мен жақындарыңа көмектесу қажет. Әділдік пен бауырмашылдық, өзара түсінушілік, ата-анаға және туған туыстарға деген сүйіспеншілік пен сыйластық, Отанға және айналадағы қоршаған табиғатқа деген махаббат, адамдарға және еңбекке деген құрмет тағы сол сияқты қасиеттер баланың кішкентай кезінен отбасында, балабақша қабырғасында қаланады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Жарықбаев, Қ. Б.** Ұлттық психологияны оқыту – ұлтшылдық емес. – 2000.
- 2 **Нұрғалиев, Р. Н.** Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 526 с.
- 3 **Мухина, В. С.** Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. – А.: Мектеп, 1986.
- 4 **Аркин, Е. А.** Ребенок в дошкольные годы. – М.: Просвещение, 1968.
- 5 **Леонтьев, А. Н.** Психологическое развитие ребёнка в дошкольном возрасте. – М., 1948.

Материал 26.11.18 баспаға түсті.

А. А. Жумадуллаева¹, У. Р. Рахмет², Б. Алякбар³

Отношения между дошкольниками в семье

^{1,2,3}Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Ясави, г. Туркестан, 161200, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 26.11.18.

A. A. Zhumadillayeva¹, U. R. Rahmet², B. Aliakbar³**Relationships between preschool children in the family**^{1,2,3}A. Yesevi International Kazakh-Turkish University,
Turkistan, 161200, Republic of Kazakhstan.

Material received on 26.11.18.

В статье рассматриваются отношения дошкольников в семье. Изучены работы зарубежных и отечественных исследователей.

Семья – это идея самого ребенка и других и является центром его социальной и духовной культуры. По словам ученых и психологов, как и рождение ребенка, его дошкольный возраст, рост, развитие и личность важны. Особенно важно развитие самосознания в дошкольном детстве, самооценке и отношении к окружающей среде. Именно на этом этапе очень важно влияние семейных отношений на личное развитие ребенка.

Коммуникация – это сложный процесс общения между людьми; познавательную или эмоциональную информацию, опыт, знания, навыки, которыми обмениваются два или более человека.

The article deals with the relationship of preschool children in the family. Studies of foreign and domestic researchers have been studied. The family is the idea of the child and others and is the center of his social and spiritual culture. According to scientists and psychologists, along with the birth of a child, his preschool age, growth, development and personality are important.

It is especially important to develop self-awareness in preschool childhood, self-esteem and attitude to the environment. It is at this stage that the influence of family relations on the child's personal development is very important.

Communication is a complex process of conversation between people; cognitive or emotional information, experience, knowledge, skills, which are exchanged between two or more people.

FTAMP 37.013.43

А. А. Жумадуллаева¹, Д. Абдурахимова²¹п.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., 161200, Республика Қазақстан;²магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., 161200, Республика Қазақстан

e-mail: 'juma033@mail.ru

БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫҢ ЭТНОСТЫҚ-МӘДЕНИ СӘЙКЕСТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мақалада балабақшадағы балалардың этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастырудың маңызы туралы баяндалады.

Этникалық сәйкестілік нақты мағынасында этникалық сана-сезім, төл ерекшелік, белгілі бір топқа қатыстылықты, «басқалардан» өзгешелікті сезіну ретінде ұғынылады. Этникалық сәйкестілік жеке тұлғаға да, әлеуметтік топқа да қолданыла береді.

Баланың жеке басының қалыптасуындағы мектепке дейінгі кезең мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие беру кезеңін қамтиды. Осы кезеңнің өзінде-ақ ата-аналардың, педагогтардың, тәрбиешілердің, психологтардың бірлескен күш-жігері арқылы баланың әлі айқындала қоймаған әлеуметтік сапаларын қалыптастыру мен дамытудағы тәрбиелік мүмкіндікті жұмылдыру үшін оның жеке басының, рухани және дене бітімінің даму ерекшеліктерін, этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастыру қажет.

Кілтті сөздер: адам, отбасы, бала, балабақша, бала тәрбиесі, тәлім-тәрбие, мәдениет, этностық мәдениет.

КІРІСПЕ

Халқымыз ежелден-ақ бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, олардың парасаты мол, мейірімді, ақылды, еңбекшіл болып өсуіне бағыт-бағдар беріп отырған. «Бала балқыған қорғасындай, қандай да қалыпта күйеу болады» делінген халықтың даналық сөздері де осыған байланысты туса керек. Тәуелсіз еліміздің еңсесін өркениетке жетелейтін ұрпақтың тәрбиесі бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. «Ұрпақ тәрбиесі тал бесіктен басталады» – демекші заман ілгері жылжыған, ғылым дамыған сайын бала тәрбиесі күрсақта жатқаннан басталғандығы анықталып отыр. Ендеше үздіксіз

тәлім-тәрбие үдерісінің түп тамыры, өзегі мектепке дейінгі тәрбиеден бастау алатынына ешкімнің де таласы жоқ.

Мектепке дейінгі тәрбие мазмұнын түбегейлі жаңарту мәселесі біздерді озық ғылыми-зерттеулер мен тәжірибелерге, сонау 18-ғасырда өмір сүрген Ф. Фребель, М. Мантессори идеяларынан бастап, әлемдегі ең озық жапон тәжірибелеріне дейінгі аралықтағы еңбектеріне, В. С. Сухомлинскийдің «Қуаныш мектебі», А. С. Макаренконың қағидалары, Ш. Амонашвилидің іс-тәжірибелерінің, Балтық жағалауы ғалымдарының озық ой-пікірлерінің, өткен ғасырда жазықсыз құрбан болған А. Байтұрсынов, Х. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов сияқты қазақ зияларының педагогика-психология саласындағы еңбектеріне терең талдау жасауға жетелеген [1, 58 б.]. Сондай-ақ белгілі гуманист-педагог ғалымдар мен әдіскерлердің психо-педагогикалық ой-пікірлерін және мектепке дейінгі тәрбие жөнінде көп жылдан бері үздіксіз жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне де терең үңілдік. Әсіресе қазақтың этнопедагогика мен этнопсихологиясын басшылыққа ала отырып, келешек «Ұрпақ басты ұстанып қандай болмақ?», «Тәлім-тәрбие беру ісін жаңартудың жолдары қандай?», ол қайдан бастау алмақ? – деген мәселе жайында бар сапалы ғұмырын ұрпақ болашағына арнап келе жатқан ғалымдар, мұғалімдер, тәрбиешілер өз үлестерін қоса отырып, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру үшін жаңа бағдарламалар дайындады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Сонымен қатар елімізде қабылданған «Тіл туралы» заң, оны жүзеге асыру кездері, ана тіліміздің арнасын кеңейту, қажеттілігін арттыру мәселелері төңірінде ауқымды жұмыстар атқарылды. Оның айғағы қазақ балабақшаларының, мектептерінің санын өсіру, қала жағдайында аралас балабақша мен мектептердің қажетсіздігі дәлелденіп, қазақ тілді кадрлардың ғылыми-кәсіптік деңгейін көтеруге күш салынды.

Қазақстанда 80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында қазақ тілінде оқыту мен тәрбиелеуге арналған мектепке дейінгі ұйымдар ашыла бастады. Ұлттық балабақшалардың тәрбиеші-педагогтарына жаңа жағдайларға байланысты жаңа талаптар да ұсынылды [2, 77 б.].

Жоғары жеке бастық мәдениеті бар және өзіндік білім алу дағдысы мен іскерлігімен көрінетін мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі мыналарды білу қажет:

- балабақшаның оқу-тәрбие процесіне ұлттық тәрбиенің негізгі заңдылықтарын, жолдарын, құралдарын, форма мен әдістерін бере алу;
- туған өлке тарихын, ауызекі шығармашылығын, өз халқы мен басқа халықтардың қолөнер кәсібін;

– балалардың халық шығармашылығының әр түрлі жанрларын қабылдау ерекшеліктері, салт-дәстүрлерге қатынасы, баланы мәдениетке, халық өнеріне, салт-дәстүрлеріне үйретудің дәстүрлі әдістемесін;

– ұлттық тәрбиенің қазіргі жағдайы мен даму тенденцияларын, инновациялық жетістіктерін;

– баланы қоршаған этностық-мәдени ортаның жағдайы мен деңгейін талдап оған қорытынды жасай алу;

– ұлттық дәстүрлердің сақталуын, дамуын;

– этностық-мәдени мәселелер бойынша ғылыми-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді, жазбаша және ауызша сөйлеуді, ана тілін білу және басқа халықтардың тілдерін меңгеру;

– этностық-мәдени сәйкестілікті қалыптастыруда ата-аналарға көмек көрсету.

Мектепке дейінгі ұйымдарды педагог-тәрбиешілері жылдық перспективті жоспарды құрастырғанда балаларды қазақ халқының этностық-мәдени ерекшелігіне араластыруда «Елім-ай» республикалық бағдарламасымен жұмыс істеді (авторы профессор М. Х. Балтабаев). Онда келесі жұмыстар есепке алынады:

1 Балалардың қабылдауына жеңіл қазақтың салт-дәстүрлерімен таныстыру: «Наурыз», «Бесікке салу», «Шілдехана», «Тұсау кесу». Педагогтар балалармен жұмысты ұйымдастыра отырып отбасы тәрбиесінің тәжірибесін есепке ала отырып, сабақта өнер, көркем әдебиет, қазақ жазушылары мен ақындарының шығармаларын қолданады.

2 Балаларды ұлттық музыкалық инструменттермен таныстыру (домбыра, қобыз, тұяқ, шаңқобыз); оларда ойнауға үйрету, мерекелерде пайдалану.

3 Балаларды халықтың қолданбалы қолөнерімен таныстыру, моншақ, тиын және т.б. материалдарды пайдалана отырып бұйымдар жасау; ұлттық бұйымдарды қарау; альбомдар даярлау, көрпе, қоржын, кілем, алаша және т.б. жасау.

4 Балаларды үй жануарлары мен олардың төлдерімен таныстыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

5 Қазақтың ұлттық ойыштарымен таныстыру («Көкпар», «Ақ сүйек», «Ақ сандық – көк сандық», «Сақина салу» және т.б.), ойындарды күнделікті өмірде, мерекелерде қолдану.

Басқа ұлтқа деген интернационалдық сезімді тәрбиелеу, олардың мәдениетін, тілін, өнерін, ойындарын білу, үйрену.

Балаларды ұлттық киімдермен, тұрмыстық заттармен, ұлттық ою-өрнектермен таныстыру; ойыншықтар дайындау, ата-аналар мен тәрбиешілермен бірлесіп отырып орындалған көрме ұйымдастыру.

Өз ата-анасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, аты-жөнін, жұмыс орнын, жақын туыстарын білу, үлкендерді сыйлау, өз отбасының дәстүрлерін жақсы білу және т.б.

Педагог-тәрбиешілердің көмегімен қазақтардың тұрмысы мен мәдениетін бейнелейтін топтар ұлттық колоритте безендірілген: киізден кілемдер жасалған, сувенир ретінде сандық, бесік, қоржын, дастархан, көрпе, ағаштан ыдыс-аяқ жасалған. Тұрмыстық заттарды жасап қана қоймай, олардың атаулары мен не үшін пайдаланылатынын әңгімелейді, Мысалы, ересек топтарда «Киіз үй», «Ыдыс-аяқ», «Жиһаздар», «Аяқ киімдер», «Киімдер» атты тақырыптарда сабақ өткізіледі [3, 25 б.].

Халықтың ауызекі шығармашылығында, олардың салт-дәстүрлерінде тәрбие мәселелері айтылады. Наурыз мерекесінде көрсетілетін салт-дәстүрлердің үлкен тәрбиелік мәні бар: балалар «Теңге алу», «Көкпар», «Қазан» т.б. ұлттық ойындарды ойнайды, қазақ халық билерін билейді, қазақ ою-өрнектерін кинодан жарыстар өтеді, тұсау кесу рәсімімен танысады, әр түрлі шаралар өткізіледі.

Халық педагогикасын зерттеудің негізгі қайнар көзі - кітаптар және оны оқу. Педагогтар балаларға ертегілер оқып, оның мазмұнын айтып береді, мақал-мәтелдер жаттайды. Кітаптармен жұмыста әсіресе Ыбырай Алтынсариннің шығармалары оқылады: «Қара батыр», «Асан мен Үсен», «Жеміс ағашы» және т.б. Ересек топ балалары «Алдар Көсе», «Ер Төстік» халық ертегілерін инсценировкалайды.

Педагогтар бейнелеу өнері сабағында халықтың қолданбалы өнерімен таныстыруға ерекше көңіл бөледі. Қазақ ою-өрнектері туралы таныстырғанда педагогтар оның өнерге жататынын айту керек. Халық өз талантын, тәжірибесі мен талғамын кілем, көрпе, ыдыс-аяқ, киімдер, бұйымдар, жиһаздардағы ою-өрнектерге салғанын айту маңызды. Ою-өрнектер адам өміріне, тіршілігіне байланысты пайда болған, адамды қоршап тұрған заттар мен құбылыстар бейнесі көрініс табады: қошқар мүйіз, жапырақ, құс канат, ай, жұлдыз және т.б. Ою-өрнектердің түстерімен таныстырады, олардың түсі, бояуы дала табиғатының түсі екенін айтады.

Педагогтар бейнелеу өнерінің шығармаларымен таныстырғанда халық ән өнерін де ұмытпауы қажет. Халық әндерінде қазақ халқының көркем байлықтары жатыр. Қазақ әндерінде, билерінде адамның ішкі Пнн дүниесі жатыр. Халық әндері - тәрбиенің қайнар көздері. Көптеген әндер айтылғанда билер қолданылады. Балалар «Айгөлек», «Қамажай», «Жайдарман» билерін билейді. Ән сабақтарында балаларды ұлттық музыкалық аспаптармен таныстырады: домбыра, тұяқ, қобыз, сырнай және т.б.

Халық шығармашылығы, өнер еңбек тәрбиесімен өте тығыз байланысты. Еңбек тәрбиесі – халық педагогикасының негізі. Балабақша тәрбиешілері ересек

топ балаларымен көп балалы отбасының кездесуін ұйымдастырады. Көпбалалы отбасынан шыққан балалар өздерінің қолөнерін көрсетеді. Балабақшадағы еңбек тәрбиесін дамытуда педагог-тәрбиешілер қойшы, диқаншының ауыр еңбектері туралы айтады.

Педагогтар ұлттық мазмұндағы сюжетті-рөлдік ойындарға ерекше көңіл бөледі. Сюжетті ойындардағы балалардың мінез-құлқы адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ойындарда қазақ халқының тұрмыс, тіршілігі көрсетіледі. Тәрбие процесінде ойындардың әр түрлері қолданылады: сюжетті-рөлді, дидактикалық, қимыл-қозғалыс. Мысалы, «Жайлауда» ойышында дидактикалық және қимыл-қозғалыс ойындары араласып келеді [4].

Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін сипаттай отырып, отбасы тәрбиесінің міндеттері балабақшадағы тәрбие міндеттерімен шарттасып жататынын білу керек. «Әженің үйінде қонақта» сюжетті-рөлді ойыны қазақтардың қонақжайлылық дәстүрімен таныстырады, балалар өздері көрген отбасы дәстүрлерін айта алады. Тілді оқыту, үйретуге байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қай ұлт болмасын тілді алдымен өзінің анна тілінде шығып, екінші тілді анна тілінің негізінде үйрету керектігі ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Бұл мәселе де мектепке дейінгі тәрбие ісімен айналысатын ғалымдардың қосқан үлесі зор.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік міндетті білім беру стандартының жобасында негізгі идеялар адам, отбасы, Отан болып табылады.

Адам – әлемдегі ең жоғары құндылық. Ол мүмкіндіктер мен қабілеттерге ис табиғаттың ажырамас бөлігі. Әр адам табиғатынан қайталанбас. Басқа адамдарға шыдамды болу керек.

Отбасы – ең қымбатты және жақын адамдар өмір сүретін әлем. Өз отбасынды жақсы көріп, қорғау қажет, туғандарың мен жақындарыңа көмектесу қажет.

Отан – адамның туып өмір сүріп жатқан елі. Отан – ол қала, көше, үй, отбасы, туыстар, достар, балабақша және т.б. Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан – әлемдегі демократиялық мемлекеттердің бірі.

Бұл негізгі идеялар Қазақстанның мектепке дейінгі кезеңге қатысты ұлттық саясаты болып табылады.

Баланың жеке басының қалыптасуындағы мектепке дейінгі кезең мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие беру кезеңін қамтиды. Осы кезеңнің өзінде-ақ ата-аналардың, педагогтардың, тәрбиешілердің, психологтардың бірлескен күш-жігері арқылы баланың әлі айқындала қоймаған әлеуметтік сапаларын қалыптастыру мен дамытудағы тәрбиелік мүмкіндікті жұмылдыру үшін оның

жеке басының, рухани және дене бітімінің даму ерекшеліктерін, этностық-мәдени сәйкестілігін қалыптастыру қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Нысанбаев, А. Н., Тайжанов, А. Т.** Этнокультурные традиции в духовном наследии М. О. Ауэзова. – Алматы, 1997. – 176 с.
- 2 **Поршнев, Б. Ф.** Принципы социально-этнической психологии. – М., 1966. – 126 с.
- 3 **Маженова, Р. Б.** Тәрбиешілерге көмек. – Қарағанды, 2005. – 22 б.
- 4 **Маженова, Р. Б.** Мектепке дейінгілерге этностық-мәдени білім беру бағдарламасы. – Қарағанды, 2005. – 40 б.

Материал 26.11.18 баспаға түсті.

А. А. Жумадуллаева¹, Д. Абдурахимова²

Важность компетенции детской этностической культуры у детей

^{1,2}Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Ясави,
г. Туркестан, 161200, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 26.11.18.

А. А. Zhumadillayeva¹, D. Abdurahimova²

The importance of forming ethnic and cultural identity of children in the kindergarten

^{1,2}A. Yesevi International Kazakh-Turkish University,
Turkistan, 161200, Republic of Kazakhstan.
Material received on 26.11.18.

В статье рассматривается важность формирования этнической и культурной самобытности детей в детском саду.

Этническая идентичность в некотором смысле понимается как этническое сознание, личность, отношение к определенной группе, чувство «другого». Этническая идентичность относится как к отдельным, так и к социальным группам.

Дошкольный период в становлении личности ребенка охватывает период воспитания в дошкольных организациях. Уже на этом этапе с помощью совместных усилий родителей, педагогов, воспитателей, психологов, нужно формировать личностные особенности и особенности физического и духовного развития ребёнка, а так же

этно-культурную идентичность для мобилизации воспитательных возможностей формировать и развивать еще неопределенные личностные и социальные качества ребёнка.

The article deals with the importance of forming ethnic and cultural identity of children in the kindergarten.

Ethnic identity is a sense, understood as ethnic consciousness, personality, attitudes to a particular group, feeling of «other». Ethnic identity applies to both individual and social groups.

The preschool period in the development of the personality of the child covers the period of upbringing in preschool institutions. Already at this stage, with the help of joint efforts of parents, teachers, educators, psychologists, it is necessary to form the personal characteristics and features of the physical and spiritual development of the child, as well as ethno-cultural identity to mobilize educational opportunities to form and develop still uncertain personal and social qualities of the child.

ГРНТИ 14.35.07

С. К. Жумажанов

к.т.н., ст. преподаватель, кафедра «Эксплуатация электрооборудования»,
Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, г. Астана,
010011, Республика Казахстан
e-mail: zhumaser@mail.ru

**ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОМПЕТЕНЦИЙ
ПРИ ОБУЧЕНИИ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ**

Понимание ситуации, в том числе и в образовании, является залогом успеха при развитии общества и государства; что важно в переходный период через который проходит весь мир, здесь важно руководство подходами позволяющими вносить ясность и выстраивать цельную картину для выбора оптимального пути. Нет смысла придумывать новые, никому не известные подходы, для интерпретации текущей ситуации. Важно выделить сам момент и рассмотреть схожее время, когда была аналогичная ситуация и тренды имевшие место в этих моментах. В качестве наглядного примера прекрасно подходит принцип сформулированный Карлом фон Клаузевицем в его военных работах. Принципы его просты и что немаловажно четко отвечают на вопросы формулируемые специалистами в деле подготовки кадров в сфере электроэнергетики.

Ключевые слова: неопределенность, высшая школа, методы обучения, личностное и профессиональное развитие личности.

«Лучшая стратегия – всегда быть сильнейшим; сначала в общем, затем – в определяющих пунктах...»

Нет закона более высокого и более простого, чем необходимость концентрировать свои силы...»

Кратко первый принцип гласит: действуй с предельной концентрацией».

Карл фон Клаузевиц

ВВЕДЕНИЕ

Сегодня вся мировая система высшего образования переживает глубокий кризис [1–3]. Суть кризиса образования в выше приведенных источниках формулируется как определение соотношения развития личностных и

профессиональных качеств обучающегося для достижения оптимально сформулированной личности, способной поддерживать адекватность в современных условиях.

Надо отметить, что используется понятие «адекватности», а не активности в различных сферах деятельности, ибо на сегодня от индивидуума требуется четкое осознание моментов, когда требуется действие, и, когда необходимо «бездействие» или некая «инертность», особенно в случае необходимости осознания чего-либо, или четкого представления о чем-либо, что требует времени.

Общей характеристикой современного состояния в процессе образования является неопределенность во многих сферах, не позволяющая выбрать эффективные мероприятия по преодолению трудностей ситуации. Но, несмотря на это имеется сектор, который менее неизвестен – итоги обучения, компетенции которыми должен обладать обучающийся. Они в общем виде содержатся в [4] и даже более четко были описаны в [5].

Таким образом, видно, что итоговые результаты обучения являются более определенными во всей картине системы обучения в высшей школе. Но, несмотря на это, имеется сложность, связанная с формированием объема компетенций будущего специалиста и особенно учет временных рамок, выделяемое на их достижение [1, 2]. Идеализированный (формальный) подход формируемых компетенций, который имеет место сегодня в [4], сам является источником неопределенностей [1], не говоря уже о внешних условиях.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Современная платформа высшей школы не учитывает умственные характеристики обучающихся, такие как развитие памяти, внимания, быстрого чтения. Ибо без внедрения эффективных способов передачи и усвоения информации обучающимися все усилия, принимаемые в современных условиях – будут тщетными.

Также следует отметить слабую проработанность взаимосвязанности методов обучения и развития навыков (компетенций) у обучающихся. Нет четко принятых, устойчивых схем (шаблонов), а все отдано на откуп (волю) преподавателя, что также во многом вносит неопределенность, хотя ее можно было бы преодолеть, конечно эта группа вопросов решается, но тот факт, что эти мероприятия не структурированы – эффект минимален.

С некоторого времени внесено предложение выделения ВУЗов в отдельно функционирующий субъект (с выдачей диплома собственного образца) [6], это действие представляется весьма сомнительным, так как в этих условиях неизбежно возникновение «перекосов» в образовательных программах и объеме получаемых знаний, что неизбежно создает разрыв на региональном уровне

в Республике Казахстан, которая является государством с унитарной формой устройства государства.

ВЫВОДЫ

1 Необходимо переосмысление задач решаемых в сфере образования высшей школы в рамках неопределенности ситуации и выбор путей эффективного сбора информации для принятия решений.

2 Важно формировать интегральные подходы при организации образовательного процесса – отказ от категории «образование это услуга». В противном случае есть вероятность неминуемого социального разложения.

3 Необходимо четко проработать образовательные программы специальностей, руководствуясь критерием «максимальный отказ от формальных подходов», т.е. четко выделить отдельные задачи (развитие конкретных навыков и компетенций), определить временные рамки достижения каждого в отдельности.

4 Необходимо выработать базовые механизмы с обязательным освоением, направленные на развитие умственных способностей обучающихся, помогающих обработать большие объемы информации.

5 Для гарантированного достижения поставленных результатов обучения, требуется создание комплексных подходов применения способов и методов обучения с применением IT-технологий.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Дьяков, А. Ф., Платонов, В. В.** О компетентности и уровне подготовки бакалавров в области электроэнергетики и электротехники // Энергетик. – 2011. – № 11. – С. 2–9.

2 Обсуждение статьи Дьякова А. Ф., Платонова В. В. «О компетентности и уровне подготовки бакалавров в области электроэнергетики и электротехники» (Энергетик, № 11, 2011) // Энергетик. – 2012. – № 1. – С. 24–27.

3 **Темник, В. В.** Проблемы и перспективы подготовки кадров в негосударственном секторе профессионального образования // Энергетик. – 2008. – № 1. – С. 21–24.

4 Государственный общеобязательный стандарт высшего образования. Утвержден постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080.

5 Атлас новых профессий – Московская школа управления Сколково. – М., 2014. – 165 с.

6 <https://www.zakon.kz/4781197-kazhdyjj-kazakhstanrijj-vuz-teper.html>.

Материал поступил в редакцию 26.11.18.

С. Қ. Жұмажанов

Жоғары мектепте оқу кезінде құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,

Астана қ., 010011, Қазақстан Республикасы.

Материал 26.11.18 баспаға түсті.

S. K. Zhumazhanov

Problems of forming competencies in the high school training

S. Seifullin Kazak Agrotechnical University,

Astana, 010011, Republic of Kazakhstan.

Білім саласындағы жағдайды түсіну – қоғам мен мемлекеттің даму кезінде кепіл болатын шарт; бүкіл әлем өтіп жатқан ауыспалы кезінде қолданатын тәсілдер мен әдістер жағдайды түсінікті түрде болса тиімді жолды міндетті тапқызады. Қазіргі уақытта ағындық жағдайды сипаттайтын ешкім білмейтін жаңа тәсілдерді табу қажеті жоқ. Ең маңызды бұл жағдайды белгілеу және осыған ұқсас уақыт мерзімдерді табу және пайда болған трендтерді анықтау. Өте пайдалы жағдайға болған мысал Карл фон Клаузевиц өзінің әскері жұмыстарда беріген принципі. Оның принциптері қарапайым және біз үшін маңызды себебі мамандыр электр энергетика салада жұмыскерлерді дайындау мәселелері бойынша құрастырған сұрақтарға анық түрде жауап береді.

Understanding the situation, including in education, is the key to success in the development of society and the state; which is important in the transition period through which the whole world passes; it is important to guide the approaches that make it possible to introduce clarity and to build an integral picture for choosing the optimal path. There is no point in inventing new, unknown approaches for interpreting the current situation. It is important to single out the moment itself and consider a similar time when there was a similar situation and the trends that took place in these moments. As an illustrative example, the principle formulated by Carl von Clausewitz in his military works perfectly suits. Its principles are simple and it is important to clearly answer the questions formulated by experts in the matter of training personnel in the electric power industry.

**С. Ж. Ибадуллаева¹, А. М. Русанов², А. А. Нурғалиева³,
Н. С. Ауезова⁴**

¹б.ғ.д., профессор, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы;

²б.ғ.д., профессор, Орынбор мемлекеттік университеті, Орынбор қ., 460018, Ресей Федерациясы;

³биология мамандығының докторанты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы;

⁴б.ғ.к., аға оқытушы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ., 010011, Қазақстан Республикасы
e-mail: 'salt_i@mail.ru

**БОЛАШАҚ БИОЛОГ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӨЗ БЕТІНШЕ
БІЛІМ АЛУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚИТУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДАМУ**

Білім беру мазмұнының жасауы, жеке тұлға, қоғам мен мемлекеттің қажеттілігінің өзгеруі педагогикалық білім беру жүйесіне, бүкіл өмір бойы білімін жетілдіруге дайын, әдіснама мен әдістеменің қажетті деңгейін меңгерген, инновациялық кәсіби қызметке қабілетті жаңа буын мұғалімдерді даярлаудан тұратын әлеуметтік талаптар қояда.

ЖОО мен мектептерге арналған Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес қазіргі заманғы мұғалім-бұл өз пәнін жетік меңгерген, білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастырушы және түзетуші, әрбір білім алушыны оқыту процесіне тарта алатын кәсіби маман. Сонымен бірге жаңа заманғы мұғалім білім алушымен «жақын арадағы даму аймағында» жұмыс істеп, білім алушыға қолдау көрсетуі тиіс.

Кілтті сөздер: мотивация, оқытудың интербелсенді әдістері, бағалау.

КІРІСПЕ

Жаңа заманғы мұғалім оқытудың мақсаттарын жүзеге асыру үшін коммуникация құралдарымен жұмыс жасай алуы, ақпараттық-коммуникациялық

технологияны меңгеруі, яғни ақпараттық-коммуникациялар саласында құзыретті болуы керек [1].

Мұғалімнің кәсіби қызметін жүзеге асыру қолданыстағы көптүрлілік арасынан қажетті әдісті, педагогикалық технологияны, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды, оқыту құралдарын өзбетінше тандай алуымен және қолдануымен тікелей байланысты. Ол үшін мұғалім ұсынылған педагогикалық технологияның теориялық негізін, оқу курсының мазмұнын, оның логикасы мен пәндік ұғымдар қалыптастырудың әдістерін, т.б. өзбетінше талдай алуы керек.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Білім беру жұмысымен бірге қазіргі заманғы мұғалім оқыту процесіне өзгерістер енгізу үшін тәжірибелік-эксперимент жұмысын ұйымдастырып, оны жүргізе алуы тиіс. Қазіргі заманғы мұғалім білім мен мәдениеттің жоғары деңгейін көрсетіп қана қоймай, өз бетінше өз білімін үнемі толықтырып, жетілдіріп отыруы, дербес шығармашылық, зерттеушілік және инновациялық қызметті жүзеге асыра алуы керек. Осылайша, дербестік қазіргі заманғы мұғалімнің негізгі кәсіби қасиеттерінің біріне айналуға [2].

Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сәйкес, болашақ биолог мұғалімдерінің өз бетінше білім алу қабілеттерін интербелсенді оқыту технологиясы арқылы дамыту мүмкіндігін анықтау үшін 2015–2017 жылдары университеттің 5В011300 – «Биология» мамандығы бойынша оқитын 71 студент қатысқан тәжірибелік-эксперимент жұмысы ұйымдастырылды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы үш кезенді қамтыды: анықтаушы кезен, қалыптастырушы кезен және қорытындылаушы кезен.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының анықтаушы кезенінің міндеттері мынадай болды:

- Білім алушылардың өз бетінше білім алуға ынтасын анықтау;
- Студенттердің өз бетінше білім алу қабілетінің деңгейін анықтау.

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін сауалнама, әңгімелесу және тест әдістері қолданылды. Бұл әдістер студенттердің өзбетінше білім алудың маңызын сезінуі, өз бетінше білім алуға жеке жетістік ретінде қарауы, өзбетінше білім алу қабілетінің деңгейлері мен олардың мақсатқа сәйкестігін анықтауға мүмкіндік берді.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге жүргізілген талдау студенттердің өз бетінше білім алу қабілетінің компоненттерін (мотивациялық, іс-әрекеттік және бағалау компоненттері) анықтауға және соның негізінде осы процеспен байланысты критерийлерді анықтауға мүмкіндік берді. Бұл компоненттердің қалыптасқандығының негізгі көрсеткіші студент тұлғасының өз бетінше білім алудың жоғары деңгейіне көтерілуі болып табылады. Сонымен

қатар аталған критерийлерді барынша тиімді тексеруге мүмкіндік беретін әдістемелерді таңдап алдық (1-кесте)

Кесте 1 – Болашақ мұғалімдердің өз бетінше білім алу қабілетін дамыту компоненттері және критерийлері

Өз бетінше білім алу қабілеті компоненттері	Өз бетінше білім алу қабілеті деңгейінің критерийлері
Мотивациялық компонент: біртұтас эмоционалды-тұлғалық аппарат (өз білімін жетілдіруге деген іштей қажеттілік, жеке құндылықтары, эмоционалды-ерік жігері, жалпы ақыл-ой қабілеті).	Мотивациялық-құндылықтық критерий: өз бетінше білім алудың маңызы мен құндылығын сезіну, өз бетінше білім алуға деген оң көзқарас
Іс-әрекеттік компонент: ақпараттың негізгі көздерімен (библиографиялық жүйе, автоматтандырылған ақпараттық-іздеу құралдары, қосымша көздер) жұмыс жасай алу білігі мен дағдысы, көп ақпаратпен жұмыс жасай алу икемі, көп ақпараттың ішінен бастысын таба алуы.	Операциялық-практикалық критерий: ақпараттың түрлі көздерімен жұмыс жасай алу арқылы білім игеру икемі, өзін ұйымдастыру мен өзін реттеу.
Бағалау компоненті: өз бетінше білімін талдау мен баға беру, өз жетістіктерін бағалау.	Бағалау-бақылау критерийі: өз іс-әрекетін нақты бағалай алу

Студенттердің өз бетінше білім алу қабілетінің деңгейлерін жоғары, орташа, төменгі деңгейлер деп бөлдік.

Жоғары деңгей: студент өз бетінше білім алудың қажеттілігін терең түсінеді, сонымен бірге алдына мақсат қойып, оны кәсіби міндеттерді шешуде нақтылай алады және оны шешудің тиімді жолдарын анықтай алады; өз бетінше білім алу процесінде түрлі ақпарат көздерін тиімді пайдалана алады және өз бетінше білім алу процесін басқара алады.

Орташа деңгей: студент өз бетінше білім алуды жеке және кәсіби қызығушылықтарымен байланыстыра алады; өз бетінше білім алу процесінде түрлі ақпарат көздерін тиімді пайдалана алады және өз бетінше білім алу процесін ұйымдастыра алады, кей жағдайда оқытушы көмегіне сүйенеді.

Төменгі деңгей: өз бетінше білім алуға ынтасы төмен, оның қажеттілігін сезінбейді; өз бетінше ақпарат іздей алғанымен оны өңдеу тәсілдерін білмейді, оқытушының үнемі бақылауы мен көтермелеуін қажет етеді.


Сауалнама жауаптарын талдау сауалнамаға қатысқан 63 студент (88,7 %) өз бетінше жұмыс өз бетінше білім игеруге мүмкіндік береді деп есептейтіндігін көрсетті. «Сіз өз бетінше білім алуға көңіл бөлесіз ба?» деген сұраққа қатысушылардың 42-сі (59,1 %) оң жауап берген. Пәндер бойынша өзіндік жұмыстардың ұйымдастырылуын 43 студент (60,5 %) жақсы деңгейде деп бағаласа, 17 студент (23,9 %) қанағаттанарлық, 11 студент (15,4 %) өте

жақсы деп бағалайды екен. Өзіндік жұмыс орындау студенттердің білімді тереңдету және толықтыруға мүмкіндік береді деп 37 студент (52,6 %) және дербестік таныту мүмкіндігін 19 студент бағаласа (26,7 %), 15 студент (21,1 %) баға үшін оқитындықтарын жасырмады. Студенттердің өз бетілік жұмыстарының арасында 18 студентті (25,3 %) шығармалық тапсырмалар, 23 студентті (32,3 %) қосымша мәліметтермен жұмыс қызықтырады, ал рефераттар мен баяндамалар, презентациялар даярлауды 24 студент (33,8 %) таңдады, сонымен бірге қатысушылардың 8,4%-ы (6 студент) басқа пікірлер деп жауап беріп, оған ғылыми жұмыспен шұғылдануды жатқызған. Өзіндік жұмысты ұйымдастырудағы оқытушының рөлін бағалауда 20 білім алушы (28,1 %) СӨЖ орындау барысында кеңес беру деп есептесе, 39 студент (54,9 %) оқытушының рөлі жасалынған өзіндік жұмысты түзету, тексеру және бағалау деп, ал 12 студент (16,9%) тапсырманы түсіндіру деп есептейді. Осы жерде студенттердің өз бетінше білім алуын ұйымдастыруда оқытушының рөлі жоқ деген жауапты ешкім таңдаған жоқ. Студенттердің өз бетінше білім алуын ұйымдастыруда нені өзгерту керек деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 18-і (25,3 %) шығармашылық тапсырмаларды көбейтіп, түрлендіру керек деп, 36 студент (50,7%) жеке тапсырмалардың санын көбейту деп, 5 студент (7 %) өзіндік жұмыстың көлемін азайту деп таңдаса, 12 студент (16,9 %) басқа жауап нұсқасын таңдап, оған өзіндік жұмысты ойын түрінде ұйымдастыру деп жауап берген.

Болашақ биолог мұғалімдердің өз бетінше білім алудағы іс-әрекет компонентін анықтау үшін студенттермен әңгімелесу жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша білім алушылардың ақпаратпен өз бетінше жұмыс жасау деңгейі орташа деген қорытындыға келдік.

Студенттердің өз бетінше білім алу қабілетін бағалау компоненті Н. П. Лукашевичтің «Өз бетінше білім алу мен өзін-өзі дамыту қабілетін өзіндік бағалау» тестін қолдандық (қосымша 3). Тест нәтижесін талдау оған қатысқан студенттердің 15-сы (21,1 %) жоғары деңгейді, 34-і орташа деңгейді (47,8 %), 22-сі төменгі деңгейді (30,9 %) көрсетті.

Болашақ мұғалімдердің өз бетінше білім алу қабілетінің даму деңгейін анықтау эксперименті барысында алынған орташа сандық көрсеткіштер 1-суретте келтірілген.



Сурет 1 – Анықтау экспериментінің сандық көрсеткіштері

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының анықтаушы кезеңіндегі студенттердің өз бетінше білім алу қабілеті деңгейлерінің сандық-сапалық көрсеткіштері келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

Мотивациялық компонент: студенттердің өз бетінше білім алуға ынтасы, мотиві негізінен жүйесіз, студент өз бетінше білім алудағы жеке қажеттілігін әлеуметтік қызығушылықтармен байланыстырмайды; өз бетінше білім алудың қажеттілігін толық сезіне қоймаған.

Іс-әрекеттік компонент: ақпарат көздерімен жұмыс жасау икемі жүйесіз; өз бетінше білім алу дағдысы толық қалыптаспаған.

Бағалау компоненті: өзін лайықты бағаламау, өзіндік білім алу дағдыларын талдау толық қалыптаспаған.

Алынған мәліметтер студенттердің өз бетінше білім игеру қабілетінің деңгейлері орташа екендігін көрсетеді. Біздің ойымызша студенттер өз бетілік жұмыстар ұйымдастыруда өздерінің мүмкіндіктерін нақты бағалай алмайды, өз бетінше білім алуға мүмкіндік беретін білім, білік, дағдыны толық игермеген. Бұл осы бағыттағы жұмысты жандандыру қажет екендігін көрсетеді.

Болашақ мұғалімдердің өз бетінше білім алуын интербелсенді оқыту арқылы дамыту үшін Биологияны оқыту әдістемесі пәнін оқыту процесінде оқытушы мен студент субъекті ретінде қарастырылады. Оқытушы студентпен бірлесіп жұмыс істеу барысында оның білім деңгейінің жоғарлауына, дара тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Бұл ынтымақтастық негізінде кері байланыс орнап, белгілі бір оқу әрекетінің белсенді түрі жетіліп, оның нәтижесі бақылау мен өзіндік бақылау арқылы бекітіледі.

Болашақ мұғалімдердің Биологияны оқыту әдістемесі пәні бойынша өз бетінше білім алуын оқытушы мен студенттің бірлескен ынтымақтастығы негізінде қарастырдық, ол төмендегі компоненттерден тұрады:

Мазмұндық компонент Биологияны оқыту әдістемесі пәнінде өзіндік жұмысты ұйымдастыру мазмұнын анықтайды. Мұның негізгі мақсаты

студенттердің интербелсенді оқыту жүйесі жағдайында өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемелік жүйесін құру. Мазмұндық компонентте студенттерге берілетін өзіндік жұмыстардың көлемі, орындалу уақыты, орындалу жолы көрсетіледі.

Мазмұндық компонент бойынша ұйымдастырылатын өзіндік жұмыс негізінде студенттің тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік туады. Мазмұндық компонентте ең алдымен студенттердің өзіндік жұмысының тақырыбы, жоспары, қолданатын әдіс түрі анықталып, құрылып, орындалу кестесі түзіледі. Өзіндік жұмыс кестесі студенттерге арналған оқу-әдістемелік кешен силлабуста беріледі.

Процессуальды-әрекеттік компонент оқытушының оқыту іс-әрекеті мен студенттің танымдық әрекетінің бірлесуінен тұрады. Оқытушының педагогикалық іс-әрекеті жоғары оқу орнының педагогикалық процесінде оқытуға, студенттің дара тұлға ретінде қалыптасуына, шығармашылық деңгейінің дамуына тиімді жағдай туғызуға бағытталады.

Оқытушы қатысуымен жүргізілетін СӨЖ кезінде түрлі белсенді әдістер қолданыла отырып, студенттердің өзіндік жұмыстары ұйымдастырылады.

Білімді бақылау, бағалаушы компонент. Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында студенттердің өзіндік жұмысын орындаудың жеке траекториясы белгіленеді. Ол траекторияның жүзеге асуы рейтингті бақылау жүйесінің бағдарламалық қамтылуына, білімді бақылауға арналған тест тапсырмаларының жеткілікті мөлшерде жиынтығы болуына, электрондық оқытушы-тексеруші бағдарламалардың болуына және оқытушы тарапынан көмек пен бақылаудың ұйымдастырылуына тікелей байланысты.

Жоғарыдағы компоненттерді негізге ала отырып Биологияны оқыту әдістемесі пәнінің СОӨЖ және СӨЖ сабақтарын ұйымдастыру үшін интербелсенді оқыту технологиясына негізделген сабақтар әдістемесін құрастырдық. Алдымен мазмұндық компонентке сәйкес оқу-жұмыс бағдарламасы бойынша СОӨЖ тақырыптарын таңдап, оларды өткізудің әдістемесін таңдадық (2-кесте). Бұл жағдайда оқытушы тек үлестірмелі материалдар даярлап, негізгі ақпаратты білім алушылар өздері оқулықтардан, баспасөз материалдарынан, мектеп мұғалімдерінің тәжірибелерінен жинақтады. Оқытушы тек кеңес беруші, бағыттаушы және бағалаушы рөлінде болып, студенттер жаңа білімді өздері игерді.

Кесте 2 – Биологияны оқыту әдістемесі пәні бойынша СОӨЖ өткізу жоспары

№	СОӨЖ тақырыбы	Тапсырма	Өткізу әдісі
1	Орта мектепте биология пәнін оқыту	1 Орта білім стандарты, биология пәні бойынша оқу бағдарламалары 2 Орта мектептегі биологиялық циклдегі пәндер жүйесі	ми шабуылы
2	Биологияны оқыту әдістемесінің қысқаша даму тарихы	– Биологияны оқыту әдістемесінің пайда болуы – Мектеп жаратылыстануы және оның әдістемесінің басталуы – Мектеп жаратылыстануы әдістемесінің XIX ғасырда дамуы – Биологияны оқыту әдістемесінің XX ғасырда дамуы – БОӘ-нің Қазақстанда дамуы	топтық жұмыс
3	Биология пәнін оқыту барысында берілетін тәрбие	Мектептегі биология курсы және тәрбие Дүниетанымды қалыптас-тырушы тәрбие Адамгершілік тәрбиесі, эстетикалық тәрбие және биоэтика Экологиялық және патриоттық тәрбие Дене тәрбиесі, гигиена және салауаттылық	тренинг
4	Биолог ұстаз және тәрбиеші	Биология пәні мұғалімінің тұлғасы Ұстаздық құпия Алғашқы биология сабағы және оны өткізу	кейс стади
5	Биологияны оқыту әдістері	Жекелеген оқыту әдістері, оларға сипаттама Оқытудың сөздік әдісі, оның түрлері Оқытудың көрнекілік және практикалық әдістері Биологияны оқытудағы мультимедиялық әдістер	топтық жұмыс
6	Сабақ- оқытудың негізгі формасы	Биологияны оқыту формалары жүйелеріне сипаттама Биология сабақтарында оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру түрлері Сабақтың типтері. Сабақтың құрылымы Мұғалімнің сабаққа дайындығы	топтық жұмыс
7	Қазіргі биология сабақтарына қойылатын талаптар	Сабаққа қойылатын жалпыдидактикалық және әдістемелік талаптар Сабақ талдау үлгілері және өзінің сабағын талдау	пікірталас
8	Дәстүрлі емес сабақтар өткізу методикасы	Іскерлік ойын сабақтары Конференция және баспасөз-конференция сабақтары Саяхат сабағы Жарыс сабақтар	рөлдік ойын

9	Дәстүрлі емес сабақтар өткізу методикасы	1 Спектакль және сот сабақтары 2 Аукцион сабақ 3 Сабақта ойын элементтерін қолдану	кейс стади
10	О қ ы т у д ы ң ж а ң а технологиялары	Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Оқытудың ақпараттық технологиясы	пікірталас
11	О қ ы т у д ы ң ж а ң а технологиялары	1 Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы 2 Ынтымақтастық технологиясы 3 Проблемалық оқыту техно-логиясы	топтық жұмыс
12	Биологиядан сабақтан және сыныптан тыс жұмыстар	1 Сабақтан тыс жұмыстар және оның маңызы 2 Сыныптан тыс жұмыстардың маңызы, формалары мен түрлері 3 Білім алушылардың үй тапсырмасы	жобалар әдісі
13	Биологиялық апталықтар мен кештер өткізу	1 Биологиялық апталық ұйымдастыру, маңызы, өткізілетін іс-шаралары 2 Биологиялық кештер ұйымдастыру	кейс стади

переломными как для его психологического, так и для физического состояния. Зачастую, под воздействием сильного эмоционального возбуждения, подростки склонны совершить нанесение тяжелых физических травм, как для сверстников, так и для себя, результатом которого может быть уход из жизни.

В истории психологии существуют разные тенденции относительно теоретической части в вопросах агрессии, о ее сущности, и об истоках зарождения. Относительно данного вопроса, Зигмунд Фрейд, полагал, что агрессия берет свое начало во врожденном и направленном на собственного носителя инстинкте смерти; по сути дела, агрессия – это тот же самый инстинкт, только спроецированный вдвойне и нацеленный на внешние объекты. И это понимание агрессии по Фрейду нашло свою поддержку у известных критиков психоанализа. Среди наиболее популярных теорий агрессии можно выделить следующие: теория влечений З. Фрейда, фрустрационная теория Д. Долларда и Дж. Миллера, теория социального научения А. Бандуры, теория катарсиса и теория пускового раздражителя Л. Берковитца. Л. Берковитц, отказавшись от утверждения, что причиной агрессии является фрустрация, вводит две промежуточные величины: гнев (как побуждающий компонент); пусковые раздражители (ключевые признаки, которые вызывают и запускают агрессию). Л. Берковитц модифицировал свою теорию, указав, что пусковой раздражитель не является обязательным условием перехода от гнева к агрессии. Ученый допустил, что появление соответствующего (адекватного) агрессии ключевого раздражителя может увеличить интенсивность агрессивного действия. Если рядом находится оружие, то агрессивность человека будет увеличиваться, но только при условии актуализации его агрессивной мотивации. В случае отсутствия агрессивной мотивации (или гнева) ключевые раздражители не вызывают агрессию [4].

Если рассматривать в целом понятие подростковой агрессии и конфликтности, то она может быть, как вербальной, так и физической. Конфликтность в поведении подростка оказывается источником всех душевных расстройств и переживаний их близких и родных им людей, которые, к сожалению, не могут найти истинных причин и соответственно путей их решения и затем плавно приобретают различные формы агрессии. Одним словом, усиливается темная сторона поведения личности, которая раз за разом выходит из-под контроля, нарушая общепринятые нормы поведения. Случаи убийств, жестокого обращения, насилия и войн действуют разрушающе на психику подростка, что в будущем может стать угрозой, как для психики подростка, так и общества в целом. Все негативные моменты нашей жизни не могут не признать, что агрессия, насилие и конфликт являются разрушающими факторами всего человечества.

Эти два понятия как конфликтность и агрессивность, дают нам полное основание думать о том, что это проявление в основном присуще детям, которым не хватает элементарной родительской любви и опеки. Отсутствие тепла, понимания со стороны окружающих, близких и сверстников, также может быть и признаком психического заболевания. Порою, такого рода проявления внутренней агрессии, направленной на самого себя может привести к разрушительным последствиям [5]. Вербальная агрессия может проявляться в неадекватной речи подростка в виде нецензурной брани, ругательских слов и словесных нападок. А физическая агрессия рассматривает такие формы ее проявления, как портить вещи, ломать или разрушать что-либо. Зачастую, подростковая агрессия бывает направлена на саму себя, и называется как аутоагрессия или самоагрессия.

Подростковый возраст, это тот возраст, когда подростку свойственно совершать любые рискованные и необдуманные поступки, порой не всегда взвешенные в своей правоте и импульсивные желания могут победить здравый смысл. И конфликтность в данном случае, является главным и основным оружием, которая может стать самоцелью подростка. Родительские наказания также могут быть толчком к зарождению конфликтов. В нашей повседневной жизни бытует мнение о том, что родители могут быть примером агрессивности и конфликтности для подростков. Семьи, где регулярно происходят агрессивные и конфликтные формы, становятся своеобразной площадкой к зарождению стереотипа агрессивного поведения. Скандальные родители не всегда придерживаются элементарных норм поведения о том, что зло может породить зло, что и является, в сущности, основой для проявления новых форм и актов агрессии. Также побудителем проявления подростковой агрессии является и влияние алкоголя, никотина и наркотических препаратов на проявление форм агрессии у подростка.

К сожалению, угнетающее социальное неравенство, присущее нашему обществу разрушительно влияет на психику подростка, нанося при этом серьезные для него душевные раны. Как уже отмечалось выше, с наступлением подросткового возраста идет перестройка взаимоотношений подростков со своими родителями, то есть фаза перехода из детства во взрослость, это момент, когда ребенок хочет перейти от своей когда-то детской зависимости к самостоятельным действиям, основанным на взаимоуважении и взаимодоверии. К сожалению, не всегда моменты взаимоуважения и взаимодоверия могут оправдать результаты во взаимоотношениях с подростком. Для подростка переходный момент сопряжен, прежде всего, с гормональными изменениями, влекущими за собой телесные изменения, неосознанное половое влечение, а также психоэмоциональные сдвиги.

Есть еще один момент, завершение детства для подростка с переходом в мир взрослых связан с развитием в сознании ребенка рефлектирующего мышления в рассудочной форме. Именно это состояние создает предпосылки в сознании подростка для зарождения противоречий в его личной жизни. Рассудочная, т.е. формальная жесткая логика владеет умом подростка. Именно так: не он владеет этой логикой, но она возникает в его сознании как некая принудительная сила. К сожалению, подростковый возраст, ознаменован критичным однозначным ответом, которые он желает получать по мере их возникновения. Подросток в основном, не приемлет компромиссных вариантов ответов и требует однозначного ответа, что не всегда его радует и заставляет его сознание сеять зерна агрессии против всех и вся. Это можно назвать проявлением юношеского максимализма.

К сожалению, подростки крайне критично относятся к происходящим вокруг него изменениям, порою заставляя жертвовать дружбой, создает противоречивые отношения к близким и родным. В данном случае, противоречивость взглядов и реальности истинных человеческих отношений никак не может уложиться в рамки его личных суждений, и затем, он пытается отвергать любые варианты, не соответствующие его логике суждений, так как именно критичная и жесткая логика является для него ведущей силой его сознания.

Несмотря на то, что, взрослея, ребенок-подросток хочет быть похожим на взрослого, он недостаточно имеет опыт самой взрослости, и в глубине сознания он остается все еще ребенком. Подростковая агрессия берет начало с того момента, когда подросток начинает восставать против лжи и лицемерия, господства и верховенства над ним, момента, когда взрослые вторгаются в его личную и частную границу [6]. Зачастую, взрослые, не считая необходимым извиниться перед подростком и от нежелания понять его, создают предпосылки к зарождению агрессии и агрессивности в сознании подростка.

Дети учатся проявлению агрессии в разных формах, начиная с вербальной, и до физической, как посредством прямых подкреплений, так и процессом наблюдения агрессивных действий. Подростки копируют один в один поведение своих родителей, пытаясь их воспроизвести на младших братьях или сверстниках. То, что регулярно видится ими в лице их родителей, то и воспроизводится ими в реальности в минуты их агрессии. Подростки на самом деле, хорошие копиисты, четко и ясно выражают всю тактику взрослой агрессии, и иногда это перерастает в их забаву. Повзрослев, многие бывшие когда-то подростки один в один повторяют то отношение противоположному полу, что было когда-то в их семье и таким образом разрешают свои конфликты.

Похожие тенденции наблюдаются и внутри самой личности (принцип спирали). Достоверно установлено, что жестокое обращение с ребенком в семье не только повышает агрессивность его поведения в отношении со сверстниками, но и способствует развитию склонности к насилию в более зрелом возрасте, превращая физическую агрессию в жизненный стиль личности.

Как бы там ни было, многие ученые едины во мнении о том, что основным источником зарождения агрессии в подростковой среде являются средства массовой информации, которые зачастую несут негативную информацию для восприятия подростками. К примеру, мы можем взять боевики-блокбастеры, сцены перестрелки, убийства, насилия, жестокого обращения с животными, с природой, с людьми и так далее. К сожалению, еще не до конца изучена сила влияния средств массовой информации на сознание подрастающего поколения, да и всего общества в целом.

Средства массовой информации не только передают информацию о ситуации в стране и в мире, но также являются психологическим проводником, несущим как негативную, так и положительную информацию, которая по-разному влияет на эмоциональное самочувствие всего населения. В особенности, телевидение, которое имеет особенность наглядно демонстрировать как положительные сцены, так и сцены насилия, жестокости и агрессии, что, безусловно, воспринимается некоторыми подростками, склонными к проявлению агрессии, в виде ярчайшего примера для подражания.

По этому поводу Р. Бэрн и Д. Ричардсон делали свои эксперименты о влиянии сцен насилия и агрессии на склонность к агрессивному поведению подростков. Их результаты оказались достаточно убедительными. Также на уровень агрессивности поведения подростков оказывает воздействие уровень агрессивности учителя, влияющий на психоэмоциональное состояние всего класса. Зачастую учителя агрессивно настроенные против одного или нескольких подростков определенного класса, в котором он преподает, вымещают всю свою злость на всех учащих, тем самым пытаясь держать ситуацию под контролем методом эмоционального давления. Многие преподаватели пытаются тем самым вызвать состояние фрустрации, то есть эмоциональной тревожности перед учителем, применяя при этом различные формы и приемы эмоционального давления. При этом учителя прекрасно понимают, что в данной сложившейся ситуации, учитель имеет больше шансов превалировать над учеником ввиду своего авторитета и зачастую, пользуясь этими показателями, он использует свою агрессию против подростков. Агрессия учителя, это сам по себе феномен, который не изучен ни нашей, ни зарубежной наукой [7]. К сожалению, агрессия учителя и учеников существует ровно столько, сколько существует сама система образования.

К сожалению, многие факты случаев непонимания со стороны учителей с подростками, которые приводят к физическим расправам учителя над подростком или публичным унижениям, тем самым, оскорбляя человеческое достоинство подрастающего юноши или девушки, являются для нас привычными новостями, которые имеют место быть. Ученые назвали этот момент проявления конфликтности учителя в отношении к подросткам проявлением педагогической деформации, то есть педагогической агрессии. В основном, она имеет речевой (вербальный) характер, так как именно посредством слов можно выразить больше всего эмоций, как негативных, так и положительных. Агрессия не может являться формой поведения, это, скорее всего, действие в тот или иной момент ее пробуждения. Вербальная агрессия рассматривается учеными как социально-психологическое явление и является одной из самых насущных и актуальных проблем современного общества.

Если провести параллель с не так давним прошлым, значительно возросло количество тяжких преступлений, совершаемых подростками и, к сожалению, не всегда подростки признают свою всю тяжесть вины перед происшедшим. Наше общество является свидетелем существенного изменения моральных и нравственных устоев нашего общества, и формы агрессии оставляют определенный след в расслоении населения по многим признакам, как материальным, так и по нравственным. В основном своем, противоречия, сложившиеся на фоне таких изменений в обществе и создает предпосылки к зарождению межгрупповых и межличностных конфликтов со всеми формами проявления агрессии, и, к сожалению, не только в подростковой среде. Если рассматривать историю агрессивности как таковой, то теоретически она недостаточно изучена не только нашими педагогами-психологами, но и зарубежными.

ВЫВОДЫ

Тема агрессии многогранна, сложна, и, следовательно, ученым не удалось найти единого решения для решения столь важной человеческой проблемы. Ученые, рассматривая агрессию и природу ее возникновения, столкнулись с рядом аспектов, как биологических, так и социальных детерминант форм агрессии или агрессивности. В основе агрессивности, конфликтности и агрессии закреплены также и половозрастные, и индивидуальные особенности. Вопросы, связанные с человеческой агрессивностью, затрагиваются во многих психологических исследованиях.

К сожалению, агрессия или агрессивность, имеют тенденцию глубоко укорениться в сознании подрастающего поколения, в их личностной структуре, и в качестве модели поведения. Агрессия может устраивать их, и невозможно в

данном случае очень скоро и быстро попытаться найти компромиссное решение, которое могло бы удовлетворять как взрослых, так и подростков в их совместном общении. Безусловно, нельзя сказать и о том, что агрессия, как одна из форм поведения, может порождать только агрессивные отношения, и отношения будут выстраиваться в рамках не «добро побеждает зло, а зло порождает зло».

Наличие чрезвычайно высокой концентрации агрессии в обществе и отсутствие однозначного и адекватного научного определения этого сложного феномена делают проблему исследования агрессивности одной из наиболее актуальных проблем современного мира, важной теоретической и практической задачей.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Бэрн, Р.** Агрессия : учебное пособие / Р. Бэрн. – СПб. : Питер, 2003. – 464 с.
- 2 **Фромм, Э.** Анатомия человеческой деструктивности. – М., 1994.
- 3 **Прихожан, А. Н.** Причины и профилактика и преодоление тревожности // Психологическая наука и образования. – 1998. – № 2.
- 4 **Берковитц, Л.** Агрессия. Причины, последствия и контроль / Л. Берковитц. – М., 2002. – 243 с
- 5 **Еркінбекова, М. А., Саметова, Ф. Т.** Конфликтология (жоғары оқу орындары білімгерлеріне арналған оқулық) – Алматы, 2015. – 223 б.
- 6 **Лоренц, К.** Агрессия – М. : Наука, 1994. – 361 с.
- 7 **Баярд, Р., Баярд, Д.** Волнение беспокойного подростка – М., 1978.

Материал поступил в редакцию 26.11.18.

Ф. Т. Саметова

Жасөспірімдер агрессиясы мен жанжал мәселелері және олардың қазіргі қоғамдағы көрінісі

Қайнар академиясы,
Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы.
Материал 26.11.18 баспаға түсті.

F. T. Sametova

Problems of juvenile aggression and conflict and their manifestation in modern society

Kainar Academy,
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 26.11.18.

Тақырыптың көкейкестілігі қоғамдағы соңғы жылдарда болып жатқан әлеуметтік өзгерістермен анықталған. Бұл өзгерістер тек қана қоғамның демократияландыруына, тұлғаның азаматтық белсенділігінің арттыруына әкелмей, сонымен қатар, шиеленіскен проблемаларды туындатты; оның ішінде агрессия, қақтығыс, тұлғааралық қатынастарда өзара түсініспеушіліктерге әкеп соқтырды.

Осындай жағымсыз әлеуметтік көріністер әдеттегі қарым-қатынастарды бұзып, қоғам жұртшылығын алаңдатады. Сондықтан да балалардың агрессиясы, оның өмірдегі көрінісі қазіргі заманғы педагогикалық өзекті мәселе болып тұр.

Соңғы кездері ғылыми тұрғыдан бұл мәселе көптеген ғалымдарды қызықтырды. Ғалымдар түрлі агрессивті мінез-құлықтың бағыттарын анықтап, оның психологиялық механизмдерін анықтауға байланысты әртүрлі тәсілдер ұсынады.

The relevance of the topic is determined by social changes in our society. These social changes have led not only to the democratization of society and increased civic activity of the individual, but also increased negative manifestations of acute problems. There is a lot of aggression, conflict and tension among people in the society.

Such social phenomena, connected with the concepts of aggression and aggressiveness, cause serious concern. That is why the study of the aggressiveness of children is one of the urgent problems of modern pedagogical science. In recent years, scientific interest in the problems of child aggression has increased substantially. Scientists offer various approaches to determining the nature of aggressive behavior, its psychological mechanisms.

FTAMP 14.01.01

A. C. Сармантаев¹, П. З. Ишанов²

¹п.ғ.м., докторант, Педагогикалық факультеті, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., 100028, Қазақстан Республикасы

²п.ғ.к., философия докторы Ph.D, профессор, Педагогикалық факультеті, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., 100028, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹Passat-748@mail.ru; ²ishanov65@mail.ru

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСІНДЕ ОЙЫН ӘДІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУЫ

Мақалада мектептегі бастауыш сынып оқушыларымен қозғалмалы ойындарды ұйымдастырып, өткізудің ерекшеліктері туралы баяндалады. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларына дене шынықтыру сабақтарында қызықты және оңай орындалатын тапсырмалары арқылы оқушыларға қажетті дағдысын қалыптастырудың түрлі тәсілдері беріледі. Оқушылардың дене шынықтыру сабақтарына жылдам үйренуі, жаңа оқыту әрекетін игеруі және оқу жаттығуларының оқыту үрдісінде маңызды рольге ие екендігі мен оқу әдістемелері айтылады. Оқушының сабаққа деген ынтасын, қиындарлығын арттыру үшін әртүрлі оқыту әдістемелерін қолдана білуі қажет екендігін барынша түсіндіруге талпыныс жасалады. Ойын әдісі, қимыл қозғалысымен айналысатын адамға толық терең эмоционалдық қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ол балалардың қимыл қозғалыс жаттығуларымен айналысуларына жағымды эмоционалды қанағаттану сезімін тудырады. Сондай-ақ сабақтарда түрлі қозғалмалы ойындарға үлкен мән беріп, әртүрлі қызықты да әсерлерлі әдістемелерді қолданудың негіздері туралы айтылады.

Кілтті сөздер: Оқушылар, дене шынықтыру, қозғалмалы ойындар, сабақ, мектеп, денсаулық, сынып.

КІРІСПЕ

Елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты оқу-тәрбие процесін ұлттық сипатта ұйымдастыру-өмір талабы. Әр халықтың ұлттық-тарихи дәстүрі, оның азаматтық білім берудегі мәдениеті мен дидактикалық білімі осы оқу-тәрбие процесіне тікелей

байланысты. Сондықтан, біз білім беру жүйесінің көкейтесті мәселелері деп, біріншіден – ұлт, екіншіден – тәрбие мәселесіне тоқталамыз.

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді» – деген екен бабаларымыз. Этностың өз ішіндегі ала-құлалық ұлттың, мемлекеттіліктің болашағына қатер туғызбай қоймайды. Алғашқыда ұлттық тұтастықтан, сонсоң мемлекетінен айрылудың әкелер қасіретін – бек ұлдардың құл болатынын, пәк қыздардың күң болатынын осыдан XIII ғасыр бұрын Күлтегін тасына қашап жазған байырғы түркілердің даналығынан көруге болады. Кенестік жылдары Күлтегіндей дананың айтқаны басымыздан өткені рас қой.

Ендеше Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың: «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарихтың толқынында өзінің ұлттық «МЕН» дегізгерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр... Бірақ бұл мүмкіндік қана: ол шындыққа, тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет», - деп жазуында өмірлік мәні бар шындық жатыр» [1].

Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлаумен бала бойында үнемі үйретілетін ізеттілік, қайырымдылық, әдептілік, елін-жерін сүюшілік асыл қасиеттері салт-дәстүрден бастау алатыны белгілі. [2]

Қазақ халқының рухани көсемі, қазақ тіл білімінің атасы, мемлекет және саяси қайраткері, халқымыздың ұлы реформаторы Ахмет Байтұрсынов: «Атадан балаға мирас болып екі-ақ нәрсе қалады: Ең біріншісі бай тіл, екіншісі байтақ жер»-деген екен. [3]

Қазіргі жағдайда өскелең ұрпақты оқыту және тәрбиелеуде педагогикалық ғылымның рөлі өсуде. Бүгінгі әлемдік аренаға жеткен ғылыми педагогика халықтық педагогикадан бастау алып, оны өзінің ғылыми-зерттеу нысанына айналдырды. Халық педагогикасының бағыттары: адамгершілік, ізгілік, елін, жерін, ұлт мәдениетін сүюшілік, еңбекті, ұлттық өнер мен ұлттық ойындардың құндылығын бағалай білу сияқты ұлттық санаға құрылған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ халқының көптеген ойындарының арасында денсаулықты, арттырып дене қызметінде оның қимыл қозғалыс әдеттерінің дұрыс қалыптасуына ықпал ететін ойындар көп. Ұлт ойындары ата-бабаларымыздың ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, артына қалдырған мұрасы. Бүгінгі мен болашақ ұрпақтарымыздың сол мұраны үйрене отырып, халқымыздың психологиялық болмысына көз жүгіртіп, дәстүрлер жалғасын байланыстырады деген сенімдеміз.

Жалпы ойын жөнінде айтатын болсақ, бұл қай халықтың болсын көңілін көтеретін, көзін күлімдетіп, бойын шаттандыратын, сергітетін, уайым-қайғыдан қашықтататын адамның бір ғажайып қасиетті, іс-әрекеті деуге болады.

Ойынның ойналатын жері де, шыққан тегі де халықтың той-думаны, сонда дүниеге келіп, халық өз игілігіне жаратты. Ойын-халықтың алғашқы мәдениеті, ой еңбегінің жемісі, дүние танымының айнасы деп тұжырымдауға болады.

Қазақ халқының әдеби мұраларын алып қарасақ, онда үнемі ұлттық ойындардың, әдеп-ғұрып салттардың алуан түрлерін кездестіреміз.

Батыр да, халық қайраткері де, шешен де, акын да, ойын арқылы шынығып, еркін бөсекеде жеңіп шағады. Халық ойындары жастардың күш-қуаттың толықтыруға көмектеседі. Қазақ халқы ұлттық ойындарға бай халықтардың бірі. Олардың көбі бізге жетпей қалған.

Қазақ халқының ұлт ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Кәсібі мал шаруашылығына негізделгендіктен халықтың ұлт ойындары достыған икемделген. Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен, балалар ойынның көбі қой асығымен байланысты болып келеді. Сондықтан асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі ертеден келе жатқан көнелілерінің бірі болып табылады. Асық ойыны баланың жастайынан нерв жүйелерін шыңдап, оларды дөлдiкке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді.

Ал ойынның түпкі мақсаты жастарды ерлікке, өжеттілікке, батылдыққа, шапшаңдыққа, ептілікке, тәрбиелеп, өзін, елін қорғай алатын мықты азаматтар дайындап шығару болып табылады. Сонымен қатар бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің игі қасиеттерін адамның бойына жас кезінен бастап сіңіруге көмектеседі [4].

Қазақтың ұлт ойындары көп болғанымен оның біразы ұмытылды. Көненің көзі сол ойындарды өз қолдарымен ойнаған қарттарымыз азайды. Ауыздан-ауызға айтылған ойындардың бізге жеткені де, жетпегені де бар. Оған себеп Совет үкметін құру кезеңінде ескі ойындарды «ескінің қалдығы» деп ешкім ескермеді, баспа беттерінде жарық көрмеді. Соңғы жылдары газет-журналдарда ұлттық ойындарды қайта жаңғырту, халықтық педагогиканың бір саласы ретінде мектептердің, балалар мекемелерінің оқу-тәрбие жоспарына енгізу мәселелері қойылып отыр.

Қазақ мекемелерінде, оқу орындарында бұл іс біртіндеп бой көтеруде. Алайда халық ойындары жөнінде шыққан оқулықтар, жинақтар, жеке басылымдар саусақпен санарлықтай. Бар дүниенің өзі тиражбен шығып, біздің түкпірдегі Солтүстік Қазақстан облысы сияқты жерлерге жетпей де қалады.

Жазғы, қысқы демалыстарда ойындар пайдаланылуы мүмкін. Бұның өзі балалардың алған білімін толықтырып, жедел ойлай білуін, іштей жинақы болуын, сезімталдығын шыңдайды. Ойын кезінде қаншама сұрақтар қойылып, соншама жауаптар беріледі, жұмбақтар шешіліп, жаңылтпаштар айтылады, ән, күй, би орындалады. Сөйтпөйынның өзі мәдениетпен, өнермен ұштасады.

Ойын алдымен таза ауада, тегі жерде ашық алаңда, көгалды жерде, ашық-шуақты күндері өткізілгені жөн. Бұл денсаулықты жақсартуға үлкен септігін тигізеді. Ауа райының қолайсыз күндері ойын-спорт, дене шынықтыру залдарында, мәдениет үйлерінде өткізіледі. Спорт және ойын алаңдары да бұл іске үлкен көмегін жасайтындығы сөзсіз. Кейде кейбір ойындар үй ішінде де өткізілуі мүмкін. Бұған жататындар: асық ойындары, көрші, сақина салу сияқты ойындар.

Омпы – асық ойындарының келесі бір түрі. Омпы ойынын бес ойыншы топ (команда) құрап ойнайды. Келісім бойынша ойыншылар саны өзгеруі де мүмкін. Ойыншылар бір түсті спорт киімін киеді. Әр ойыншының кеудесінде нөмірі болады.

Ойынның мазмұны. Ойын командалық есепте өткізіледі. Диаметрі 10 м шеңбер сызылады. Шеңбердің ортасындағы сызыққа әр ойыншы өз асығын тігеді. Асықтардың дәл ортасына бір асықты омпысынан (үшкір тұмсығын төмен қаратып) тігеді.

Ойында асықтарды ату кезегін анықтау үшін төреші командалар арасында жеребе өткізеді. Команда ойыншылары белгіленген нөмірінің ретімен шеңбер сызығынан 2 м қашық жерге қатарға тұрады.

Шеңбер ішіндегі асықтардың жанында тұрған аға төреші ойын басталғандығын хабарлайды. Ал хатшы-төреші (көмекші төреші) команда ойыншыларының бірінші нөмірінен бастап асық атуға сөреге шақырады.

Ойын ережелері.

1 Әр ойын сайын команда ойыншылары көнге өз асықтарын тігеді. Асықтарды атқан ойыншы омпыға тигізсе – 5 ұпай, асыққа тигізсе, 1 ұпай алады. Асыққа тигізген ойыншы атуды қашан тимей қалғанға дейін жалғастырады. Егерде ойыншының сақасы асыққа тимей, алшысынан түсіп тоқтаса, онда қайтадан атуға мүмкіндік алады.

2 Жарыс команда санына байланысты ірі топтарға бөлініп, ойын айналым жүйесімен өткізіледі. Атып алынған асықтар мен омпы қайтадан тігілмейді. Жарыстың жеңімпазын анықтау үшін мәрелік ойындағы топта бірінші орын алған командалар өзара айналым жүйесімен қайта ойнайды. Екінші, үшінші, төртінші т. т. орын алғандар да өзара қайта ойнайды.

3 Мәрелік ойынға дейін командалар бірдей ұпай жинаған жағдайда сол командалардың арасындағы ойын нәтижесі есепке алынады. Бұл нәтижеде бірдей болған жағдайда артықшылық ұпайы омпыны алған командаға беріледі. Егерде команданың ешқайсысы омпыны атып алмаған жағдайда бұл екі команданың арасында ойын қайта өткізіледі. Ірі топтағы жиналған ұпай саны мәрелік ойындарда есепке алынбайды.

4 Әр ойын алаңында аға төреші, төреші және хатшы-төреші төрелік етеді.

5 Сақаның дұрыстығы тексеріледі. Оны жонып немесе егеп өзгертуге және оған қорғасын күйеу болмайды. Сақаға арқардың және еліктің шикі асығын пайдалануға болады.

Ойынның түріне, мазмұнына қарай ойыншылардың саны да әр түрлі болуы мүмкін. Жаппай қатысатын ойындар, немесе шектеулі адамдар ғана қатысатын ойындар бар. Мәселен «Айгөлек» ойынында бір сынып оқушылары түгел қатысса, ал «Асық» ойынын 4–5 бала ғана ойнайды, «Қазақша күресте» немесе «Қыз қууда» екі-екіден ғана шығады. Көпшілік жағдайда ойынға қатысушылардың санын ойын алдында келісіп алады.

Ойынға қатысушылардың құрамы балалар, жасөспірімдер, қыз-жігіттер болып бөлінеді. Әр адам өзінің теңімен жарысуы шарт. Яғни жасы, кіші жағынан тең болса ойын әділетті, қызғылықты болады. Ойындар жынысқа қарай да бөлінеді: аралас ойындар, тек ер балалар, не қыз балалар ойындары, ересектер ойындары тағы басқа.

Қазақ халқы-материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да бай халықтардың бірі. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлт ойындары жатады. Бүгінгі замандастарымыз бен болашақ ұрпақтарымыздың оны оқып үйрене отырып, өздерінің кім екендіктеріне барлау жасауына, ата-бабаларының психологиялық болмысы мен ойлау жүйелеріне зор салуларын, көздеген мақсаттарын сапалап, жете білулерін, дәстүрлер жалғасын өрістете отырып, өткен мен бүгінгі байланыстыра білулеріне, сөйтіп мәңгірттік атаулыға тосқауыл қоюларына септігін тигізбек.

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, заманымыздың аса көрнекті жазушысы М. О. Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен-ұзақ жылдарында, өздері қызықтаған алуан ойын өнері бар ғой. Ойын деген, менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», – деп тегіннен айтпаса керек.

Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен де мәнді -мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Өйткені, ең алдымен ненің басын бас алып, жол бастар қайнар көзі болатыны белгілі. Ойынды біз бар өнердің бастауы деп білеміз.

Ал қай өнер болса да ең арналы, сулы шалқар дариядай болып кемеліне келгенше жолында кездескен сандаған үлкенді-кішілі арналардан бас құрайтын өзен сияқты ғой. Сол алып өзеннің орта тұсынан шыққан адам, оның басы әуелде жылжып аққан бұлақтан басталып еді дегенге онша илана қоймас та еді [5].

Ұлт ойындары біздің көз алдымызға тап осы суреттерді елестеді. Өйткені бір кезде ол бар өнердің басы, олардың нәр алатын бастауы анық. Шынында да, көне мәдениет пен әдеби туындылар, ең алдымен, сол халық жиналған думанды-сауықта, ойын-той үстінде дүниеге келіп, көптің игілігіне айналған.

Сөйтіп, бүгінгі және болашақ ұрпақ ұлт ойындарының өзі адам еңбегінің жемісі, халықтың фантастикалық ой құбылысының көрінісі, дүниені танып, білуге талпынысының нышаны ретінде өмірге келгенін, оның бар өнердің бастамасы, халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінің айнасы екенін білуге тиіс.

«Идеялық өндіріс, түсіндіру, сана әуел баста адамдардың материалдық іс-әрекетінен өрілген өмірдің ақиқат тілі» – деп көрсеткен К. Маркс пен Ф. Энгельс.

Ұлт ойындары сол халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты туып, дамығанына қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныса отырып көзіміз әбден жетеді. Өйткені қазақ халқының ұлттық ойындары өте ерте туып, оның көші-қоны тұрмыс жағдайларына үйлесімді жасалғандай әсер береді. Олай дейтініміз осы ойыншылардың көпшілігі сол көшпелі тұрмысқа лайықталып, арнайы материалдық әзірліксіз ойлана беретіндігіне ғана емес, сонымен бірге халықтың психологиялық ерекшеліктеріне де байланыстылығында екендігіне көзіміз жетеді [6].

Ұлт ойындары осылайша атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған және халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі көрінісі де болған. Әрине, ойын өнер ретінде әдибиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, бірін-бірі толықтырып, байыта түседі.

Сол байлықты пайдаланып, балаларды дене тәрбиесіне үйрету барысында басқа ойындар мен бірге қолданудың ерекше маңызы зор.

2 Спорттық ойындардан төменгі сыныптарында баскетбол, бадминтон, футбол, хоккей, пионербол ойындарының қарапайым қимылдарын үйретіп, қысқартылған ережелермен өткізіледі.

3 Шаңғымен жүруге балаларды қызықтыру үшін, сабақтың үстінде бірнеше ойындар жүргізіледі.

4 Суда тұрып ойнайтын ойындар. Бұл ойындар осы мектепте жақын арада су қоймасы не өзен болған жағдайда, серуен кезінде ұйымдасқан түрде жүргізіледі. Спорт жаттығуларының бұл түрлерін сабақ кезінде үйретіп, балаларды серуенге апарғанда ұйымдастырып, жаттығу сағаттарында жүргізіледі.

Үзіліс кездерінде, бос уақыттарында өзара келісіп, өз беттерімен ұйымдастырып ойнай алатын болуы керек. Мектепте төменгі сыныптарында қазақша күресудің қарапайым жаттығулары өтеді.

Бұл жаттығу жас балалардың спорттың не екенін біліп, олармен шұғылдануға қызықтырады. Шамасына қарай жетілдіруге ынталарын арттырып, алдыңғы қатардағы мақтаныш ететін спортшыларымызбен таныстырып, оған еңбек сүйгіш батыр да батыл балалардың жететінін түсіндіреді. Қазақша күресудің қарапайым жаттығулары. Ұл балалардың сүйіп жасайтын жаттығуларының бірі осы күрес жаттығулары.

Мұғалімнің көрсетуісіз-ақ балалардың өздері бірнеше әдістерді біледі. Мұғалімнің жаттығу жасатқан кездегі мақсаты, күштері бірдей балалардың күреске шығуын қадағалап, күрес барысында туған дау-жанжалдарды дұрыс шешіп отыру.

Мүнкідігінше күресті палуандардың маталарының үстінде өткізген жөн. Жас баланың дене және психикалық жағынан дамып, жетілуіне сиының маңызы зор.

Ойынның өсіп келе жатқан организм үшін қажет екенін айта отырып, ойын баланың қызғарлық, тапқырлық, сезімталдық, ұстамлылық, бағдарлағыштық, аңғарымпаздық қасиеттерін дамыта ды деп көрсетеді.

Сондықтан да ойын сабақтарын өткізгенде бала организмінің белсенді іс-әрекетке деген қажетін қанағаттандыру, әр түрлі бұлшықеттерін жетілдіру, қиялдай, елестете білушілік, тапқырлық, аңғарымпаздық қабелтін дамыту, ережелерді бұлжытпай орындап, өз әрекетін өзгелердің әрекетімен үйлестіре білу шеберліктерін, ептілік, батылдық, сенімділік дағдыларын т.б. қалыптастыру көзделді.

Төменгі буындағы оқушыларға денетәрбиесі сабағында ұлттық ойындардың қолданудың, негізгі мемлекеттік стандарттағы - қалыптастыруға қажет машықтар мен дағдыларға әсерін және нәтижелерін бақылау мақсатында көптеген тексерулер жүргізуге болады [7].

Бұл ойындарды қолдану күнтізбелік жоспарлауда қарастырылған. Мұғалім алдындағы ойынды қолдау үшін алдымен өткізілетін сабақ мазмұны мен сипаты бойынша топтастырулы қажет. Негізінен сабақтың ойын түрін құрама сабақтарда пайдаланған дұрыс, үйткені оның құрамына жеңіл атлетика, гимнастика сияқты басқа спорттың да салалары енеді. Міндеті бойынша құрама сабақ оқу, жаттықтыру. Бақылау соңынан барлық бөлімдер құрастырылып, құрастырылған сабақ берілетіндіктен, жоғарғы айтылған деңгейлік оқыту іске асып әр оқушы мұғалімнің көздеген үш мақсатына жетуіне ат салыспақ.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әрбір сабақпен бақылаудың нәтижесі болу үшін алдымен мұғалімнің жақсы даярлығы қажет. Даярлық төмендегі іс-әрекеттермен анықталады.

1 Сабақтармен тәжірбенің міндеті:

а) білім беру міндетінің мақсаты – төменгі ортаңғы және жоғарғы буындағы балалардың ұлттық ойындары арқылы және олардың сипаттамасымен таныстыру арқылы білімдерін шындау, жаттығуларды ептілікпен дағдымен орындату, оларды күнделікті өмірде қолдануға үйрету.

б) сауықтыру міндеттері – ұлттық ойындары арқылы жаттығулар комплексін игеру кезінде организмін жалпылай сауығуына тиімді жағдай жасау.

в) тәрбиелеу міндеттері – ұлттық ойындардың сипаттамасы мен, тарихы мен, ережелері мен таныстыра отырып, азаматтық, ұлттық – патриотизмге тәрбиелеу.

2 Қойылған міндеттердің жүзеге асыру жолдарын таңдау.

Мұндай сабақ барысында үйретіліп, ойналатын ұлттық ойынның түрі даярланады.

3 Әдістемелік ұйымдастыру шараларын белгілеу.

Мұнда мұғалім оқушылардың әрекеттерін тиімді ұйымдастыру жолдарымен әдістері таңдалады. Олардың тұратын, отыратын орындарын, қозғалыс жолдарын анықтайды, қолданылатын құрал – жабдықтарды жинау жолдары көрсетіледі.

4 Қимыл-қозғалыс дайындығы.

Мұнда мұғалім ойын игеру барысында қажетті жаттығулар мен қимыл әрекетін барлығын біліп, орындай алу қажет.

5 Теориялық және сөйлеу дайындығы.

Мұнда мұғалім ойналатын ойындардың теориялық мәтінің білуі қажет және ол шешен сөйлей алу керек, яғни әңгімені дұрыс жүргізу, баяндау, команды беру, талдау жасау әрекеттерінде даярлығы қажет.

Сабақты материалдық жағынан қамтамасыз ету.

Көмекші даярлау.

Сабақтан босталылған оқушылар мен жүргізелетін жұмыстарды ұйымдастыру шараларын ойластыру.

Мұғалімнің өзінің, оқушылардың спорттық киімдердің гигиеналық талаптарға сайлығын қарастыру.

Оқушылардың сабақ кезіндегі қимыл әрекеттерін ұйымдастыру.

Ұлттық ойындар болсын, кез-келген басқа спорттық ойындардың түрі болсын сабаққа мұғалімнің даярлануы барысында осындай психо-педагогтық, медико-биологтық, спортты-педагогикалық қағидаларды, ережелерін ұстанғанда ғана сабақ нәтижесі болады. Ал кез-келген педагогтың басты мақсаты білімнің сапасын жоғарлату арқылы нәтижеге жету [7].

Жалпы, ойын әдісінің негізінде жүзеге асырылған педагогикалық процесстің мазмұны тұтастай алғанда, жоғарыдағы аталған ұлттық ойын, ұлттық сезім, ұлттық сана, ұлттық сенім, ұлттық салт-дәстүр және ұлттық мінез-құлық ұғымдарымен анықталады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Назарбаев, Н. Тарих толқынында. – Алматы : Атамұра, 1999. – 296 б.

2 Алтынсарин, Ы. Таза бұлақ. – Алматы, 1988. – 8–9 б., 18 б., 139–140 б.

3 Байтұрсынов, А. Ақжол. – Алматы, 1991. – Б. 260.

4 Теория и методика физической культуры Под. ред. В. М. Шиянна. – М. : Просвещение, 1988. – Б. 357.

5 Теория и методика физического воспитания // Учебник для студентов фак. Физ, культ. Под. ред. Б. А. Ашмарина. – М. : Просвещение, 1990. – Б. 237.

6 Матвеева, Л. П. Теория физической культуры. – М. : ФИС, 1991. – Б. 380.

7 Матвеева, Л. П. Основы общей теории спорта и системы подготовки спортсменов. – Киев : Олимпийская литература, 1999. – Б. 377.

Материал 26.11.18 баспаға түсті.

A. C. Сармантаев¹, П. З. Ишанов²

Характеристика и использование игрового метода в педагогическом процессе начальной школы

^{1,2}Педагогический факультет,

Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова,

г. Караганда, 100028, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 26.11.18.

A. S. Sarmantaev¹, P. Ishanov²

Characterization and use of the game method in the pedagogical process of primary school

^{1,2}Pedagogical Faculty,

E. A. Buketov Karaganda State University,

Karaganda, 100028, Republic of Kazakhstan.

Material received on 26.11.18.

В статье рассматриваются особенности организации и проведения подвижных игр с учащимися начальной школы. А также, учащимся начальной школы предложены различные способы и приемы становления навыков и умений посредством интересных и легко выполняемых заданий на уроке физической культуры. Автор также большое внимание уделяет разнообразным подвижным играм на основе использования интересных и эффективных методов их проведения. Игровой метод, в силу всех присущих ему особенностей, вызывает глубокий эмоциональный отклик и позволяет удовлетворить в полной мере двигательную потребность занимающихся. Тем самым, способствует созданию положительного эмоционального фона на занятиях и возникновению чувства удовлетворенности,

что в свою очередь создает положительное отношение детей к занятиям физическими упражнениями. А также посвящена вопросам комплексного использования подвижных игр в физическом воспитании детей оказывающих разностороннее воздействие на их физическое развитие и формирование социальных компетенций.

The article conders the features of conducting organizing mobile games with pupils of primary school. Also, there are offered various ways and means of developing skills and abilities through the interesting and easily executable tasks on the lesson of the culture. The author also pays much attention to the different mobile games based on the use of interesting and effective methods of conduction. The game method, due to all the inherent features, causes a deep emotional response and allows to satisfy in full the motor need of pengaged. Thereby, helps to create a positive emotional background on the lessons and forming a feeling of satisfaction that in turn creates positive attitude of children to the lessons of physical development and formation.

FTAMP 14.35.07

М. Серік¹, М. Ж. Мухамбетова²

¹п.ғ.д., Ақпараттық технологиялар факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы;
²докторант, Ақпараттық технологиялар факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы
 e-mail: ¹serik_meruerts@mail.ru; ²mukhambetovamj@gmail.com

ЗАМАНАУИ КЛИЕНТ-СЕРВЕР ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ АППАРАТТЫҚ-ПРОГРАММАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІНЕ ТАЛДАУ

Әлемдік академиялық қауымдастық және мемлекеттік деңгейде білім беруді жаңарту мәселесіне басты назар аударылуда. Бүгінгі еңбек нарығында ақпараттық технология саласының мамандарына деген қажеттілік жоғары. Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін ЖОО-ның білім мазмұны заманауи талаптарға сәйкес жаңартылып отыруы қажет. Мақалада ЖОО білім мазмұнында клиент-сервер технологиясын оқыту жолдары, технологияның аппараттық-программалық негіздеріне байланысты мәселелер қарастырылған. Оның ішінде, клиент-серверлік есептеудің функционалдық қызметі, технологиялық жетістіктері, жүзеге асыру топологиялары, таратылған есептеулермен интеграциясы, архитектуралық классификациясы, қазіргі әлеуметтік-экономикалық процесте қолдану тиімділігі айтылады. Артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау жүргізіліп, жоғары өнімділігі және жұмыс жүктемесін төмендету, әртүрлі платформалардың ресурстарын ортақ қолдану, орналасқан жеріне тәуелсіз деректерді оңдеу мүмкіндіктері атап көрсетілген. Оқу процесінде бұлттық және виртуалдау технологиялары арқылы оқыту әдістері, заманауи жетістіктерді қолдану жолдары айтылады.

Кілтті сөздер: клиент-сервер технологиясы, жоғары оқу орны, білім мазмұны, бұлттық және виртуалдау технологиялары.

КІРІСПЕ

Соңғы жылдары жоғары өнімді компьютерлер мен желілерді дамытуда айтарлықтай жетістіктер болды. Қазіргі уақытта мейнфреймді қымбат компьютерлердің қызметін алмастыратын, экономикалық жағынан аз шығынға

ие желілік дербес компьютерлерде жұмыс жасайтын трендтер қолданыла бастады. Бұл процесс клиент-сервер есептеуінің сәулетін қалыптастырды. Бұл модель «сервер» және «клиент» деп аталатын тәуелсіз және автономды субъектілердің екі түрінің арасындағы функциялардың бөлінуіне негізделген [1]. Ғылыми-техникалық энциклопедиялық сөздікте жоғарыда аталған терминге келесі анықтама берілген. Клиент-сервер – компьютерлік желідегі компьютерлердің өзара байланысы. Клиент-компьютер сұраныстар дайындап, оларды арнайы сервер компьютерге жібереді. Сервер тапсырмаларды орындап, клиентке нәтижені береді [2].

Клиент қызметін атқаратын процестер келесі түрде болуы мүмкін:

- веб-қосымша орналасқан компьютер;
- мобильді қосымша орналасқан ұялы телефон;
- бейне камералар т.б.

Бұдан басқа, программалық қамтаманың конфигурациясына байланысты бір машина клиенттің де, сервердің де қызметін атқара да алады.

Клиент-серверлік есептеулердің технологиялық жетістіктері ретінде келесілерді атауға болады:

- интеллектуалды үстел үсті құрылғысы;
- компьютерлік желі архитектурасы;
- микропроцессорлық технологиялар, деректер беру және Интернеттің деректер қоры, операциялық жүйе және графикалық пайдаланушы интерфейсі сияқты техникалық жетістіктер.

Клиент-сервер технологиясының қолданылу мүмкіншіліктері туралы мамандар келесідей пікір айтады.

Радченко Г. И. клиент-сервер парадигмасына сәйкес бірнеше клиент және бірнеше серверлер аралық программалық қамтама және өзара әрекеттесу ортасымен бірігіп таратылған есептеулер жүргізу, деректерді талдау және көрсетуді қамтамасыз ететін бірыңғай жүйені құрайды. Клиент-сервер тәсілін пайдалану дербес компьютер қолданушысына қашықтағы серверлердің деректер қоры, файлдар, принтерлер, процессор уақыты т.б. әртүрлі ресурстарына қатынауға мүмкіндік береді, – деп атап көрсеткен [3].

Мартынов П. Н. заманауи ақпараттық жүйелер таратылған клиент-сервер технологиясына негізделетінін айтады. Клиент-серверлік қосымшалар құруда «қалың» және «жұқа» клиенттер ерекшеліктері ретінде серверлік қосымша бөлігінде деректерді сақтау және өңдеу операцияларын көшіру қызметі маңызды, клиенттік бөлім қолданушы интерфейсінде деректерді көрсету қызметін ғана атқаратынын баяндаған [4].

Зерттеу мақсаты: Клиент-сервер технологиясының аппараттық-программалық негіздеріне талдау жасау. Заманауи шешімдерді ЖОО білім мазмұнына ендіру жолдарын ұсыну.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Клиент-сервердің базалық моделінде таратылған жүйедегі барлық процестер екі қабаттасатын топқа бөлінеді. Белгілі-бір қызмет көрсетуді жүзеге асырушы, мысалы, файлдық жүйе қызметі немесе деректер қоры, сервер деп аталады. Серверге сұраныс жіберу және одан жауап күту қызметін орындау процесі, клиенттер деп аталады. Егер базалық желі, жергілікті желі сияқты сенімді болса клиент пен сервер арасындағы өзара әрекеттесу қосылуды орнатуды талап етпейтін қарапайым протокол көмегімен жүзеге асады (мысалы, UDP протоколы). Бұл жағдайда клиент, өз сұранысында қажетті қызмет түрін және бастапқы деректер көрсетілген хабарлама дайындайды. Бұдан соң хабарлама серверге жіберіледі. Соңғысы өз кезегінде, үнемі кіріс хабарламаларын күтеді. Түскен хабарламаларды өңдеп, нәтижесін клиентке жібереді. Протоколдың қолданылуын талап етпеу айтарлықтай нәтижелі болады.



Сурет 1 – Базалық клиент-серверлік есептеу моделі

1-суретте желідегі қызметтердің әртүрлі компьютерлермен қамтамасыз етілуі көрсетілген. Клиент-сервердің қуатты басты мүмкіндігі сұранысты өңдеу қызметі. Айталық, клиент-серверлік деректер қоры бар. Бұл жағдайда клиент-сервер деректер қоры жүйесінің функционалдық қызметін серверлік жүйе және бірнеше клиент арасында бөледі. Компьютерлердің желілік өзара байланысы кейбір тапсырмаларды клиенттік жүйеде орындауға мүмкіндік береді.

«Қалың» немесе «жұқа» клиент-сервер

Клиент немесе сервердің бұлай аталу себебі клиент және сервер арасындағы деректер алмасу дәрежесіне байланысты. Жұқа клиент – клиент жағындағы деректерді минималды өңдеуші болса, қалың клиент – салыстырмалы түрде жүктеменің көп бөлігін өңдеуші. Қалың клиент немесе қалың сервердің маңызды критерийі, қосымшаның қай бөлігі клиент жағында және сервердің соңында орналасуында.

Қалың клиент: клиенттік машиналар қосымшаларына көптеген функциялар қосады. Клиент-сервердің дәстүрлі модельдерінде қолданылады.

Қалың сервер: сервер қосымшаларының функционалдық мүмкіндіктерін арттырады. Бұл кезде клиент көп жағдайда жылдам веб-браузер көмегімен табылады. Қалың серверді қолданудың ең басты артықшылығы, оның басқарудың жеңілдігі, себебі, бұл жағдайда сервердегі программалық қамтаманы ғана өзгерту қажет болады [5].



Сурет 2 – Әртүрлі серверлердің функционалдық қызметі

Клиент – сервердің функциялары

Клиенттік жүйенің негізгі операциялары төменде келтірілген:

- пайдаланушы интерфейсін басқару;
- пайдаланушы кірістерінің синтаксисін қабылдайды және тексереді.
- қолданбалы логикалық процестер;
- деректер қоры сұранысын жасайды және серверге жібереді.
- серверге жауап қайтарады.

Сервердің негізгі операциялары:

- клиенттен деректер қоры сұраныстарын қабылдайды және өндейді;
- авторизациялауды тексереді;
- деректер тұтастығы шектеулерін бұзбауға кепілдік береді;
- сұранысты / жанартуларды өңдеуді жүзеге асырады және клиентке жауап береді;

- жүйелік каталогты қамтамасыз етеді;
- бір мезгілде деректер қорына кіруді қамтамасыз ету;
- қалыпқа келтіру жұмыстарын бақылауды қамтамасыз етеді [6].

Клиент-сервер топологиялары

Клиент-сервер топологиясы деп – клиент-сервер желісінде өзара байланысқан барлық клиенттер мен серверлердің физикалық орналасуы түсіндіріледі. Мұнда барлық жұмыс станциялары (клиенттер) және серверлер кіреді. Клиент-серверді қолдану стратегиясының мүмкін нұсқалары:

- бір клиент, бір сервер;
- бірнеше клиент, бір сервер;
- бірнеше клиент, бірнеше сервер.

Таратылған есептеулермен интеграция

Таратылған есептеу – бұл гетерогенді орталарда технологиялар енгізу үшін қолданылатын термин. Операциялық жүйелер үшін гетерогенді есептеу – басқа операциялық жүйелермен және хаттамалармен байланысу мүмкіндігін білдіреді. Таратылған есептеу – күрделі архитектура. Ол қосымшалардың архитектурасын, жүйені қайта құруды және желінің тұтастай алғандағы тиімділігін арттыруды қамтиды. Көптеген таратылған түйіндер бір сұраныс беруші клиенттің атынан жұмыс істейді. Бұл есептеуді жүйенің ақауларына төзімді және орталықсыздандырылған етеді. Аталған қасиеттер таратылған есептеулердің, орталықтандырылған жүйелерге қарағандағы айтарлықтай артықшылығы болып табылады.

Технология тиімді болуы үшін таратылған қосымшаларды әзірлеушілер, жасақтау және техникалық қызмет көрсету жұмыстарының күрделілігін барынша азайтуға және программалық жасақтаманы әртүрлі платформалармен біріктіруге барлық мүмкіндікті жасайды. Клиент-сервер қосымшаларын жасақтау, олардың модуляциясы және олардың дискретті компоненттердегі функцияларын талап етеді. Бұл компоненттер тек инкапсуляцияланған деректер және функциялармен шектелуі керек. Бұл модель дизайны клиент-сервердің бейімделгіш және икемділік қасиеттерін арттырады.

Клиент-серверлік есептеудің архитектуралық классификациясы

Көпденгейлі деректер қорын құруда жүзеге асырушы келесі архитектуралар ұсынылады:

- бірденгейлі архитектура, деректер ақпарат сұраушы қосымша сақталған компьютерде орналасады;
- екіденгейлі архитектура, деректер серверде сақталып, клиент сұранысына жауап ретінде қайтарылады;
- үшденгейлі архитектура, деректер қоры сервері және клиент арасында Internet-сервер болады;
- көпденгейлі архитектура, ақпарат реляциялық деректер қорында сақталады, көпөлшемді деректер қорында кәштеледі, ал Internet-сервер

көпдеңгейлі деректер қоры сервері мен клиент арасындағы байланысты қамтамасыз етеді [7].

Аталған архитектуралардың қолданылу деңгейі жаңадан құрылатын жүйенің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес таңдалады.

Клиент-сервер технологиясының аппараттық-программалық негіздеріне шолу жасай отырып, келесідей артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталайық.

Артықшылықтары:

- өнімділік және жұмыс жүктемесін төмендету;
- жұмыс станциясының тәуелсіздігі;
- жүйенің өзара әрекеттестігі;
- масштабтау;
- деректер тұтастығы;
- деректерге қолжетімділік;
- жүйелік әкімшілік (орталықтандырылған басқару);
- интеграцияланған қызметтер;
- әртүрлі платформалардың ресурстарды ортақ қолдану мүмкіндігі;
- физикалық деректерге жасырын қол жеткізу;
- орналасқан жеріне тәуелсіз деректерді өңдеу;
- эксплуатациялық шығындарды төмендету;
- байланыс шығындарын азайту.

Кемшіліктерге келесілерді жатқызуға болады:

- техникалық қызмет көрсету құны;
- қызметкерлерді оқытуға кететін шығындар;
- аппараттық жабдықтың құны;
- программалық қамсыздандыру құны.

Клиент-сервер технологиясының оқу процесінде жүзеге асуы

Зерттеуімізде айтылған клиент-сервер технологиясын қолданудағы кемшіліктер, аппараттық және программалық қамтаманың құны, осы сала бойынша мамандар даярлығымен байланысты.

Бұл мәселелерді шешу үшін оқу үдерісіне келесі программалық өнімдерді қолдануды ұсынамыз. 1) Клиент-сервер технологиясын жүзеге асырушы қуатты орта Microsoft SQL Server 2016 жылғы нұсқасынан бастап Express Edition нұсқасын тегін таратылымда ұсынады. Бұл нұсқада базалық пакетке сәйкес негізгі мүмкіндіктерді оқу мақсатында қолдануға болады. Программалық пакетті қолдану барысында операциялық жүйенің техникалық мүмкіндіктеріне назар аудару керек. Желіде серверлік және клиенттік байланыс орнатуда программаның қандай операциялық жүйеде орналасуына байланысты сәйкестік ескеріледі. 2) Қазіргі кездегі жаңа тренд бұлттық шешімдерді қолдану. Жоғарыда

аталған Microsoft SQL Server-мен жұмысты тиімді орындауға арналған SQL Server Management Studio графикалық ортасы бұлттық сервистерде құрылған серверлерді өз жүйесінде басқаруға мүмкіндік береді. Бұлттық сервис ретінде танымал Microsoft Azure ортасын қолдануға болады. Білім алушылар www.dreamspark.ru сайты арқылы бұлттық ресурстарды тегін қолдана алады. 3) Клиент-сервер және виртуалдау технологиясын кіріктіре оқытуға болады. Ол үшін алдымен VMware виртуалды машинасын операциялық жүйеге орнатамыз. Бұдан соң, серверді негізгі операциялық жүйеге орнатып, клиенттік қосымшаны виртуалды машинадағы операциялық жүйеге орнатамыз. Белгілі протоколдар арқылы байланысты тексереміз. Бұл тәсілді қолдану білім алушылардың серверді баптау, операциялық жүйені басқару, желіге салмақ түсірмей байланысты виртуалды түрде тексеруге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Клиент-серверлік есептеудің аппараттық-программалық негіздерін зерделей келе, аталған технология ақпараттық технологиялар саласы бойынша мамандар даярлауда қажетті бағыт екенін байқауға болады. Өйткені, жұмыс берушілердің талаптарында программалық өнімдерді ендіру, деректер қорымен жұмыс, желілік әкімшілік негіздері, серверді баптау, MS SQL ортасын кәсіби деңгейде білу т.б. біліктіліктер үнемі сұраныста. ЖОО білім мазмұнында заманауи клиент-сервер технологиясын ендіру, болашақ ақпараттық технология саласы мамандарының аталған бағытта кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуына ықпал етеді.

Оқу процесінде қолдануға арналған шешімдер ЖОО-дағы оқу пәндерін жаңартылған мазмұнда ұсынуға жәрдемдеседі. Осы бағытта оқыту әдістері, платформалар мен технологиялардың заманауи жетістіктері бойынша ізденістер жалғасын табады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Yadav, S. C, Singh, S. K.** An Introduction to client-server computing. – New Delhi : New Age International (P) LTD, 2009. – P. 60–62.

2 Научно-технический энциклопедический словарь. – 2018. [Электронный ресурс]. – URL : <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ntes/2061> (дата обращения: 20.04.2018)

3 **Радченко, Г. И.** Распределенные вычислительные системы. – Челябинск : Фотохудожник, 2012. – С. 41–49.

4 **Мартинов, П. Н.** Разработка информационной системы на основе открытых программных решений. // Задачи системного анализа, управления и

обработки информации : межвузовский сборник научных трудов. Вып. 4 / Под общ. ред. Е. В. Никульчева. – М. : Издательство МТИ, 2014. – 158 с. – ISBN 978-5-9905627-0-7.

5 **Серік, М.** Клиент-сервер технологиясын жүзеге асыру (SQL Ортасы) : оқу құралы. – Астана : Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2015. – 93 б.

6 **Cimen, C., Kavurucu, Y., Aydin, H.** Usage of thin-client / server architecture in computer aided education. – Turkish Online Journal of Educational Technology Volume 13. – Issue 2. – 2014. – P. 181–185.

7 **Бергер, А. Б.** Microsoft SQL Server 2005 Analysis Services. OLAP и многомерный анализ данных / Бергер А. Б., Горбач И. В., Меломед Э. Л., Щербинин В. А., Степаненко В. И. / Под общ. Ред. А. Б. Бергера, И. В. Горбач. – СПб. : БХВ – Петербург, 2007. – 928 с.: ил. – (В подлиннике)

Материал 26.11.18 баспаға түсті.

M. Serik¹, M. Zh. Mukhambetova²

Анализ основ аппаратно-программных обеспечений современной клиент-серверной технологии

^{1,2}Факультет информационных технологий,

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

г. Астана, 010000, Республика Казахстан

Материал поступил в редакцию 26.11.18.

M. Serik¹, M. Zh. Mukhambetova²

Analysis of the basics of hardware and software support of modern client-server technology

^{1,2}Faculty of Information Technology,

L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 26.11.18.

В глобальном академическом сообществе и на государственном уровне особое внимание уделяется модернизации образования. На современном рынке труда существует потребность в специалистах в области информационных технологий. При подготовке конкурентоспособных специалистов образовательный контент вузов должен обновляться в соответствии с современными требованиями. В статье рассматриваются вопросы подготовки современной клиент-серверной технологии в содержании

высшего образования, анализ основ аппаратно-программного обеспечения. Функциональность клиент-серверной технологии, топологии реализации, технологические достижения, интеграция с распределенными вычислениями, архитектурная классификация, эффективность применения в социально-экономическом процессе. Выявлены ряд преимуществ и недостатков данной технологии, в частности высокопроизводительность и снижение рабочей нагрузки, совместное использование ресурсов различных платформ, обработка данных вне зависимости расположения. Предложены современные подходы эффективных решений для учебного процесса, как использование облачных вычислений и технологии виртуализации.

In the global academic community and at the state level, special attention is paid to the modernization of education. In the modern labor market there is a need for specialists in the field of information technology. When preparing competitive specialists, the educational content of higher education should be updated in accordance with modern requirements. The article deals with the issues of preparation of client-server technology in the content of higher education, the analysis fundamentals of hardware and software. In particular, the functionality of client-server technology, implementation topology, technological achievements, integration with distributed computing, architectural classification, application efficiency in the socio-economic process. The analysis of advantages and disadvantages of this technology. The modern approaches of effective solutions for the educational process, such as the use of cloud computing and virtualization technology.

И. И. Софьина¹, О. А. Андреева², К. Д. Арабаджи³

¹м.п.н., преподаватель, Факультет иностранных языков, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда, 100020, Республика Казахстан;

²м.п.н., ст. преподаватель, Факультет иностранных языков, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда, 100020, Республика Казахстан;

³м.п.н., преподаватель, Факультет иностранных языков, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда, 100020, Республика Казахстан

e-mail: ¹sofina.92@mail.ru; ²post1976@mail.ru; ³kristinchik.2289@mail.ru

МЕТОДЫ АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Настоящая статья посвящена различным методам активизации познавательной деятельности учащихся.

Познавательная деятельность является одним из ведущих видов деятельности учащихся, которая позволяет выявить и реализовать их потенциальные возможности. Разработка проблемы познавательной деятельности, ее организация, формирование, развитие имеют длинную историю, начиная с античности и кончая современными психолого-педагогическими исследованиями. А вопросы активизации познавательной деятельности учащихся относятся к числу наиболее актуальных проблем современной педагогической науки и практики.

Под активизацией познавательной деятельности учащихся понимается всякая попытка использования в учебном процессе нетрадиционных форм и методов обучения.

В статье представлены различные методы активизации познавательной деятельности: методы эмоционального стимулирования, методы развития психических функций, творческих способностей и личностных качеств учащихся, методы формирования ответственности и обязательности и др.

Ключевые слова: познавательная активность, активизация познавательной деятельности, методы активизации, методы эмоционального стимулирования, методы развития психических

функций, творческих способностей и личностных качеств учащихся, методы формирования ответственности и обязательности.

ВВЕДЕНИЕ

В современных педагогических исследованиях достаточно полно разработана проблема познавательной деятельности. Почти во всех психолого-педагогических исследованиях выявлено, что процесс познавательной деятельности требует значительной затраты умственных сил и напряжения, активной мысли, постоянного действия, направленного на развитие познавательных интересов и активности, самостоятельности личности, выполняет различные функции в возрастном и индивидуальном развитии учащегося. Формирование, развитие, оптимизация, целесообразная, организация этой деятельности – актуальная педагогическая и психологическая задача, которая решалась и решается во все исторические периоды развития общества.

Познавательная деятельность выступает одним из ведущих видов деятельности учащихся и позволяет выявить потенциальные возможности учащихся. Проблема познавательной деятельности, ее организация, формирование, развитие имеют длинную историю, начиная с античности и заканчивая современными психолого-педагогическими исследованиями.

В философской литературе «познание» рассматривается как процесс получения и накопления обществом познаний о мире и о самой личности, опосредованный культурно-историческими факторами, выражающийся в разных формах. Основное отношение человека к миру, в рамках которого осуществляются конкретные процессы познания, называется познавательным отношением. В последствие познания человек получает новые знания. Знание демонстрируют собой разнообразные семантические массивы, сведения, представления и т.п., составляющие социально-значимые сведения, которые основываются обществом, в его историческом процессе с объективной реальностью.

Следующим, анализируемым на философском и психологическом уровне методологии понятием является понятие «деятельность», которое, как отмечают многие авторы, является крайне неопределенным и многоаспектным. Общее во взглядах ученых – является признание деятельности как активного преобразования человеком окружающего мира, при этом они исходят из положения философии о первичной среди форм деятельности – практической деятельности с предметами окружающего мира, стремятся выделить, прежде всего, материально предметный характер деятельности. По общепризнанному определению деятельность это способ бытия и развития общества и личности человека, всеобщего процесса преобразования им окружающей природной и

социальной реальности, включая его самого, в соответствии с его потребностями, целями и задачами. В строении деятельности, выделяют в качестве ее структурных компонентов: мотив – цель – действия и операции, причем они, а также деятельность, действия, операции могут испытывать взаимные превращения.

Познавательная деятельность учащихся – это элемент целостного процесса обучения, представляющий собой целенаправленное, систематически организованное, управляемое извне или самостоятельное взаимодействие учащегося с окружающей действительностью, результатом которого является овладение им на уровне воспроизведения или творчества системой научных знаний и способами деятельности.

Познавательная деятельность является одним из ведущих видов деятельности учащихся, которая позволяет выявить и реализовать их потенциальные возможности. Разработка проблемы познавательной деятельности, ее организация, формирование, развитие имеют длинную историю, начиная с античности и кончая современными психолого-педагогическими исследованиями.

А вопросы активизации познавательной деятельности учащихся относятся к числу наиболее актуальных проблем современной педагогической науки и практики.

Под активизацией понимается всякая попытка использования в учебном процессе нетрадиционных форм и методов обучения.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Все новое – это хорошо забытое старое, оказывается еще Сократ, которого Платон называл своим учителем, применял метод, который впоследствии назывался сократическим методом. Суть его состояла в том, что это был управляемый диалог, в ходе которого слушатели втягивались в дискуссию и незаметно для себя не только решали проблемы, рождающиеся в процессе беседы, но и усваивали знания, необходимые для этого и добытые совместными усилиями. В наше время принцип остается таким же [1, 87 с.].

Развитие совместного познания, организуемого учителем, является совместно-диалогической по форме и познавательной по содержанию деятельностью учащихся. Составной термин «совместно-диалогическая» использован, чтобы подчеркнуть совместный характер не только между учащимися, но и между учителем. Результативность совместной работы во много раз превышает результат индивидуальной деятельности.

Психологические характеристики совместно-диалогической познавательной деятельности – появление общих целей и совпадение мотивов деятельностей.

Если первые обеспечивают формирование общего фонда знаний, то вторые создают условия для усвоения этого фонда каждым участником процесса обучения.

В качестве метода может быть рассмотрен любой метод, если только он в состоянии сформировать совместно-диалогическую познавательную деятельность. Проблемное обучение становится активным методом обучения, если позволяет в условиях работы в группе добиваться формирования совместно-диалогической познавательной деятельности [2, с. 145].

К специальным методам отнести те, формирующей основой которых является имитационное моделирование реальной, производственной, научной, педагогической ситуации. Простейшим видом являются имитационные упражнения с моделью конкретной ситуации. Несмотря на условность действий, совершаемых учащимися, переживания являются реальными. Именно они, благодаря своему эмоциональному содержанию, способствуют активизации восприятия, внимания, мышления. При этом учащиеся затрачивают меньше усилий и незаметно усваивают информацию.

Задача учителя, как говорилось выше, вызвать положительные эмоции учащихся по отношению к учебной деятельности, формам и методам осуществления. Для этого используются *методы эмоционального стимулирования*:

– Формирование состояние успеха в процессе обучения и воспитания. Радость успеха дает стимул для переживания, преодоления учебных трудностей. Для этого учитель создает ряд проблемных задач, в которых учащиеся добиваются отличных результатов, что приводит к возникновению чувства уверенности в своих возможностях. Один из приемов – это подбор упражнений нарастающей сложности, другой прием – это предоставление дифференцированную помощь с применением карточек-помощниц, пример аналогов, ответов и др.

– Для активизации познавательной деятельности также используют игры и игровые методы организации учебной и внеучебной деятельности. Все это помогает привлечь учащегося к участию в процессе обучения.

Методы развития познавательного интереса:

– Формирование готовности восприятия учебного материала. Ученику представляются одно или несколько упражнений индивидуального или дифференцированного характера, ориентированных на подготовку учащихся к выполнению основных задач.

– Создание игрового сюжета вокруг учебного материала.

– Применение интересного материала. Подборка яркого, оживленного, занимательного материала в совокупности с основными материалами формирует обстановку заинтересованности.

– Метод создания ситуаций творческого поиска. Для объяснения значения данного метода приведем высказывание К. Н. Боуви «Немногие умы гибнут не от износа, по большей части они ржавеют от неупотребления».

Методы формирования ответственности и обязательности.

Процесс обучения базируется не только на эмоциях, но и на ответственности и обязательности. Как и любой другой вид деятельности, познавательная деятельность личности основывается на мотиве – стимуле, демонстрирующее то, ради чего человек совершает данную работу. Мотивы делятся на внешние (мотивы долга и обязанности; мотивы оценки, достижения успеха; мотивы самоутверждения, престижа, положения; мотивы личного благополучия, избегания неприятностей) и внутренние (интерес к деятельности; к ее процессу; к овладению способами данной деятельности и тем самым к саморазвитию). *Методами формирования ответственности и обязательности* являются:

– Формирование понимания значимости обучения.

– Представление учебных требований. Учащийся знакомится с правилами поведения, критериями оценки знаний, правилами внутри школы и уставом образовательного учреждения. Ответственность в обучении должна сочетаться с методами приучения учащихся к осуществлению поставленных задач, учебных требований, их отсутствие может повлиять на учебу учащегося и вызвать отставание учащихся в учебе, и несоблюдению предмета. Учащиеся должны быть ответственны за выполнение работы.

– Контроль. Чем чаще оценивается работа учащегося, тем устойчивее интерес к предмету [3, с. 93].

Методы развития психических функций, творческих способностей и личностных качеств учащихся.

– Использование творческих заданий. Задания включают в себя творческие элементы, для разрешения поставленных задач учащемуся необходимо использование знаний, новых методов и приемов их решения. Творческие задания могут быть: составление головоломок, ребусов, написание стихотворений, сочинений, придумывание заданий и т.д.

– Дискуссия. Создание обсуждения материала, основанное на обмене мнений по поставленной проблеме. Учащийся может высказать свое собственное мнение или поддержать чужую точку зрения [4, с. 113].

– Ситуационно-ролевая игра, представляющая собой анализ ситуации с распределением различных ролевых функций между участниками. Это приводит к усилению имитационного эффекта моделируемой ситуации и

позволяет добиваться еще большей активизации познавательных процессов. Разновидностью игры являются психодрама и социодрама. В первом случае драматизация направлена на активизацию глубинных личностных структур. В социодраме акцент делается на коррекцию тех свойств человека, которые проявляют себя в межличностных отношениях.

– Постановка проблемы или создание проблемной ситуации. Проблемная ситуация – это познавательная задача, которая характеризуется противоречием между имеющимися у учащихся знаниями, умениями, отношениями и предъявляемым требованием. Проблемная ситуация стимулирует учащихся к поиску ее решения [5, с. 97].

– Деловые игры. Основываются на имитационной модели реального процесса. Причем модель должна не только обеспечивать изучение основных закономерностей какого-либо процесса, но и позволять отрабатывать и доводить до совершенства практические умения и навыки, необходимые для тех или иных задач в реальных условиях. Создание деловой игры связано с разработкой множества дидактических и методических проблем, решение которых требует привлечения различных средств.

ВЫВОДЫ

Совмещение теоретических знаний данных методов и опыт педагогической деятельности позволяет разработать систему активизации познавательной деятельности учащихся.

Активизация познавательной деятельности происходит с помощью:

– Фактов

– Иллюстраций и демонстрационных средств

– Создания проблемной ситуации на уроке (ситуации неожиданности, проблемные задачи, опережающие задания)

– Индивидуальной и групповой работе на уроке.

– Ролевой, деловой игры (урок-турнир, урок-диспут, урока КВН, урок-суд, игры-путешествия, уроки фантазирования, уроки сказок).

– Нетрадиционных уроков (круглых столов, аукционов знаний, уроков выставок, уроков-аукционов, пресс-конференций).

Современный учитель должен устанавливать баланс между потребностями учащихся и целями обучения и воспитания. Это одно из важных условий гуманизации учебного учреждения, принятие решение, которое зависит от того, как учитель выстроит работу, целью которой является активизации познавательной деятельности учащихся. Предъявляются определенные *требования к учебно-воспитательному процессу:*

1) предоставления «чувства свободного выбора», т.е. понимание учащимися учебной задачи как самостоятельно выбранной;

2) введение в педагогический процесс развивающей тенденции: учащийся должен преодолевать проблемы учебных задач, «работать на грани предельных возможностей»;

3) обеспечение учащемуся возможности «радоваться жизни» в процессе игры, учебного занятия и внеучебной деятельности [4, 56 с.].

У каждого учащегося есть склонность и задатки к определенным предметам, но задача учителя организовать такие условия учебного процесса, чтобы эти склонности проявились и предметом был заинтересован весь класс. Если учащийся заинтересован в истории, то он более успешно изучает ее, если учитель при этом направляет его интерес, помогает проявить себя в качестве активного субъекта познания, то происходит развитие учащегося.

Умение управления познавательной деятельностью учащихся обуславливается множеством факторов. Важнейший из них – мастерство учителя сделать свой предмет интересным для учащихся, т.к. интерес влияет на психические процессы и функции. В процессе обучения познавательный интерес играет многозначную роль, это средство оживленного, увлекательного учащегося обучения, и сильный стимул для действий учащегося и учителя, стимулирующий к интенсивному и длительному развитию познавательной деятельности [3, 421 с.].

Важную роль играют отношения между учителем и учащимися. Использование влияния межличностных отношений на ребенка приводит к формированию у него позитивного или отрицательного отношения к процессу обучения, к школе в целом.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Ксенофонт**, Воспоминания о Сократе / Авторский сборник. – М. : Наука, 1993. – 204 с.

2 **Джакупов, С. М.** Психология познавательной деятельности / С. М. Джакупов. – Алма-Ата : Изд.КазГю, 1992. – 195 с.

3 **Харламов, И. Ф.** Педагогика / И. Ф. Харламов. – М. : Просвещение, 1999. – 520 с.

4 **Вяземский, Е. Е.** Методические рекомендации учителю истории : Основы профессионального мастерства : практическое пособие / Е. Е. Вяземский, О. Ю. Стрелова. – М. : Владос, 2000. – 160 с.

5 **Хуторской, А. В.** Современная дидактика : Учебное пособие. 2-е издание, переработанное / А. В. Хуторской. – М. : Высшая школа, 2007. – 639 с.

Материал поступил в редакцию 26.11.18.

И. И. Софьина¹, О. А. Андреева², К. Д. Арабаджи³

Оқушылардың танымдық қызметін белсендіру әдістері

^{1,2,3}Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,

Қарағанды, 100020, Қазақстан Республикасы.

Материал 26.11.18 баспаға түсті.

I. I. Sofina¹, O. A. Andreyeva², K. D. Arabadji³

Methods of activating the cognitive activity of students

^{1,2,3}E. A. Buketov Karaganda State University,

Karaganda, 100020, Republic of Kazakhstan.

Material received on 26.11.18.

Бұл мақала студенттердің әр түрлі әдістерінің танымдық белсенділігін жандандыруына арналған.

Когнитивті белсенділік – өздерінің әлеуетті мүмкіндіктерін анықтауға және жүзеге асыруға мүмкіндіктерін беретін студенттердің жетекші шараларының бірі. Мәселенің танымдық белсенділігін дамуының ұзақ тарихы бар, оны ұйымдастыру, қалыптастыру, және ежелден бастап, қазіргі психологиялық-педагогикалық зерттеулеріне дейінгі зерттеулері бар. Студенттердің танымдық белсенділігін жандандыру мәселелері қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практиканың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Студенттердің танымдық белсенділігін жандандыру арқылы оқу үрдісінде дәстүрлі емес пішіндерді және оқыту әдістерін қолдануға болады.

Мақалада әр түрлі әдістер ұсынылған: эмоционалдық ынталандыру әдістері, психикалық функцияларының, шығармашылық қабілеттерін және оқушылардың тұлғалық қасиеттерін әдістері, жауапкершілік және міндеттеме қалыптастыру әдістері, және басқалар.

This article is devoted to various methods of activating cognitive activity of students.

Cognitive activity is one of the leading activities of students, which allows to identify and realize their potential opportunities. The development of the problem of cognitive activity, its organization, formation, development have a long history, beginning with antiquity and ending with modern psychological and pedagogical research. Questions of activating of

students cognitive activity are among the most actual problems of modern pedagogical science and practice.

By activating of students cognitive activity, any attempt to use non-traditional forms and methods of teaching in the educational process is understood.

The article presents various methods of activating cognitive activity: methods of emotional stimulation, methods of development of mental functions, creative abilities and personal qualities of students, methods of forming responsibility and binding, etc.

FTAMP 15.41

А. М. Таганова¹, Р. Ж. Досмырза²

¹п.ғ.к., аға оқытушы, Педагогика факультеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., 320000, Қазақстан Республикасы

²аға оқытушы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., 320000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹Aru73@mail.ru

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада болашақ ұрпақ тәрбиесіне құндылықтық бағытта жаңаша көзқараспен қарау, озық мәдениет үлгісіне үйлесімділік қосу, белсенділікті дамыту, тұлға еркіндігін жан-жақты қалыптастыру және орта арнаулы білім беруде жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қажет ету мәселесі қарастырылады. Ұрпақ тәрбиесіне құндылықтық бағытта жаңаша көзқараспен қарап, озық мәдениет үлгісіне үйлесімділік қосып, белсенділікті дамыту, тұлға еркіндігін жан-жақты қалыптастыру мәселесі сөз болады. Мақалада орта арнаулы білім беру жүйесінің негізгі педагогикалық-психологиялық заңдылықтарына сәйкес, жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Адам темпераменті, оның динамикалық ерекшеліктері, тұрақты және негізгі психикалық ерекшеліктердің әке-әйелінен қиысуы – мінез және адамның болмысқа қатынасы мақалада айқын көрінеді. Темперамент пен мінез тұлғаның өздігіне екі бөлек қасиеттері екендігі, олар бір-бірімен тығыз байланысты және белгілі бір дәрежеде өзара сәйкес келіп отыратындығы айтылады.

Кілтті сөздер: үшінші мыңжылдық, білімдік траекториясы, өркениетті, ғылым кеңістігі, әлемдік жаһандану үдерісі, рухани мұра, мамандық таңдау, мінез акцентуациясы.

КІРІСПЕ

Жаңа үшінші мыңжылдықта алдыңғы қатарлы өркениетті елдермен қатар Қазақстан ғылым мен білімді әлемдік ақпараттық, білім және ғылым кеңістігіне халықаралық талаптар мен стандартқа және ұлттық ерекшелікке сай үйлесімді жетілдірудің жолдарын қарастыруда.

ҚР «Білім туралы» Заңында жас ұрпақтың бойында жоғары адамгершілік сапа-қасиеттерін, ұлттық патриотизм мен намысын, адамдарға деген ізгілікті қарым-қатынасын, мінез-құлқын, халықтың қайталанбас мәдениетіне сыйластықты көзқарасын қалыптастыруда жаңаша сипаттағы өзгерістерді талап етеді [1].

Еліміздегі қоғам дамуының барлық саласындағы барлық өзгерістерге орай білім саласыда жаңаруда. Инновациялық білім алу ортасының арнаулы оқу орнына гуманитарлық колледждер жатады. Колледждерде арнаулы орта білім беру және мамандарды қайта даярлау ісі жүзеге асырылу барысында жеке оқу жоспарлары жаратылыстану-математикалық немесе гуманитарлық және т.б. бағыттағы белгілі бір мамандандыруға бағытталған міндетті оқу пәндерін оқытуда, сондай-ақ, кейбір пәндерді тереңдетіп оқытубасшылыққа алынады. Олар ғылым, техника, өнер, қоғамдық өмірдегі жаңа мазмұнды көрсетеді.

Қазақстан Республикасында орта арнаулы білім беру жүйесі жеке тұлғаның мүддесін, еңбек нарығының сұраныстарын және экономика мен әлеуметтік саланы дамытудың болашағын қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасында жалпыға міндетті білім көлемінің, білім алушылардың білімдік траекториясының, білім бағдарламаларының, олардың даярлық деңгейінің құрылымына және баға беру мазмұнына қойылатын талаптарды белгілейді. Осы кезде ұлттық мәдениеттің тарихы кеңейіп, қайта жаңғырып өркендеуі, халықтардың, ұлттардың рухани мұраларын, дәстүрлерін қастерлеуі әлемдік жаһандану үдерісіне енудегі өзіндік дербестігінің айғағы. Өйткені, жаһандану үдерісі жедел дамуымен ғылым, технология және өндірістің айрықша белгісімен сипатталады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан мемлекетінің рухани әлемі бүгінгі қол жеткізіп отырған тәуелсіздігіміздің қайнар бұлағы. Ұрпақ тәрбиесіне құндылықтық бағытта жаңаша көзқараспен қарау, озық мәдениет үлгісіне үйлесімділік қосу, белсенділікті дамыту, тұлға еркіндігін жан-жақты қалыптастыру басты мәселе болып отыр. Сондықтан орта арнаулы білім беруде жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қажетсіну мәселесі бірінші орында тұр.

Арнаулы оқу орны білім алушысы (ерте жастық шақ кезеңі 14–15-тен 17 жасқа дейін) орта буыннан жоғарғы сыныпқа немесе жаңа оқу орындарына – колледждерге өткен кезде бірден дамудың жаңа әлеуметтік жағдаятын атайды. Бұл жағдаятты тек жаңа ұжымдар ғана емес, сондай-ақ, ең бастысы, болашаққа бағыттылық сипаттайды, олар: өмір сүру қалыбын, мамандықты, референтті адамдар тобын таңдауға бағыттылық. Белсенді де, жарқын болатын арманнан

гәрі өмірлік жоспар – әрекет жоспары, сондықтан ол біріншіден, мамандық таңдауға келіп тіреледі.

Жасөспірімдер үшін мамандық таңдау белгілі деңгейде моральды мәселе. Мамандық таңдаудағы басты мақсат бұл өзіміздің қалауымыз, яғни, таңдауымыз өз көңілімізден шығуы өмірлік қажеттілік. Мамандық таңдау ауқымы кең болған сайын, психология жағынан да дәл сондай ауыр. Тәжірибе көрсеткендей колледжге түсуге таңдау жасауға өмірлік жағдаят мәжбүр етеді, әсіресе, ата-аналар өзіндік көзқарастық таңдауымен осы оқу орнына түсуге мәжбүрлесе, кейде жасөспірім өз таңдауымен келіп, осы оқу орнына келіп оқуға қабылданады.

Орта арнаулы білім беру орындары қабырғасында жастардың жан дүниесін, сана-сезімін, мінез-құлық пен сенімге тәрбиелейтін осындай құндылықтарға ерекше назар аудару бүгінгі таңның сұранымы. Мұндағы басты мақсат – жеке тұлғаны, адамды өмірге белгілі бір ұжым, топ арқылы болашақ мамандыққа баулу қасиетін қалыптастыру. Мақалада орта арнаулы білім беру жүйесінің негізгі педагогикалық-психологиялық заңдылықтарына сәйкес жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады.

Сонымен, орта арнаулы білім беру орындарының білім алушылардың психологиялық ерекшеліктеріндегіміз оқушылардың өзара біріге, бірлесе іс-әрекет етуі арқылы белгілі бір кәсіпті меңгеру барысында кәсіби-біліктілік дағдыны санасына қалыптастыру болып табылады.

Педагогикалық және психология деп аталатын қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: жасөспірім 13 және 15 жас аралығындағы жеткіншек. Жасөспірім кезеңінде адамда жан қуатының сапалық жаңа құрылымдары (жыныс мүшелерінің жетілуі, сана сезімінің артуы, айналасымен қарым-қатынасының жаңа мазмұнға ие бола бастауы т.с.с.) қалыптасады. Бұл кезде жасөспірім дербестікке ұмтылып, әсерге берілгісі келеді. Жасөспірім кезінде дұрыс тәрбиеленсе, бала теріс қылықтарға (темекі тарту, ішімдік ішу, үйге тұрмау және т.б.) салынуы мүмкін. Жасөспірім кезеңінде олардың психологиялық ерекшеліктерімен санасып, қоғамдық пайдалы жұмысқа (оқу, спорт, еңбек) қатыстырып отыру керек [1].

Жасөспірім кезең адам өмірінің жеткіншек жастан жасөспірімдік кезеңге (14–16 жас) өту аралығы. Бұл кезеңде жасөспірімнің психологиясы екі ерекшелікке бөлінеді. Ерте жастық шақ кезеңі 15–18 және үлкею немесе есею кезеңі 18–21 жас.

Көптеген авторлар дағдарыс даму ұғымын «мінез акцентуациясы» мәселесімен байланыстырады. Жасөспірімдік шақта көптеген мінездік типтер қалыптасады және олар әлі өмірлік тәжірибе арқылы шындалмаған. Бұл ересектердің арасында да кездеседі. Осы жасөспірімдік шақта нормалардың әр түрлі типологиялық нұсқаулары «мінез акцентуациясы» ретінде айқын

көрінеді. Жасөспірімде көп нәрсе мінез акцентуациясының типіне тәуелді, яғни, пубертатты (жабық), невроз, тәртіп бұзушылық, т.б. [2].

Жасөспірімдік шақтың тәрбие психологиясында алатын орны ерекше. Оның маңыздылығы, ең алдымен, көлемді практикалық мәнімен анықталады; екіншіден, осы шақта адамдағы биологиялық және әлеуметтік қатынастар мәселесі анық байқалады; үшіншіден, жасөспірім «жас» түсінігінің әржақтылығы мен күрделілігі мысалы бола алады.

Кәсіптік таңдауда ынталандың рөлі үлкен. Ынта тұлғаның белгілі бір объектіге немесе іс-әрекетке деген белсенді арнайы қатынасы. Жалпы білім беретін мектептерде оқушылар ұжымы жас ерекшеліктеріне қарай сыныпқа бөлінсе, ал орта арнаулы оқу орындарында мамандық саласына қарай топтарға бөлінеді, оны орта арнаулы оқу орындарында білім алушыларының контингенті деп атайды. Бұл психологиялық ерекшелік төмендегідей әлеуметтік бірлікке бөлініп қызмет атқарады:

- белгілі бір нәтижеге бағытталған мақсат пен іс-әрекет;
- топ арасындағы өзара үйлесімділікті сақтау;
- білім алушылардың өзара жауапкершілігі мен белсенділігі;
- ұжымдық сыйластық, қанағаттану, жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту [3].

Жасөспірімдік кезең тұлғаның қалыптасуындағы ең маңызды сатысы болып табылады, әрі ол бір уақыттық акт емес, әлеуметтік пісіп жетілу сипатының әр түрлі дәрежесімен ерекшеленетін тұлғалық дамудың күрделі үдерісі.

Жасөспірімдік кезең алдыға ұмтылудың, жүйрік ойдың, ынтаның, шамадан тыс белсенділіктің, энергияның тасып тұрған кезі. Бұл кезеңде баланың бойында жігермен байланысты қасиеттер орын алады, олар: мақсатқа жетудегі талап, қайсарлық, қиыншылықтар мен кедергілерден өте алу қабілеті. Бірақ әрекеттің бір түрінде қайсарлық таныта отырып, бала ол қасиеттің басқа түрлерін онша көре алмауы мүмкін.

Бозбалалық жасқа тән сипат, ол өмірлік жоспар құру. Өмірлік жоспар құрудың бір себебі, тұлға алға қойған мақсаттарын жалпылаудың нәтижесінен пайда болады. Екіншісі, бұл мақсаттың нақтылануының нәтижесі. Өмірлік жоспар соңғы нәтижені ғана емес, соған жету тәсілдерін ойластырудан пайда болады. Өмірлік жоспардың арманнан айырмашылығы, ол іс-әрекет жоспары болып табылады. Жоғары сынып оқушысының кәсіби жоспары көбінесе нақты болмайды. Өзінің болашақ қызметте көтерілу, жалақының өсуі, үй, машина алу сияқты өмірдегі жетістіктерін шынайы бағалай отырып, оның шешіміне жанаңашылдықпен қарайды.

Жалпы толыққанды тұлға болу оңай қалыптаса қоятын құбылыс емес. Белгілі бір іске өзінің қабілеттілігі, икемділігі және тұлғаның өзін-өзі көрсету мүмкіндігі бар шаруалар кіреді. Бірақ ыңғайы мен қызықты қасиеттері

өздері қосылып, іс-әрекет үдерісінде өзгереді. Тез анықталған өзгерместік, белсенді қабілеттер жасөспірімдерде көп кездесе бермейді. Тұлға өзінің іс-әрекетін бақылауға үйреніп, өзінің мақсатына жету жолын таба білетін, өзінің бойындағы келеңсіз әдеттерден құтылып, жұмыс істеу қабілетін арттырып, еркін шынықтырып, қиыншылыққа өзін-өзі көндіруге тиіс. Сөйтіп, өзін-өзі тәрбиелеу үдерісі күрделене түседі.

Жастық кезеңде албырттық, өзін-өзі бақылау процесі жетіспеушілігі мүмкін. Белгілі бір мақсатқа қызыға кіріседі де, оған бір кездейсоқ қиыншылық кездеседі, ол сол әрекетінен тез суынады. Оған қиыншылықты жеңе білуге көмектесіп, енбектенбей, мақсатқа жетуге болмайтындығына көзін жеткізіп, бастаған істі ақырына дейін аяқтау қажеттігіне ұстаздық, тәрбиешілік етушілер де кезінде қол ұшын беруі тиіс. Жасөспірім шақтағы өзін-өзі танудың қалыптасу мәселесі көп факторлы және маңызы ерекше. Жасөспірімдердің өзіне-өзі жауапкершілігіндегі түсінігінің артуы, олардың өзін-өзі танудағы белгілі өзіне тән сипаты «Өзін-өзі ересекке ұқсату» және «Мен ересекке ұқсаймын?» деген сұраққа жауап беруі осының белгісі. Жасөспірімнің бойындағы мұндай қасиеттердің болуы жақсылықтың белгісі.

Осыған орай Е.А. Щумилин былай дейді: «мақсатты анықтап алып, оған жетуде кездескен бөгеттер мен қиындықтарды жеңу керек, сонда ғана сен «өзіңді-өзің табасың», жасөспірімдер осылай өздерінің өмірлік ұстанымын анықтайды» [2].

Кәсіпке икемдегенде тұлға қабілеттерінің сапасына ерекше назар аудару керек. Өйткені кәсіпке бейімдеуде өте қажетті нәрсе – қабілеттер мен мінездер. Адам мінезінің қай салада да тамаша нәтижеге жететіні, жұмысының жемісті болуы, оның қабілетіне байланысты. Ол адамның қалай әрекет жасайтыны, оның іс-әрекетінің ерекшелігі қандай екені темперамент пен мінезге тәуелді. Қабілеттерді моторға теңестіруге болады, ал темперамент пен мінез мотор жұмысына өте қажетті жанармай екендігі белгілі.

Адамның темпераменті, оның динамикалық ерекшеліктері жағынан бейнелейтін психикалық қасиеті. Тұрақты және негізгі психикалық ерекшеліктердің жекелеген қиысуы - мінез болады және ол адамның болмысқа қатынасынан көрінеді. Темперамент пен мінез тұлғаның өздігінше екі бөлек қасиеттері болса да, олар бір-бірімен тығыз байланысты және белгілі бір дәрежеде өзара сәйкес келіп отырады [3].

Темпераменттің сангвинник типіндегі адамдар жігерлі, жылдам және жұмысқа үлкен қабілеті бар. Темпераменті мұндай типті адамдар өзіне сәйкес мамандықты тез игереді, оған әр түрлі жағдайларда жаңа тапсырмалар, міндеттер артып отырса дұрыс болады. Сангвинниктің дауысы қатты, анық, ол дұрыс әрі нақты интонация қойып, тез сөйлейді, адамдармен тілдескенде сөздері ым мен

мимикаға толы болады. Іс-әрекетінде ол бір жұмыстан келесі жұмысқа оңай ауысып кетеді, бірақ істің ұсақ-түйегіне дейін ене алмайды, бірінғайлықты ұнатпайды.

Холерик – адамдармен қарым-қатынасқа түсе отырып, күйгелек және елікпе мінез көрсетеді. Ол өте кішкентай, мән бермейтін жағдайларға тез көңіл аударады. Пікірталас, айтыстарда біреуден асып түсуге тырысады, тез ашуланады және өзін ұстай алмай қалады. Жұмысты бар күшін салып, тез беріле отырып атқарады. Оларға жиі түрде үлкен шиеленісті талап етіп, тыныш жұмыспен алмасып отыратын іс-әрекеті сәйкес келеді. Темперамент ерекшелігіне байланысты холерикке үздіксіз түрде қуат күшін өзгертуді талап ететін, шиеленіспен және қауіп қатермен байланысты жұмыс істеген қолайлы.

Флегматик - байсалды, өзін-өзі ұстай білетін, оңай қажымайтын және шыдамды жұмысшы. Қимыл қозғалысы, сөйлеуі жәй, бәрін асықпай істейді. Оған көп қырлылықпен ерекшеленетін жұмыс сәйкес келмейді, бірақ бірқалыпты жұмыстар қиындық келтірмейді.

Меланхолик - сыртқы тітіркенулерге өте сезімтал келеді, қатты уайымшыл болғандықтан тез ренжиді, кішкене нәрсеге бола көзіне жас алады. Дауысы жай, қозғалысы ұстамды, мимикалары айқын емес. Меланхоликтің жұмысқа қабілеттілігі төмен, өзіне жауапкершілік алудан бас тартады. Себебі, оны орындай алмаймын деп қорқады.

Адамның мінезі өмір жағдайларының әсерінен жасақталған мінез-құлық нормаларын білдіреді. Мінез оның бітімдерінен құралады. Мінездің жігер бітімдері оның негізгі өзегі, басты құрамдас бөлшегі. Оған мақсатқа ұмтылыс, талап, төзімділік, қажырлық, шешімге тоқтау, табандылық, ерлік, өжеттік, батылдық бітімдері жатады. Мінездің кейбір бітімдері адамның қоғамға, басқа адамдарға қатынасынан байқалса, (ұйымшылдық, адамгершілік, жауапкершілік) басқалары еңбек қатынасын бейнелейді (еңбекті сүю, ұқыптылық, еріншек, жалқаулық). Тағы бірі өзіне-өзінің қатынасын (өзімшіл, атаққұмарлық, мақтаншақтық, ұмытшақтық т.б.) көрсетеді.

Жасөспірімдердің ең маңызды психологиялық ерекшелігі, ол өзін ересек сезінуі. Бұл сезім жасөспірімнің талап ету дәрежесінің әлі жетпеген болашақтағы, оның жағдайынан басым болуынан айқын көрінеді. Жасөспірім өзін қарқынды дамып келе жатқан ересек саналу қажеттілігін дербестік аясын кеңейту арқылы қол жеткізуге тырысады. Алайда, бұл сатыда бала толықтай дербес бола алмайды. Өсіп қалған дербестік сезімі мен жасөспірімнің психологиялық мүмкіндіктері арасында пайда болатын қайшылықтар оның әрі қарай психикалық дамуына алып келеді.

Жасөспірімнің өзін-өзі құрметтей білуі мен танып білуінің қалыптасуының бірнеше жолы бар, оның бірі өзінің ересек адам тұлғасы сипаты мен кейпіне

сәйкес тұлғалық дамуы, өйткені баланың ойынша ересек адам дербес тұлға. Сондықтан, жасөспірім баланың ұмтылысы, ол өзінің бала емес екенін, ересектермен тең екенін үлкендерге көрсету.

Жасөспірім бала ересектерден түсінушілік пен сенімді күтеді. Ал егер ересектер оны ересек деп санаспаса, ол өзінің қарсылығын дәрежелік, қиқарлық, қырсықтық, тындамау немесе үндемеу сияқты түрлі деңгейде көрсетеді. Бұл мінездердің барлығы ересектердің бала іс-әрекетінің шынайы себебін елемейтін келіп шығады немесе оның іс-әрекетінің сыртқы нәтижесін ғана елеп, ең жаманы оның әрекетін басқаша түсінуінде. Бұндай жағдайда балада тәрбиеге деген ішкі қарама-қайшылық пайда болады, ол қанша дұрыс болса да ересектердің талабын қабылдамайды, өйткені бұл талаптардың жасөспірім үшін еш мәні жоқ әрі ол қарама-қайшы мағынаға толы болады.

Жасөспірімдер үлкендердің өздерін бақылағанын, жазалағанын, өздерінің талап-тілектерімен санаспағанын ұнатпайды. Өзінің қатарластарымен қарым-қатынас барысында жасөспірім бала өзінің қасиеттерін тану, бағалау, талап-тілектерін қанағаттандыру мүмкіндігін алады. Құрбыларының ортасында бала тең дәрежеде «ересек» мәселелерін талқылай алады. Осы ортада жүріп, ол құндылықтарды қабылдап, өзіне және басқаларға баға беріп үйренеді.

Коммуникативтік әрекеттердің сыртқы көрінісі біраз қарама-қайшылыққа толы. Бір жағынан қандай жағдайда басқалардай болуға тырысу, екінші жағынан басқалардан ерекше болуға ұмтылу. Бір жағынан құрбыларының ішінде құрметке ие болуға тырысу, екінші жағынан өзінің кемшіліктерін жасыру. Сенімді дос табуға тырысып, ол құрбыларын ауыстырып отырады. Жасөспірім басқалармен бірдей болуға тырысса да, екінші жағынан қашқактайды.

Жасөспірімділіктің тағы бір сипаты әсершілдік. Эмоция өте шұғыл әрі басқарылуы өте қиынға соғады. Бұл күшті эмоциялар дауласу кезінде, бір нәрсені дәлелдеп немесе жақтыртпаған кезде көрінеді. Жасөспірімнің эмоциялық қасиеттері төменгі сынып оқушыларына қарағанда мықтырақ болып келеді. Романтикаға бейім жасөспірімдерде елестету нақтырақ әрі дағдарысты болып келеді.

Танып-білу әрекеттері қарқынды түрде дамиды. Жасөспірімнің бір затқа көңіл қоюы көлемі мен тұрақтылық жағынан сипатталып қана қоймай, сонымен қатар, өзіне тән тандай білумен сипатталады. Бұл кезеңде көңіл қою алдын ала жоспарлануы мүмкін. Тәрбие тандаулы, мақсатты әрі сараптамалы болады. Ес көлемі жағынан біраз ұлғаяды, әрі ол тек қана мәліметті есте жақсы сақтай алудан емес, сонымен қатар логикалық ойлау есебінен ұлғаяды. Жасөспірімнің есі де көңіл қою сияқты біртіндеп ұйымдасқан, реттелетін және басқарылатын үдерістерге ие.

Бозбалалық жасты әңгіме еткенде жасерекшеліктерімен қоса жыныстық-жастық ерекшеліктерді айту қажет, өйткені жыныстық айырмашылықтар аса маңызды әрі өзіндік эмоциялық реакциялардан, қарым-қатынас ерекшеліктерінен, психикалық-сексуалдық дамуда, өз-өзіне баға беру межесінен, кәсіби-еңбек және отбасылық өзін-өзі анықтау сипаттарынан көрінеді. Бозбалалық кездің ерте шағындағы маңызды психологиялық қол жеткізулердің бірі, ол өзінің ішкі дүниесін ашу. Бала үшін жалғыз шынайылық сыртқы дүние.

Мен»-нің даму деңгейі басқа тұлғалық ерекшеліктердің дамуымен тығыз байланысты. Жоғары сынып оқушысы жасында, оның өмірге деген көзқарасы қалыптасып, когнитивті эмоциональды-тұлғалық алғышарттар жетіледі. Осы кезеңде тек қана білім көлемі ғана өсіп қоймай, сонымен қатар жоғары сынып оқушысының ойлау дәрежесі де ұлғаяды. Осы жаста достық, сенімді қатынастар өте маңызды. Көбінесе махаббаттың бүкіл сан алуандығымен толықтырыла, кейде алмаса отырып, достық бозбалалар мен бойжеткендер үшін қатынастардың маңызды түрлерінің бірі болып келеді.

«Жоғары сынып оқушыларының формалды емес өзара қатынастары біртіндеп құндылыққа ие болады», – дейді М. Ю. Кондратьев, «олар қандай да бір зерттеу «полигонының» рөлін атқарады, онда бозбалалар мен бойжеткендер болашақ «ұлкендер» өмірінің стратегиялары мен тактикаларына жаттықтырылып, сынақтан өткізіліп, сенімділікке тексерілді [4].

ҚОРЫТЫНДЫ

Тек қана мақсатқа ұмтылған және шынымен де әуестенген 15–17 жасар жасөспірімдер ғана ары қарайғы кәсіби қалыптасуы, тұлғалық өзін-өзі анықтауы жолында табиғи бейімділікке адалдығын сақтап қалады. Міне, қазіргі таңда білім беруді ұйымдастыруда білім алушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру адам бойындағы асыл қасиеттердің көзін ашып, оны қоғамның белсенді мүшесі етіп дайындауда білім мен тәрбиенің бастауына осы жоғарыдағы айтылған құндылықтарды жүйелі пайдаланса ғана қазіргі тәрбиенің өз дәрежесіне жүзеге асары сөзсіз.

Мақалада орта арнаулы оқу орындарында оқитын білім алушылардың психологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне тоқтала келіп, өз кәсібінің иесі, өмір сүру берекесі болып табылатын орта арнаулы білім беру жүйесіндегі үдеріс білім алушылардың тұлғалық, кісілік қасиетін қалыптастырудағы маңызды факторлар – өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, өзіндік сана-сезім сияқты үдерістерді бір-бірімен ұштастыра жүргізгенде ғана өз нәтижесін берері анық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Педагогикалық және психологиялық қазақша-орысша сөздік. – Алматы, 2000.
- 2 Шумилин, А. П. Конфликты в школьном возрасте. – М., 1986. – 240 с.
- 3 Кон, И. С. Психология ранней юности. – М., 1989. – 122–123 с.
- 4 Мусаева, С. А., Бегалиев, Т. Б. Жас ерекшелік педагогикасы. – Астана, 2006.
- 5 Кондратьев, М. Ю. Психология старшеклассников. – М., 1986. – 111-115 б.
- 6 Личко, А. Е. «Психопатия и акцентуации характера у подростков» / Личко А. Е. – М., 1982.

Материал 26.11.18 баспаға түсті.

А. М. Таганова¹, Р. Ж. Досмырза²

Специфические психологические особенности обучающихся в педагогических колледжах

^{1,2}Педагогический факультет,
Актюбинский региональный государственный университет
имени К. Жубанова,
г. Актюбе, 320000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 26.11.18.

A. M. Taganova¹, R. Zh. Dosmyrza²

Specific psychological characteristics of students in pedagogical colleges

^{1,2}Pedagogical Faculty,
K. Zhubanov Aktubinsk Regional State University,
Aktobe, 320000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 26.11.18.

В статье рассматриваются ценностные ориентации на воспитание будущего поколения в новом направлении, рассматриваются передовые модели культуры, развитие активности, всестороннее развитие свободы личности, а также рассматривается проблема необходимости всестороннего и среднего специального образования-формирование всесторонне гармонично развитой личности. Рассматривается новый взгляд на воспитание ценностей подрастающего поколения, передовые модели культуры, развитие

активности, всестороннее формирование свободы личности. В статье также рассматриваются психологические особенности подростков в соответствии с основными педагогико-психологическими закономерностями системы среднего специального образования.

Очевидно, в статье рассматривается человеческий темперамент, стабильные и динамические характеристики, основные психические особенности индивидуального поведения и личности человека соответствовать отношению. А также рассказывается о том, что темперамент и поведение являются собственно двумя отдельными свойствами человека, что они тесно связаны друг с другом.

This article discusses the value of educating future generations a new look by adding an example in the direction of advanced culture, the development of activities, the formation of individual liberty, and given the need for comprehensive and secondary education – the formation of a fully developed personality. Also, it is talking about a new approach to the education of generations, to add compatibility developed culture, development activity, comprehensive formation of personal freedom. The article also considers the psychological characteristics of adolescents in accordance with the basic pedagogical and psychological patterns of the system of secondary special education.

Obviously, in the article, the human temperament, stable and dynamic characteristics, the basic mental characteristics of individual behavior and the personality correspond to the attitude. It, also tells that the temperament and behavior are two separate properties of a person, that they are closely related to each other.

SRSTI 14.35.07

Zh. A. Temerbaeva¹, A. E. Aimolda²

¹professor, S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan;

²PhD student, Pavlodar State Pedagogical University, Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan

e-mail: ¹zhanna.temerbaeva@mail.ru; ²asseltemerbaeva@gmail.ru

PROJECT METHOD IN THE EDUCATIONAL PROCESS

This article introduces the interest in using projects method in the learning process, where changes that have covered whole system education are taken into account. The use of new scientific and methodical basics and developed information resources allowed to include project activity method.

The article notes that this type of activity is perceived as a way to increase student motivation. Also, project activities provide a high level of cognitive interest, integration of theoretical knowledge with practical experience and contributes development of creative activity. It highlights several types of project activities of students and instilled their brief characteristics, discussed positive sides of this activities.

Keywords: education, design and creativity methods, students.

*«Tell me – and I will forget.
Show me and I will remember.
Engage me – and I will learn.»*

INTRODUCTION

And the information society, the transition which began in Kazakhstan, defines fundamentally new requirements of the society for vocational education. In the conditions of constantly growing rates of renewal of knowledge, technology and technology, the speed of their changes began to outpace the dynamics of the change of generations of people.

The success criterion for the future specialist is not so much the effectiveness in studying subjects as the attitude of a person to the possibilities of his own knowledge, the acquisition of personal and professional experience in the process of teaching non-standard means, developing students' aspirations and skills to independently acquire and use new knowledge. Due to the circumstances, at present, the contradiction

between a fairly high level of requirements for specialists and the unwillingness of most graduates to meet the current expectations of society has become aggravated.

At the traditional approach to education, the traditional means of learning focused on the accentuated form of classes is impossible. It is necessary to involve each student in an active cognitive process, to create an adequate learning and subject environment that would allow free access to various sources, the opportunity to work in cooperation in solving various problems. In this regard, the most relevant issues are the optimization of the educational process in the university. Practice shows that one of the ways to solve this problem is to use project activities in teaching natural science disciplines, including engineering graphics.

The method of projects is a wonderful didactic tool for teaching the design the ability to find solutions to various problems that constantly arise in the life of a person who occupies an active life position. It allows you to bring up an independent and responsible person, develops the creative beginnings and mental abilities necessary qualities of a developed intellect. That is, the project is «five P»:

- The problem;
- Design (planning);
- Search for information;
- Product;
- Presentation.

The sixth «P» of the project is his Portfolio, i.e. a folder containing all the working materials of the project, including drafts, days plans and reports, etc. An important rule: each stage of work on a project must have its own specific product!

In modern world and domestic pedagogy, there are several dozens of detailed technologies for project activities. Of greatest interest are, undoubtedly, those of them that have been tested and have proven their viability in practice.

MAIN PART

The project method is not fundamentally new in world pedagogy. It originated at the beginning of the last century in the United States. He was also called the method of problems and was associated with the ideas of the humanistic direction in philosophy and education developed by the American philosopher and teacher J. Dewey and also his student AT. X. Kilpatrick. J. Dewey proposed to build a learning process on an active basis, through the learner's expedient activity, in keeping with his personal interest in precisely this knowledge. From here it was extremely important to show teaching and appreciating their personal interest in the acquired knowledge, which can and should be useful to them in life. This requires a problem, taken from real life, familiar and meaningful for the learner, for whose solution he needs to apply the acquired knowledge, new knowledge that has yet to be acquired

The roots of the menu e projects lie not only in the field of pedagogy, but mainly in the social sphere:

- the need not so much to transfer to students the sum of certain knowledge, but to teach them to acquire this knowledge independently, to be able to use the acquired knowledge to solve new cognitive and practical tasks;
- the relevance of the acquisition of communication skills and abilities, i.e. ability to work in various groups, playing various social roles (leader, performer, mediator, etc.);
- the relevance of broad human contacts, familiarity with different cultures, different points of view on one problem;
- the importance for human development of the ability to use research methods: collect the necessary information, facts, be able to analyze them from different points of view, put forward hypotheses, draw conclusions and conclusions.

In European languages, the word project is borrowed from Latin, which literally means: «thrown forward», «protruding», «elongated», «conspicuous».

The project method is a pedagogical technology oriented not towards the integration of factual knowledge, but towards their application and acquisition of new ones. The active involvement of students in the creation of certain projects gives him the opportunity to learn new ways of human activity in a socio - cultural environment.

The basis of the project method is creativity, the ability to navigate in the information space and independently construct their knowledge.

Basic requirements for using the project method:

- 1 The presence of a significant research problem we / tasks requiring integrated knowledge, research search to solve it;
- 2 Practical, theoretical, cognitive significance of the hypothesis results expected;
- 3 Independent (individual, steam room, group) activities of students;
- 4 Determination of the ultimate goals of joint / individual projects;
- 5 Determination of basic knowledge from various areas necessary for work on the project.
- 6 Structuring the substantive part of the project (indicating milestone results);
- 7 Using research methods:
 - identification of the problem, the research objectives arising from it;
 - hypothesize their solution, discuss methods of research testing;
 - design of the final results;
 - analysis of the data;
 - summing up, adjustments, conclusions (use during the joint study of the method of «brainstorming», «circle table logo, statistical methods, creative reports, pro reviews, etc.).

The latter is especially important, as it relates, as it were, to the technology of design methods. Not fluent enough research, problem, search methods, the ability to keep statistics, processing data without owning certain types of creative methods activities, it is difficult to talk about the possibility of successful organization of project activities of students. This is a prerequisite for us. Working on the project method. In addition, you must own and those the design method itself.

The most difficult moment when introducing the project method into the educational process is to organize this activity, and especially to prepare body stage. When planning for the school year, the teacher will have to pour the leading topic (section) or several topics (sections) that will be «submitted for design». Further, it is necessary to formulate 15–20 both individual and group topics per group, work on which requires students to assign the necessary knowledge and form the necessary experience. It is desirable to differentiate topics according to the article. Penalty complexity, but it is not necessary. Students must have a certain ability to choose the project theme, the organizational form of its implementation (individual and group), the degree of complexity of the design activity.

The clarity of the organization of design is determined by clarity and concreteness of goal setting, highlighting the planned results, source data. Very effective is the use of small methods, recommendations or instructions, which indicate the necessary and additional literature for self-education, the requirements of the teacher to project quality, forms and methods of quantitative and qualitative assessment of results. Sometimes it is possible to single out a design algorithm or other phased division of activity.

The choice of projects in different situations may be different. In some cases, this topic can be formulated by specialists of the organization. New education in the framework of approved programs. In others, to be promoted by teachers, taking into account the learning situation in their subject, natural professional interests, interests and abilities of students. In the third their subjects of projects can be offered by the students themselves, who, naturally, are guided by their own interests, not only purely educational, but also creative, applied.

Subjects of the projects may concern some theoretical issue of the university program in order to deepen the knowledge of individual students on this issue, to differentiate the learning process. More often, however, the themes of projects, especially those recommended by the educational authorities, relate to some practical issue that is relevant for practical life and at the same time that requires attracting students' knowledge not in one subject, but from different areas, their creative thinking, research skills. Thus, in this way, a completely natural integration of knowledge is achieved.

According to the classification dominantly her student activity projects divisible by the following:

The research project on the structure resembles a truly scientific study. It will require work on a specific algorithm:

- formulation of the problem;
- formulation of a hypothesis;
- action planning;
- data collection, analysis and synthesis, comparison with known information;
- preparation and writing of generalization (album, report, etc.);
- protection, project presentation.

The information project is aimed at collecting information about an object, a phenomenon for the purpose of its analysis, synthesis and presentation for a wide audience.

Creative project involves the freest and unconventional approach to the design of the results.

Applied project. In this project, from the very beginning, the result of the activities of its participants is clearly indicated:

- draft technical law or set of rules;
- a model of an object, the process of proving a theorem;
- design project, etc.

In all these projects we are not talking about the only, but about the dominant direction of the activities of the participants.

The immediate goal of the project classes, is the development of skills to manage their activities, i.e. independently set your goals, choose partners, plan your actions, practically implement the plan, present the results of your activities, discuss them, evaluate yourself.

Project work can be a lesson stage, a separate lesson, have a broader time frame (project day, project week, etc.).

The implementation of all stages of the project tasks can be included in the following system of lessons (fragments of the lesson):

- Lesson orientation and motivation;
- Lesson planning activities;
- Lessons for mastering educational material;
- Lesson mutual consultation;
- Lesson in mastering skills;
- A lesson in the control and protection of projects or their stages;
- Lesson correction and reflection activities.

By studying this subject, the student must have an idea of tracing curvilinear forms different outlines as well also with geometrically correct and wrong in

bodies rotation all kinds of configurations. For of this often it happens is necessary perform smooth transition straight the lines at arc circumference or smooth transition between arcs circles, which the called pairing. But given the different a level basic element of students' knowledge, it is necessary to motivate strong students for cognitive activity.

Lesson orientation and motivation.

The teacher immediately turns to the question of the need to study the subject assembly drawing. Examines the work of a small design office. It offers to independently disassemble roles and choose an assembly unit.

Lesson planning activities.

A number of students are consciously engaged in the implementation of creative tasks. At the lesson, while studying the assembly unit, a fragment of the lesson is highlighted, where a creative group of 2–3 students consider the principle of operation of the assembly unit, its purpose and description of details.

Lesson mastering educational material.

Students draw sketches of parts of the assembly unit. This they can do on their own without difficulty, using previously acquired skills. This is a kind of consolidation stage, since the topic of the sketch of the detail was considered earlier.

Lesson of mutual consultation.

Students complete work on detailing. Perform the preparation for the assembly drawing. The teacher performs the function of a consultant and only advises and directs the activities of students.

Skill development lesson

Provides for independent work of students. Where they carry out the assembly drawing. Make up the specification.

Lesson of control and protection of projects or their stages.

Protecting the project involves creating a presentation. The report on the implementation of the project is the folder «Conjugation»:

- project passport;
- plans for the implementation of the project and its individual stages. The plans indicate: the individual task of each participant in the project group for the upcoming period of time, the tasks of the group as a whole, the form of the exit of the next stage;
- group interim reports;
- all the information collected on the topic, including photocopies and printouts from the Internet;
- The results of research and analysis;
- all ideas, hypotheses and solutions;
- reports of group meetings, discussions, brainstorming, etc.;

– a brief description of all the problems faced by the designers, and how to solve them;

- sketches, drawings, sketches of the product;
- materials for the presentation;
- other working materials and drafts of the group.

All group members take part in filling in the project folder. Student records should be as brief as possible – in the form of small sketches and annotations.

Lesson correction and reflection activities.

An analysis of errors and ways to eliminate them.

Questions for discussion were formulated as follows:

- Has the project goal been achieved?
- did one of your own problems solved during the project?
- what were the personal motives of each group member?
- to which of the stages of the project do you remember most and why?
- what is less in comparison with the usual academic subjects?
- did you want to change anything during the project week, to improve the content and organization of work?
- about the results of the discussions.

«Conjugation and Beauty» project

The purpose of the graphic work:

- To get acquainted with the methods of building a mate between two circles, a circle and a straight line.

Interface technology:



Figure 1 – Conjugation of circles (arcs) with a straight line conjugation of circles (arcs), internal conjugation of circular arcs

Examples of the search for sketches of candlesticks are shown in the figure 2.



Figure 2 – Sketches of candlesticks

Task definition

Techniques for completing a circle mate should serve as an accent when doing graphic work.

The project must be combined aesthetic and functional solution.

Developed on the basis of mates types of methods of constructing candlesticks on figure 3 can be used in the manufacture of candle holders to order, as well as further use for startup projects.




Figure 3 – Types of candlesticks

CONCLUSIONS

The tasks set at the beginning of the work are completed. Sketches of candlesticks well demonstrate a combination of graceful asymmetric lines with graphic conjugation lines. I believe that the sketches have been developed to the stage when they can be used to make products using artistic forging, and deserve a positive assessment. Part of the project will allow students to gain practical experience in planning, formulating a scientific problem, hypothesis, experiment design, data collection and processing, presentation of the results, which will undoubtedly need them in the continuation and education and professional activities. «Everything that I learn, I know what I need it for and where and how I can apply this knowledge» is the main thesis of the modern understanding of the method of projects. After graduating from university, students will have to independently live and work in a high-tech society to develop modern production, manage it, introduce advanced technologies, apply optimal sociopolitical and managerial solutions, for this you need to have not only deep knowledge, a high level of scientific culture, but also logical, rational thinking.

REFERENCES

- 1 Guzeev, A. T. The development of educational technology. – M., 1998.
- 2 New pedagogical and information technologies in the education system / ed. E. S. Polat. – M., 2000.
- 3 Pakhomova, N. Y. Method study project. – M., 2003.
- 4 Pakhomova, N. Y. Project training – what is it? // Methodologist. – № 1. – 2004. – P. 42.

Material received on 26.11.18.

Ж. А. Темербаева¹, А. Е. Аймолда²

Оқу үрдісіндегі жоба әдісі

¹С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

²Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ., 140000, Қазақстан республикасы.

Материал 26.11.18 баспаға түсті.

Ж. А. Темербаева¹, А. Е. Аймолда²

Метод проекта в учебном процессе

¹Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан;

²Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 26.11.18.

Бұл мақала білім беру үдерісінде барлық білім беру жүйесін кеңейтетін өзгерістерді есепке ала отырып, жобалық әдісін қолдануға қызығушылық танытады. Жаңа ғылыми-әдістемелік негізді және дамыған ақпараттық ресурстарды пайдалану, ең танымал білім беру технологиялар шеңберіндегі жобалық қызмет әдісіне енгізуге мүмкіндік берді. Мақалада бұл қызметтің түрі студенттердің ынталылығын арттыруға мүмкіндік ретінде қарастырылады. Сол жобалық қызмет танымдық қызығушылықтың жоғары деңгейін, теориялық білімдерін практикалық тәжірибемен интеграциялауды және шығармашылық қызметтің дамуына ықпал етеді. Студенттердің жобалық жұмыстарының бірнеше түрлері анықталды және олардың қысқаша сипаттамасы берілді, осы қызметтің оң аспектілері талқыланды.

В данной статье проявлен интерес к использованию метода проектов в процессе обучения с учетом изменений, охвативших всю систему образования. Использование новой научно-методической основы и развитых информационных ресурсов позволило включить метод проектной деятельности в круг наиболее востребованных образовательных технологий. В статье отмечается, что данный вид деятельности воспринимается как путь повышения мотивации студентов. Так же проектная деятельность обеспечивает высокий уровень познавательного интереса, интеграцию теоретического знания с практическим опытом и способствует развитию творческой

активности. Выделено несколько видов проектной деятельности студентов и приводится их краткая характеристика, обсуждены позитивные стороны данной деятельности.

FTAMP 14.07.09

Д. Т. Тулекенова

п.ғ.м., аға оқытушы, Шетел тілдері педагогикалық факультеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
e-mail: dinartul@mail.ru

ШЕТ ТІЛІН ЕРТЕ ЖАСТАН ОҚЫТАТЫН МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІПТІК ДАЯРЛАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Мақалада Жапония мен Еуропа елдеріндегі шет тілдеріндегі балаларды ерте оқыту үшін мұғалімдерді кәсіби даярлаудың мақсаттық, мазмұндық және құрылымдық параметрлері сипатталған. Шетел тілін оқытуда қолданылатын қазіргі заманғы білім беру стандарттарының негізгі ережелері, сондай-ақ шетел тілін оқыту үдерісінде студенттердің алған құзыреттіліктері сипатталған. Ұлттық білім беру бағдарламаларының мақсаттары, мазмұны және құрылымы талқыланады. Бұл бастапқы зерттеулер әртүрлі елдердегі модельдердің ұқсастығы мен айырмашылықтарын айқындау үшін одан әрі талдау үшін таңдалады. Бұл деректер ерте шет тілінде оқытумен байланысты кәсіби педагогикалық оқу бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттерін түсінудегі соңғы өзгерістерді, тәжірибе таратудың жаңа перспективаларын ашып, Қазақстанда кәсіптік білім беруді дамытуды көрсетеді.

Кілтті сөздер: шетел тілі, ерте жастан оқыту, құзыреттілік, коммуникативтік амал.

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда халықаралық іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде ағылшын және басқа да шетел тілдерін оқып-үйренуге байланысты мәселелер Қазақстан Республикасының Білім Беру жүйесінде өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Бүгінде ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде 90 % ақпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі екі есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды [1].

Қазақстандықтардың лексикалық капиталының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі іскерлік және халықаралық қарым-қатынас құралы ретіндегі шетел тілдері болып табылады. Осыған орай шетел тілдерін оқыту процесінде шеттілдік білім беру кеңістігін орнату көзделіп отыр. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдар мен орта білім беру ұйымдарындағы үштілді білім беру және тәрбиелеу қызметіне арналған әдістемелік материалдарды өзірлеу және шығару да көзделген [2].

Ерте жастағы оқушыларға шетел тілін оқыту – шеттілдік білім берудегі ең ауқымды мәселелердің бірі. Болашақта шетел тілін халықаралық деңгейде меңгеріп, коммуникацияға шығу үшін үкіметтер, мектептер мен ата-аналар балаларына шетел тілін үйретудің жолын іздейді. Қазіргі кезде көптеген мектеп бағдарламалары оқушылардың коммуникативті қабілеттерін дамытуға бағытталған және осыған орай ерте және бастауыш буындардағы оқушылар ағылшын және т.б. тілдерді үйренеді.

Отандық жоғары білім беру жүйесінде шетел тілдерін ерте жасатан оқыту саласындағы мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру бүгінгі күні белсенді талқыланады. Сондықтан пайдалы педагогикалық идеяларды табу үшін шет елдердің тәжірибесіне көшу – бұл өзекті мәселе болып отыр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1970–1980 жылдардан бері Жапонияда және шет елдерде білім беру мекемелерінде шет тілдерін оқытудағы коммуникативтік амалға үлкен мән берілді. Осыған байланысты, соңғы жылдары Еуропа мен Америкада тілдік құзыреттілік және оқу процесінде осы құзыреттіліктерге жету критерийлері анықталды.

Оқудың коммуникативтік амалы Жапонияға Батыстан келді. Ағылшын тілі халықаралық мәртебеге ие болған сәтте осы амал Британияда 60–70 жылдары пайда болды.

Жапонияда коммуникативтік амал 1980 жылдары танымал бола бастады. Сол кезде кең таралған дәстүрлі әдістер – аудио-лингвалды, грамматикалық аударма әдісі және т.б. әдістер болды. Бүгінгі күні шет тілін оқытудың коммуникативтік амалы барлық жерлерде таралды. Бұл амал арқылы тіл үйренуде сөздерді және сөз тіркестерін есте сақтаудан басталады, содан кейін алынған білім базасын грамматикамен байланыстырады. Оқу барысында

студенттер ауызша және жазбаша сөйлеуге, мәтіндерді есту түрінде аударуға және тез оқуға үйренеді.

Жапонияда шет тілін оқытудың заманауи стандарттарына сәйкес білім берудің негізгі идеясы: «Өзгелерді тану, өз-өзін тану, байланыстарды орнату» болып табылады [5].

Негізгі мақсаты – шет тілінде еркін сөйлеуге және сауатты білуге үйрету. Оның ішінде әртүрлі елдердің тілдері мен мәдениетін зерделеу, студенттердің жалпыға ортақ құндылықтарын дамыту және студенттерді толеранттылыққа, мейірімділікке, басқаларға құрметпен қарауға, өзін-өзі бағалауға, тәуелсіздікке, сондай-ақ шығармашылыққа, ойлау қабілетіне және жауапкершілік сезіміне тәрбиелеуге, тіл үйреніп қана қоймай, басқалармен қарым-қатынас орнатуға және жаңа қоғам құруға қажетті қасиеттерге ие болуға үйрету.

Жоғарыда аталған білім беру идеялары мен мақсаттарына негізделе отырып, оқытудың мақсаты үш секторда – тілде, мәдениетте және жаһандық қоғамда жалпы коммуникативтік құзыреттілікке ие болу болып табылады. Әрбір сектор өз кезегінде жеке бөлінген құзыреттіліктен тұрады: түсіністік, біліктілік және коммуникация.

«Түсіну» құзыреттілігі студенттердің нені түсіну керектігі және олардың қандай білім алу керектігі екенін сипаттайды. «Біліктілік» құзыреттілігі студенттердің қандай дағдыларды, соның ішінде ойлау мен бағалау қабілеттілігін, практикалық дағдыларды және оларды жеткізу тәсілдерін сипаттайды. «Коммуникативтік» құзыреттілік қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатуды сипаттайды.

«Шетел тілдерін меңгеру деңгейінің жалпы еуропалық құзыреттілігі» бағдарламасы мен стандарты тіл үйренушілердің қатысымда тілді тиімді қолдану үшін қандай білім мен дағдыларды дамыту керектігін кешенді түрде сипаттайды және оқушылардың оқудың әр кезеңінде өлшенетін білім деңгейін анықтайды [9].

Әр деңгейде оқыту нәтижелері «Can Do» дескрипторлары арқылы өлшенеді. Деңгейлер ұлттық білім беру жүйесі (Қазақстан Республикасының шет тілінде білім беру жүйесі) ерекшеліктерімен үйлестірілген және төмендегідей жүзеге асырылады [10]:

Кесте 1

Бастауыш менгеру	A1	Мәдениаралық парадигма контекстінде шет тілін менгерту; Шет тілін мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан және өз елі мен елінің мәдениетін таныстыра алу қабілеттерін дамыту.
	A2	Шет тілін менгеруде өзін-өзі бақылау мен бағалау негіздерімен танысу; білім алу потенциалын дамыту.
Өздігінен менгеру	B1+ LSP	Коммуникативті және кәсіби компетенцияларды менгеру; Күнделікті жағдайларда, мәдени, білім беру және кәсіби қарым-қатынаста сөйлеушілермен өзара іс-қимыл қабілетін дамыту; Жалпы-гуманитарлық, жалпы кәсіптік, жалпы ғылыми және жалпы техникалық бағытта оқу мәтіндерін тындау, түсіну.
	B2+LSP B2	Нақты мамандық бейіні бойынша кәсіби-бағытталған тілдесу; Бағдарламада көрсетілген әлеуметтік және кәсіби байланыстар орнату және қолдау; Радио, теледидардан берілген жаңалықтардың мағынасын түсіну; Ғылыми-көпшілік, публицистикалық мәтіндерді, сондай-ақ прагматикалық мәтіндерді: жарнамалар, жаңалықтар оқу және дәлелді бағалау жасай білу; Өмірбаяндық деректер, күнделікті іс-шаралар, жеке ұсыныстар, қарапайым хаттар; Профильді бағытта оқыту талаптарына қанағаттану: сауалнама, ресми хат толтыру.
Еркін менгеру	C1	Қалыптасу бұрынғы деңгейде басталған шет тілдік коммуникативтік құзыреттілік бойынша жұмысты жалғастыру; Шет тілін менгеру сапасына баса назар аудару;
	C2	Оқытылып жатқан тіл елінің мәдениетін терең түсіну; Шет тіліндегі қарым-қатынас дағдыларын кәсіби мақсаттарға қалыптастырып, көшу; Жалпы кәсіби ситуациялармен танысу; Шетел тілдерін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігін, мәдениетаралық коммуникациясын менгеру үшін академиялық шет тілін оқу.

Жапонияда ағылшын тілін оқыту тек қана орта мектеп (5–6 сынып) деңгейінен бастап оқытылды. Алайда, бастауыш мектептердің санының көбеюі білім берудің бөлігі ретінде 2002 жылы енгізілген кешенді оқыту сабақтарын ағылшындығы белсенді іс-әрекеттер, сонымен қатар ойындар, өндер және әнгіме сабақтарын қоса отырып сабақ жүргізе бастады.

Бесінші және алтыншы сыныптардан бастап ағылшын тілі оқытылса да бастауыш мектептер біртіндеп ағылшын тілін үйренуге кірісті. Жақында Жапонияның мемлекеттік мектептері бастауыш мектеп деңгейінде ағылшын тілін үйренуге міндетті басқа елдердің қатарына кірді.

Жапонияда ағылшын тілін ерте жастан оқыту мұғалімге-бағдарланған әдістер арқылы жүзеге асуы керек. Басқаша айтқанда, бастауыш мектептің негізгі идеясы ағылшын тілін «тілдік білім» ретінде емес, «оқу іс-әрекеті» түрінде көрсету болып табылады. Бұл дегеніміз, орта мектепте грамматика, оқу және жазу арқылы пән ретінде оқыту емес, интеграцияланған оқу іс-әрекеттері арқылы тындау және сөйлеуге ерекше назар аудару деген сөз.

Алайда, «шетел тілі іс-әрекеті» бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқытуға теңестірілмеуі керек. Ресми курстың оқу құжатында ағылшын тілін оқытудың қолайлы тілі екендігін көрсетеді, бірақ ол тіл үйренуден гөрі іс-әрекет түрлеріне қатысты нұсқауларды сипаттайды. Сонымен қатар, міндетті түрде болса да, «шетел тілі іс-әрекеті» жапон тілі, математика немесе әлеуметтік зерттеулер секілді академиялық пән болып саналмайды, керісінше, ол «жалпы интеграциялық оқыту» саласына жатады, бұл өнер мен музыкаға байланысты. Бір оқу жылында әрбір сынып 35 сағаттың жалпы оқыту уақытымен шектеледі.

Көптеген бастауыш сынып мұғалімдерінің ағылшын тілін үйренгісі келмейтіні шындық, себебі олар өз жұмысының барлығын академиялық және әкімшілік талаптарына сәйкес жұмыс жасайды. Осындай проблемаларды шешу алдын ала қызмет көрсету және мұғалімдердің біліктілігін арттырудың саны мен сапасын едәуір арттыруды талап етеді. Жапонияда, Кореяда және Тайвандағы бастауыш мектеп мұғалімдерінің салыстырмалы шолуда мұғалімдердің тілдік қабілетінің және әдіснамалық құзыреттіліктерінде үқсас проблемалар анықталған. Осы проблемаларды жеңілдету үшін шет елдік ғалымдар мұғалімдерге шетел тілін оқытуға байланысты барлық салаларда кешенді оқытуды, сонымен қатар ағылшын тілін жетілдіруге жүйелі түрде қолдау көрсету ұсынған.

Қазір Жапонияда ағылшындар, америкалықтар, канадалықтар, австралиялықтар және Жаңа Зеландия мұғалімдері оқытатын көп деңгейлі, жан-жақты және белсенді тілдік оқытуды ұсынатын көптеген жеке меншік ағылшын мектептері ашылды. Бұнда жапондық жалпы білім беру мектептеріндегі шетел тілдерін оқыту жүйесінен түбегейлі айырмашылығы бар, онда негізгі ерекше көңіл ағылшын тіліндегі мәтіндерді оқу және жазбаша мәтіндерді түсіну және ЖОО түсу үшін күрделі теориялық емтихандарға дайындалуға негізделген.

Еуропаның (Германия, Италия, Финляндия, Эстония) шет тілдеріндегі балаларды ерте жастан оқыту үшін мұғалімдердің осы салада ең ірі ғылыми-

зерттеу қызметі мен алдыңғы қатарлы нәтижелерін көрсететін кәсіби білімінің ерекшеліктеріне мән береді.

Еуропаның көптеген елдерінде бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан реформалар алғашқы шетел тілін ерте міндетті түрде оқытуды талап етеді. Испанияда ол – 3 жастан бастап, Мальтада – 5 жастан бастап, Францияда, Швецияда және Польшада – 7 жастан, Литвада – 8 жастан, Исландияда – 9 жастан бастап оқытылады [8].

Финляндиядағы бастауыш мектепте шетел тілі мұғалімін даярлау көп деңгейлі білім беру жүйесінде оқу бағдарламаларын әзірлеуге, болашақ маманның біліктілігіне қойылатын жоғары талаптарға, тәжірибеге бейімделуге және «Шетел тілі» пәнін кіріктірілген бастауыш білім беру ортасына қосу мүмкіндігіне ерекше көзқараспен ерекшеленеді.

Эстониядағы шетел тілдерін ерте оқытудың профильдік бағдарламасы бастауыш сынып мұғалімдерін және мектепке дейінгі білім берудің мұғалімдерін даярлау шеңберінде жүзеге асырылады. Гуманитарлық пәндер циклінен студенттер «Бастауыш мектептегі ағылшын тілі мұғалімі» немесе «Мектепке дейінгі мекемедегі ағылшын тілі мұғалімі» мамандығы бойынша негізгі мамандықтарына байланысты таңдауға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Шеттілін ерте жастан білім беруде түрлі елдерде қолданыстағы шетелдік тәжірибесін талдау нәтижесінде, көптеген елдерде оқытудың негізгі мақсаты шетел тілдерін ерте жастан оқытуға негізделгеніне көз жеткіздік. Оқыту барысында жоғары сапалы, лингвистикалық және әдістемелік жағынан дайындық керек екеніне көз жеткіздік. Алайда, әрбір ұлттың ұлттық білім беру жүйесінде екпін мен ерекшеліктер болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы : жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 2017 жылғы 31 қаңтар, Қазақстан Республикасы президентінің ресми сайты

2 Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

3 **Gaynor, Brian.** Teaching English to Young Learners in Japan : Communicative Competence and Classroom Reality. // Proceedings of CLaSIC 2014. – P.118–127.

4 **ANTHONY Gregory, C.** Developing Japanese Elementary Students' English Communication Abilities : Manifesto and Reality. – P.11–29

5 **Москвина, О. В.** Современная технология обучения иностранному языку в японской школе // Сибирский педагогический журнал.– № 6. – 2015. – С. 167–167.

6 **Masashi Otani,** Communicative Language Teaching in English at Japanese Junior High schools. – P. 285–305.

7 **Радионова, Н. Ф., Кропачева Соболевская, М. В.** Зарубежный опыт профессиональной подготовки педагогов.

8 **Сизова, О. А.** Раннее обучение языкам – путь к мультилингвизму // ПЕДАГОГИКА, Южно-Российский государственный университет экономики и сервиса (Статьи по специальности 13.00.08). – 2010. –№ 3. – с. 181–189.

9 Council of Europe 2001: Common European Framework of Reference for Languages : learning, teaching, assessment. – Cambridge : Cambridge University Press. – P. 260.

10 Көптілділік зертханасы [Электронды ресурс]. – <http://www.kazguiu.kz/kz/basty-bet/about-university-3/halykaralyk-yntymaktastyk/koptildi-bilim-beru-laboratoriyasy/koptildik-zerthanasy/>

Материал 26.11.18 баспаға түсті.

Д. Т. Тулекенова

Зарубежный опыт профессиональной подготовки педагогов по раннему иноязычному обучению

Педагогический факультет иностранных языков,
Казакский университет международных отношений
и мировых языков имени Абылай хана,
г. Алматы, 050022, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 26.11.18.

D. T. Tulegenova

Foreign experience of professional teacher training in early foreign language education

Pedagogical Faculty of Foreign Languages,
Kazakh Ablai Khan University of International Relations
and World Languages,
Almaty, 050022, Republic of Kazakhstan.
Material received 26.11.18.

В статье излагаются целенаправленные, содержательные и структурированные параметры подготовки педагогов к раннему обучению детей иностранным языкам в Японии и европейских странах. Описываются основные положения современного стандарта образования, используемые при преподавании иностранного языка, а также некоторые компетенции, полученные учащимися в процессе обучения иностранному языку. Обсуждаются цели, содержание и структура национальных образовательных программ. Эти базовые исследования выбраны для дальнейшего анализа, чтобы подчеркнуть сходство и различия моделей в разных странах. Эти данные показывают последние изменения в понимании целей и задач профессиональных программ подготовки учителей, связанных с преподаванием на раннем иностранном языке, открывают новые перспективы для распространения опыта и развития профессионального образования в Казахстане.

The article presents current results of the research of professional teacher training for teaching foreign languages to young learners in Japan and Europe. It describes the main provisions of modern education standard used in teaching a foreign language and also includes some competences acquired by students in the process of foreign language teaching. It discusses aims, contents and structure of national educational programmes. These basic researches are chosen for further analysis to emphasize similarities and differences of the models in different countries. These findings reveal recent changes in understanding of aims and mission of professional teacher training programs related to early foreign language teaching, open new perspectives for the experience dissemination and development of professional education in Kazakhstan.

FTAMP 378 14.35.09

К. А. Тулеужанова¹, С. С. Онгарбаева²

¹п.ғ.к., қауымд. профессор, «Музыкалық білім» кафедрасы, Педагогика және психология факультеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., 040000, Қазақстан Республикасы
²п.ғ.м., «Музыкалық білім» кафедрасы, Педагогика және психология факультеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., 040000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹nur_gosha@mail.ru; ²sabitovna2018@mail.ru

Д. РАҚЫШЕВТЫҢ ӘНШІЛІККЕ БАУЛУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мақалада Қазақстан Республикасы әншілік әндердің орындау және мәнері мен ерекшеліктеріне қарай, айырықша бірнеше аймақтық мектептер сипатталған. Олардың ішінде Арқа мектебі, Жетісу мектебі, Батыс Қазақстан мектебі. Жетісу мектебінің өкілі, Жетісу композиторы, Дәнеш Рақышевтың музыкалық-педагогикалық тәжірибесіне сипаттама берілді. Бұл мақалада әншінің ән айту әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктерін анықтауға әрекет жасалды, және Қазақстандағы вокальдық педагогиканың дамуына үлес қосуда.

Дәнеш Рақышевтың вокальдық әдістемесіне талдау жасауда А. Г. Менабенидің «Методика обучения сольному пению», Л. Б. Дмитриеваның «Основы вокальной методики», Б. Орловановтың, «Певческий голос и методика его постановки», М. Л. Львовтың «Из истории вокального искусства», Ф. Лампертидің «Искусство пения», В. М. Морозовтың «Тайны вокальной речи» және «Вокальный слух и голос», К. М. Малышеваның «Әншінің дауысын қою, яки оны кәсіби әншілікке даярлау үшін бейімдеу және дамыту» және т.б., сонымен бірге М. С. Сеченов, И. П. Павловтың физиология саласындағы ғылыми еңбектердегі зерттеу нәтижелеріне сүйендік. Сонымен қатар 1990–1992 жылдары қазіргі Дәнеш Рақышев атындағы Алматы облыстық № 3 мектеп-интернатында эстетикалық тәрбие беру жөніндегі директордың орынбасары кәзіргі ұақытта І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогикалық ғылымдарының докторы, профессор Дюсембинова Р. К. қызметін атқарған тұстағы Дәнеш Рақышевтың әншілікке баулу тәжірибесі жөніндегі деректі материалдар негізге алынды.

Кілтті сөздер: вокалдық мектебі, Батыс Қазақстан мектебі, Арқа мектебі, Жетісу мектебі, музыкалық-педагогикалық мұрасы, дәстүрлік ән айту, әншілік мектеп, музыкалық шығармашылығы.

КІРІСПЕ

Шығармашылық өмірінде ұлттық өнерді өркендетуге бүткіл болмыс-тіршілігін арнаған, бар ғұмырын өнер үшін сарп еткен Дәнеш Рақышевтың артында қалдырған музыкалық-педагогикалық мұрасы бағалаған баға жетпес құнды мұра. Д. Рақышевтың музыкалық шығармашылығы ұлттық болмысты танытуда көркемдік нақышымен, музыкалық мазмұнының тереңдігімен, қайталанбас әншілік дәстүрімен құнды. Сондықтан да, әншінің музыкалық шағрмашылығының қайталанбас әншілік, сазгерлік мәнері, педагогикалық, қызметі үлкен қызығушылық тудырады. Д. Рақышевтың музыкалық-педагогикалық мұрасында айтарлықтай педагогикалық идеялар жинақталған, алайда, өкінішке орай, олар өз деңгейінде анықталмағандықтан, жүйеленбегендіктен күні бүгінге дейін ұрпақ тәрбиесінде кәдеге толыққанды аспай отыр.

Бұл туралы белгілі ақын-жазушылар С. Бақбергенов, Б. Нұржекеев, О. Асқар, Е. Бейсенбек, қоғам қайраткері Қ. Сұлтанов және т.б. замандастары мен шәкірттерінің жекелеген мақалаларынан, Т. Исабектің «Әнші Дәнеш» деректі романынан, Қ. Толыбаев құрастырған «Әнші Дәнеш» естелік-жинағынан және Д. Рақышевтың «Өнермен өзектес өмір», Р. Имәрованың «Өткеннің бәрі аялы» күнделік-естелігінен табуға болады. Бірақ олар ғылыми тұрғыдан толық талданбаған және музыкалық-эстетикалық тәрбиенің дамуына қосқан үлесінің мәні жеткілікті ашылмаған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Осы тұрғыдан алғанда Д.Рақышев жөнінде жарық көрген еңбектерге және мерзімді басылымдарда жарияланған материалдарға, публицистикалық, мемуарлық әдебиеттерге, репертуарындағы әндерінің, төл әндерінің музыкалық-педагогикалық мазмұнын тарихи уақиғалар контекстінде хронология бойынша сараптау, мұрағат, мұражай материалдарын, замандастарының естеліктерін талдау негізінде Д. Рақышевтың бірегей әншілік мектебінде қалыптасқан дәстүрінің ерекшеліктерін ашып көрсету жастардың музыкалық-эстетикалық, адамгершілік тәрбиесіне игі ықпалын тигізетіндігіне сеніміміз мол.

Қазақ халқының әншілік өнерінде әндердің орындалу мәнері мен ерекшеліктеріне қарай, айырықша сипаттағы бірнеше аймақтық мектептер қалыптасқан. Оларды шартты түрде Арқа мектебі, Жетісу мектебі, Батыс Қазақстан мектебі деп саралауға болады.

Арқа мектебінің өкілдері Біржан, Ақан, Әсет, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Майра Уәлиқызы, Шашубай, Ғазиз, Естай, Мәди сияқты өнер тарландары Арқа мектебінің әншіліктің мейлінше дамыған саласы екендігін таныта білді. Арқа әндері диапазоны мейлінше кең біркелкі еркін ырғақпен айтылады. Атақты әншілер-Арқа өңірінің әншілік өнерінің кәсіби мектебінің ірге тасын қалаушылар – Ж. Елебеков, Ж. Кәрменов, Қ. Байбосынов, бұлардан өзге, ән өнерінде ерекше із қалдырған Қ. Байжанов, Ә. Қашаубаев, М. Ержанов, Ж. Омарова, Ж. Қартабаева, Л. Сүйіндікова, М. Ешкеев саналады.

Батыс Қазақстан әншілік мектебін тілге тиек ететін болсақ, Батыс өлкенің кәсіби ән мектебі эпикалық дәстүр негізінде дамыған. А. Жұбановтың: «Қазақтың халықтық музыка мәдениетінде, оның ішінде, өнінің дамуында жыршылар үлкен рөл ойнайды» деген пікірі ән мен жыр егіз ұғым саналатын осы өлкеге қатысты. Батыс өңірдегі жыраулық-жыршылық өнердің жергілікті әншілік мектептің қалыптасуы мен өркендеуінде зор әсері болғаны анық. Батыстың кәсіби ән мектебі өз ішінде Мұхит әндері және Маңғыстау әндері болып екі салаға бөлінеді. Зерттеуші Ұ. Б. Намазова Батыстың кәсіби ән мектебі өз ішінде Мұхит әндері және Маңғыстау әндері болып екі салаға бөледі [3, 12–17 б.]. Батыс кәсіби ән мектебінің жарқын тұлғасы Мұхит Мералыұлының орны бөлек. Мұхиттың әндері – қазақ ән өнерін мазмұнының тереңдігімен байытқан аса бағалы мұра. Мұхит дәстүрін қаз қалпында жеткізуші дара тұлға Ғарифолла Құрманғалиевтің есімін ерекше атап өткен жөн.

Жетісу әншілік дәстүрі ежелден ерекше дамыған ақындық-жыршылық дәстүр халық әндері кәсіби әншілік мектептің қалыптасуына негіз болды. Оған ұйытқы болған Кенен Әзербайевты, Қапез Байғабылұлын, Пішан Жәлмендеұлын, Сәдіқожа Мошанұлын, Сауытбек Ұсаұлын Дәнеш Рақышевты атай аламыз.

Жетісу ән мектебінің кәсіби тұғырын қалаған – Ж. Кәрменов, оның ізін жалғастырушы шәкірті – Е. Қосбармақов.

Аталған кәсіби әншілік мектептердің қатарында Дәнеш Рақышевтың музыкалық-педагогикалық мұрасы бір төбе десек артық айтқандық емес. Сондықтан, Дәнештің әншілік шеберлігі мен сазгерлігімен қатар ұстаздық қызметіне лайықты мән берілген жөн. Дәнештің музыкалық шығармашылығын бақылаудан өзгеше көрініп, халқының қанымен келген тума талант иесінің әншілігі, жаңа буынға үлгі танытты, педагогикалық іс - әрекеттің нәтижесі сөйтіп кәсіби деңгейге жеткендігі, өз қатарынан озып шығып, ерекше талпынысының нәтижелі болғандығына көз жеткіземіз.

Ешкімге ұқсамайтын дара әншілік мектебі қалыптастыра білген Дәнештің кәсіби әнші екендігі даусыз. Өйткені ол: «... нағыз қыранды аяқ бауды шешкенде көретініміз сияқты домбыра қағысынан да байқау қиын емес. Дәнештің домбыра қағысында дәлдік, әсемдік, саздылық, құбылып жататын үнділік

кейбір әншілердің дауысынан әлдеқайда анық та қанық, сазды естіледі», – деп С. Бакбергенов бағалағандай, әншілік мектебін өзінің ізбасарлары, шәкірттері арқылы да танытып кетті [1, 11–12 б.]. Олардың қатарында М. Мұқанов (Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі), Ж. Мырқаев (Ә. Қашаубаев атындағы байқаудың жеңімпазы), А. Бакбергенов (Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері), А. Қармысов (Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері), Н. Жампейсов (Ә. Қашаубаев атындағы байқаудың лауреаты, «Шабыт» халықаралық фестивалінің лауреаты), С. Шыныбаев (білім магистры, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және психология факультетінің оқытушысы) және т.б. атап өткен жөн.

Дәнештің музыкалық-педагогикалық тәжірибесіне сипаттама беруге оңайшылықпен қол жеткізу қиын. Себебі, әлемдік деңгейдегі майталман әнші-педагогтар өздерінің тәжірибесін арнайы оқулықтар немесе оқу құралдары арқылы емес, практика жүзінде жеткізіп келгендігі белгілі. Оның үстіне вокалдық педагогика әлі де болса жете зерттелмеген, тіпті осы өнерді педагогика терминологиясында ғылыми тұрғыдан негіздеме берілмеген сала. Әнші педагогтардың, тіптен алғанда жалпы ұстаздардың өзінің бақылау нәтижесінде қорытылған ой-пікірін, педагогикалық тәжірибесі нақты теориялық деңгейде тәржімелеп беруде қиналатындығы да жасырын емес. Алайда, Дәнеш Рақышевтың педагогикалық мұрасының, оның әнші тәрбиелеудегі практикалық тәжірибесі тіпті, саиқалы ғылыми долбарлармен дәлелденбесе де, оны жинақтап, қорытуға талпыныс жасау біздің борышымыз деп санаймыз.

А. В. Сиркисян «О некоторых вопросах вокальной школы» атты еңбегінде: «Вокалдық педагогика өкілдерінің әншілікке тәрбиелеу әдістемесі көпшілігіне интуицияға, тәжірибеге, әншілік дәстүрге негізделген эмпирикалық сипат тән», – дегендей Дәнеш Рақышев жас әншілерді тәрбиелеу процесінде өзінің бірегей ән салу техникалық тәсілдерін, ішкі үнге – интуицияға сүйенетін түйсінгендерін қолданды [2, 9–29 б.]. Бұл түсіндірмелер әнші даусының әдемі әуезділігін, әншілік үн шығарудың түрлі қасиеттерін түйсінуді сипаттайтын образды бейнелі сөздер түрінде қамтамасыз етіп отырды. Сөйтіп эмпирикалық жолмен шәкірттерінің, осы образды бейнелі сөздерді өзінің бұлшық ет түйсіктеріне және өзіне тиісті үн шығару ұғым – түсініктеріне «аудару алуына» қол жеткізе білді.

Дәнеш Рақышевтың вокалдық әдістемесіне талдау жасауда А. Г. Менабенидін «Методика обучения сольному пению», Л. Б. Дмитриеваның «Основы вокальной методики», Б. Орловановтың, «Певческий голос и методика его постановки», М. Л. Львовтың «Из истории вокального искусства», Ф. Лампертидің «Искусство пения», В. М. Морозовтың «Тайны вокальной речи» және «Вокальный слух и голос», К. М. Малышеваның «Әншінің дауысын қою, яки оны кәсіби әншілікке даярлау үшін бейімдеу және дамыту» және

т.б., сонымен бірге М. С. Сеченов, И. П. Павловтың физиология саласындағы ғылыми еңбектердегі зерттеу нәтижелеріне сүйендік.

Сонымен қатар 1990–1992 жылдары қазіргі Дәнеш Рақышев атындағы Алматы облыстық № 3 мектеп-интернатында эстетикалық тәрбие беру жөніндегі директордың орынбасары қазіргі уақытта І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттің университетінің педагогикалық ғылымдарының докторы, профессор Дюсембинова Р. К. қызметін атқарған тұстағы Дәнеш Рақышевтың әншілікке баулу тәжірибесі жөніндегі деректі материалдар негізге алынды. Әрине, ән салуға үйренушілердің үн қалыптастыру процесінде вокалдық әуездің сапасын оларды санамен елестете алу және өзінің ән салу тәжірибесінде қалыптастыруы ұзақ та, қиындығы мол әрекет. Мәселен, әдемі «үн қалыптастыру», «алған демді үнемдеу», «дыбысты, үнді шығаруға демді тірек ету» және т.б. түсініктерді санамен меңгеріп, дауыс аппаратының бұлшық еттерінің жұмысын дұрыс бағыттау оңайшылықпен қолға түспейді. Дәнештің шәкірттерінің пікір пайымдауларына қарағанда, бұндай ән салу тәсілдері кейбіреулерінде ұстаздың бұлшық етті жұмсау тәсілдерін тікелей көшіру, ал кейбіреулерінде өзінің елестетуі негізінде қалыптасқан қайсыбір әдемі үнді интуиция арқылы қалыптастыру жүзеге асырылған. Ал шәкірттерінің көпшілігі, олардың ең таланттыларының бірі Н. Жанпейсов тұжырымдағандай: «Менің ән салуға машықтанғанымның алғашқы кезеңдерінде ұстазымның ән салу тәсілдеріне еліктеуімнің пайдасы көп болды. Бұдан әрі бірте-бірте «еліктеуден ерекшелік туады», – деп ұстазымның өзі айтқандай, Дәнеш Рақышевтың ән салуындағы вокалдық механизмінің мәнін санамен ұстануға, меңгеруге тырыстым» [4].

Дәнеш Рақышев ұстаздық қызметте, ең алдымен табиғи дауысы мен музыкалық қабілеті және белгілі бір ән салу тәжірибесі бар жастарды таңдайтын.

Дәнеш үннің, өкпедегі ауадан шығатын демнің тегеурінді қысымын қарсы тұратын дауыс талшықтарының тербелісі (вибрация) әсерінен пайда болатынын тапқырлықпен сезіне білді. Және осындай физиологиялық әрекет процесінде шәкірттерінен әнші даусын жасаудағы дауыс аппаратының бұлшық еттерінің әрқайсысының ерекшеліктерін тап басып, мән беруді талап ететін. С. Шыныбаев осындай ерекшеліктерді былайша жеткізеді: «Дәнеш аға әншілік әдіс-тәсілдерді мейлінше тәптіштеп тек ауызша ғана емес, ерінбей-жалықпай, сырт көзге елене бермейтін ерекшеліктерді мысалдап, домбырамен сүемелдей отырып түрлі ән фрагменттерін өнге сала отырып түсіндіруші еді» [4].

ҚОРЫТЫНДЫ

Дәнеш Рақышевтың педагогикалық қызметке бейімділігі елге оралған соң, Жаркент өңірінде халық театры ашып, ұйымдастыру кезеңінде

калыптаса бастаған еді. Өншінің күнделік – естелігінде: «Айтуға оңай, ел ауыл көлемінде өнер көрсетіп, кәсіби мамандық өлшемнен өнерпаз жастардан «халық театры» атағын алғанға дейін өскен театр құру талай машақаты бар тірлік», - деп еске алғанындай, бұл әрекет өзінің өнші-сахна шебері ретіндегі шеберлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен бірге жастарды кәсіби деңгейге дейін жетілдіруде педагогикалық қабілетін де талап еткен-ді. Дәнеш аса бір көрегендікпен домбырамен өзін-өзі сүйемелдеп ән салушыны өншілікке баулып, кәсіптік деңгейге жеткізуде белгілі бір вокалдық оқығудың принциптері мен әдістерін ұстанған. Ұстаз шәкірттерінің өншілік дауыс қойылымы, үн қалыптастыру мен дауыс тембрі және қуаты, артикуляция, дикция тазалығы сияқты вокалды-техникалық, көркемдік дағдыларын, орындаушылық нышандарын, музыкалық-эстетикалық талғамдарын дамытуда бірегей өншілікке баулу әдістемесін қалыптастырушы.

Қорыта айтқанда Дәнеш Рақышевтың вокалдық педагогикасы әлі де болса қазынасы ашылмаған сыр сандық. Дәнеш Рақышевтың шәкірттерін өншілікке баулып, кәсіптік деңгейге жеткізудегі әдістемесін тереңінен жан-жақты зерттеп, ұрпақ кәдесіне асыру біздің борышымыз деп санаймыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Бақбергенов, С.** Өнші Дәнеш / Құрастырған Қ. Толыбаев. – Алматы, «Жалын баспасы», 2001. – 216 б.

2 **Сиркисян, А. В.** О некоторых вопросах вокальной школы /Сб. статей «Вопросы вокальной педагогики» /Под ред. Л. Б. Дмитриевой. – М. : Государственное музыкальное издательство, 1962. – 145 с.

3 **Намазова, Қ. Б.** Қазақ халық әндерінің дәстүрлі мектептерге бөліну ерекшеліктері /Қ. Б. Намазова /Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Көркемөнерден білім беру» сериясы. – 2014. – № 2 (39). – 12–17 б.

4 **Дюсембинова, Р. К.** Музыкально-педагогическое наследие Данеша Рақышева. [Электронный ресурс]. – <http://libed.ru/konferencii-pedagogika/>

Материал 26.11.18 баспаға түсті.

К. А. Тулеужанова¹, С. С. Оңгарбаева²

Методика обучения пению Д. Ракишева

^{1,2}Факультет педагогики и психологии,

Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова,

г. Талдықорган, 040000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 26.11.18.

К. А. Tuleuzhanova¹, S. S. Ongarbayeva²

Rakishev's method of teaching singing

^{1,2}Faculty of Pedagogy and Psychology,

I. Zhansugurov Zhetysu State University,

Taldykorgan, 040000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 26.11.18.

Статья посвящена исторически сложившимся трем блестящим певческим школам в Республике Казахстан которые отличались стилевыми манерами исполнительства, таким как школа Арки, школа Жетысу, школа Западного Казахстана. Ярким представителем певческой школы Жетысу является певец-композитор, основатель своеобразной певческой школы Данеш Рақышев. В данной статье предпринята попытка раскрыть особенности певческой методики певца, изучение которой несомненно внесет весомый вклад в развитие вокальной педагогика Казахстана. При изучении вокальной методики Д. Ракишева был проделан анализ следующих трудов: А. Г. Менабиди «Методика обучения сольному пению»; Л. Б. Дмитриева «Основы вокальной методики»; Б. Орлова «Певческий голос и методика его постановки»; М. Л. Львова «Из истории вокального искусства»; Ф. Ламперти «Искусство пения»; В. М. Морозова «Тайны вокальной речи» и «Вокальный слух и голос», К. М. Мальшиева «Настройка голоса певца или адаптация его к профессиональному вокальному обучению». Также были изучены результаты исследований в области физиологии М. С. Сеченева и И. П. Павлова. В процессе исследования авторы статьи просмотрели документальный фильм о творческой деятельности Данеш Ракишева. Материалы предоставила доктор педагогических наук профессор Дюсембинова Райфа Кыдырловна.

In the Republic of Kazakhstan historically there were three brilliant singing schools, such as school of Archy, school of Zhetysu, school of the Western Kazakhstan which differed in original style manners of performance. The bright representative of singing school of Zhetysu is the singer-composer, the founder of a peculiar singing school Danesh Rakishev. In this article we try to open the features of a singing technique of the singer. His works will bring powerful contribution to the development of vocal pedagogics of Kazakhstan.

In the study of vocal techniques of D. Rakishev there has been done an analysis of the following works: A. G. Manabadi «Methods of teaching solo singing»; L. B. Dmitrieva «Fundamentals of vocal technique»; B. Orlov «The Singing

voice and the method of its production»; M. L. Lvova «Of the history of vocal art»; F. Lamperti «Art of singing»; V. M. Morozov, «The Secrets of vocal speech» and «Ear and voice», K. M. Malysheva «Setting the voice of the singer or adaptation to professional vocal training». The results of researches in the field of physiology of M. S. Sechenov and I. P. Pavlov were also studied. During the study, the authors reviewed a documentary about the creative activity of Danesh Rakishev. The materials provided by the Doctor of pedagogical sciences professor Dyusseminova Rarifa.

FTAMP 14.35.09

К. А. Тулеужанова¹, А. Макажанова²

¹п.ғ.к., қауымд. профессор, «Музыкалық білім» кафедрасы, Педагогика және психология факультеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., 040000,

Қазақстан Республикасы

²магистрант, «Музыкалық білім» кафедрасы, Педагогика және психология факультеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., 040000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹nur_gosha@mail.ru

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МУҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛАУЫНДА ЗАМАНУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Мақалада болашақ музыка мұғалімнің кәсіби даярлығына интерактивті технологияларды қолдану қажеттілігі түсіндіріледі. Интерактивтілікті интерпретациялауды талдауда нақты қалыптасқан анықтамасы жоқ термин ұсынылған. Осы тұжырымдаманың әр түрлі түсіндірулерін талдау негізінде негізгі компоненттер: диалог, синтез, рефлексия, қарым-қатынас, түсіністік, өзара әрекеттесу, қарым-қатынас, интерпретация, түсініктеме, интонация және тәжірибе сияқты қарастырылады. Әдістемелік деңгейде дидактикалық және гуманитарлық білімдегі интерактивті тұжырымдамалық ұстаным байқалады.

Интерактивті оқытудың негізгі сипаттамалары, сондай-ақ, өнер, мәдениет, көркемдік қабылдау және көркем шығармашылық гуманитарлық ғылымдардың және жалпы өнердің іргелі санаттары болып табылады. Демек, интерактивті білім беру контекстінің мазмұны көзқарасқа ұқсас және өнерді меңгерудің ерекшеліктері интерактивті технологияларды қолдану үлкен әлеуетке және музыкалық пәндерді үйрету қабілетіне ие екендігін көрсетеді.

Кілтті сөздер: интербелсенді оқыту, өнер, мәдениет, кәсіби даярлау, музыкалық білім, білім беру, музыка мұғалім, тыс жұмыстар

КІРІСПЕ

Музыкалық білім берудің жаңа стандартында интерактивті оқыту Қазақстанда мамандар даярлаудың құзыреттілік моделінің аса маңызды

компоненті болып табылатындығын ресми түрде бекітіп берілген. Осылайша, 5B010600 - жоғары кәсіби білім музыкалық білім берудің дайындық бағытындағы республикалық жалпыға міндетті білім стандартында мемлекеттік білім беру стандартында «құзыреттілік тұрғыны жүзеге асыруда білім алушыларды қалыптастыру және кәсіби дағдыларын дамыту мақсатында оқыту процесінде дәрістерді белсенді және интербелсенді өткізу формаларын (компьютерлік модельдеу, іскерлік және рөлдік ойындар, нақты жағдаяттарды талдау, психологиялық және басқа да тренингтер) аудиториядан тыс жұмыстармен ұштастыра отырып кеңінен қолдану қажеттілігіне мән берілген.

Бүгінгі қоғам белгілі бір меңгерілген білім мен дағдылардың жиынтығын иеленуші ғана емес, сондай-ақ, осы білім мен дағдыларды қолдана білуге және соның негізінде өз бетімен іздеу бойынша қажетті жаңа білім ала білуге қабілетті ғана емес, міндеттерді шешу мақсатында жаңа идеялар мен тәжірибені ұштастыра білуін талап етеді. Ал бұл болса, өз кезегінде болашақ маманнан ақпарат көздерімен өзара іс-қимылда коммуникативтік дағдылары мен амалдарын меңгеруін талап етеді. Басқаша айтқанда, жеке тұлғаның табысты болуы, қазіргі заманғы маманның кәсіби қызметінің тиімділігі көпшілік жағдайда интербелсенді ақпарат алмасу дағдыларымен қамтамасыз етіледі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Энциклопедиялық анықтамалық әдебиетте интербелсенділік ұғымына төмендегідей анықтамалар берілген:

– байланыс жасауға қатысушылардың (көрермендермен, бағдарлама құрушылармен) арасындағы тікелей эфирдегі радио-теле көрермендер мен тыңдаушылардың, аудиторияның пікірін есепке алу; ақпараттық сферада - жұмыс барысында пайдаланушылардың тікелей өзара іс- әрекеттері, мұндай өзара іс-қимыл құралдарын қамтамасыз ету. Интерактивті кесте – пайдаланушының сұранысына жүйенің (интербелсенді мультфильм, интербелсенді сұрақнама) жауабы дереу келіп түсетін адамның және электронды есептегіш машинаның диалогы [1, 205 б.];

– өнер саласында – суреткер мен көрерменнің өнер туындыларын тікелей қабылдау кезіндегі тікелей әрекеттестігі; интербелсенділік өз ретінде адам алғаш картинаны көргенде онымен айла-шарғы жасау кезінде пайда болады [15, 410 б.];

– субъектаралық өзара әрекеттестікте-екі жақты субъектаралық белсенділік немесе диалогтың белсенді кестесі. Мәселен, интербелсенді білім беру технологиялары [2, 180 б.];

– оқытуда ағылшын тілінде *interacion*-өзара әрекеттестік) – меңгертілетін тәжірибенің саласы саналатын білім алушының оқу аясымен, оқу ортасымен тікелей өзара әрекеттестігі [3, 107 б.].

Интербелсенділік заманауи білім беру парадигмасындағы басты ұғымдарының қатарынан саналады. М. В. Кларин «Дәстүрлі оқытуда жетекші (тренер, оқытушы, мұғалім) оқу ақпараттарын өзінің өн бойы арқылы өткізуші «сүзгі», ал интербелсенді оқытуда жұмыс істеудегі көмекшінің, ақпарат көздерінің біреуі іспеттес рөлін атқарады». Дәстүрлі оқытуға қарағанда интербелсенді оқытуда білім алушылардың жетекшімен өзара әрекеттестігі өзгереді, яғни оның белсенділігі білім алушының құзырына ауысады да, бастамашылыққа жағдай туғызу міндеті жүктеледі. Осылайша оқытуда оқушылар тек енжар «білім алушылар» емес, дайын білім бере салмай, өзбеттілік ізденіске талпындырушы жетекшінің тәжірибесімен салғастырғанда тәжірибесінің ешбір маңызы бар толық құқылы қатысушыға айналады [4, 13 б.].

Интербелсенді оқыту білімді, іскерліктерді, дағдыларды, сонымен қатар іс-әрект амалдары мен коммуникацияны молайтып қана қоймай, білім беру процесіне қатысушыларды санамен пайымдалатын жеке және ұжымдық іс-әрекет толғаныстарына кіріктіру арқылы білім алушылардың жаңа мүмкіндіктерінің ашылуын қамтамасыз етеді. Бұндай оқыту тәжірибе жинақтау, құндылықтарды санамен пайымдау және қабылдау, құзыреттіліктердің қалыптасуы мен жетілдірілуі үшін аса тиімді болмақ [5, 13 б.].

«Интербелсенді-тәжірибе-құзыреттіліктер» тізбегіндегі арқауда жеке тұлғаның алуан түрлі кәсіби іс-әрекеттерді және қатынастарды жүзеге асыруға қабілеттілігі ретіндегі құзыреттіліктердің қалыптасуында тәжірибе аса зор рөл атқарады.

Интербелсенділік ұғымы бүгінгі таңда білім беру практикасында үдемелі ғылыми-әдістемелік өңдемелеу үстінде. Ғылыми айналымдакелесі сининим іспеттес категориялар кездеседі: жоғары мектептегі білім беру жүйесіндегі интербелсенді оқыту процесінің моделі (С. Б. Калиновская), интербелсенді оқыту моделі (Л. А. Иванова), интербелсенді оқыту (А. Е. Авдюкова, Л. Н. Вавилова, Л. А. Вакуленко, М. В. Кларин, С. Г. Корниенко, Е. С. Королькова, Т. С. Панина, И. Е. Уколова) және т.б.

Мамандар арасында «интербелсенді» терминін түсіндіретін нақты тұрақтанған анықтама жоқтың қасы. Дегенмен түрлі пайымдаулардың негізінде осы терминнің өте-мөте айшықты белгілерін атап өтуге болады:

– білім алушылардың өзара әрекеттестігінің ерекшеліктері және білім беру процесіндегі сол өзара әрекеттестіктің әлеуеті (С. Б. Калиновская);

– педагог пен білім алушылардың өзара әрекеттестіктерінің бағыттылығының өзгеруі, яғни педагогтың белсенділігі оқушының белсенділігі алдыңғы қатарға шығады, ал педагогтың міндеті-олардың бастамашылдықтарына жағдай туғызу (М. В. Кларин);

– ақпараттар ағымындағы екі жақты бағыттағы диалогтық режим (Е. В. Чуб);

– қатынасқа бойлап енген оқыту; диалогтық нысанның үстемдігіндегі білім беру процесі (С. Г. Корниенко);

– теориядан практикаға қарай емес, жаңа тәжірибенің қалыптасуынан қолдану арқылы теориялық пайымдалатын білім беру процесінің логикасын жүзеге асыру технологиясы (Т. С. Панина, Л. Н. Вавилова);

- нақты тәжірибеге қатысушылардың ой-толғаныстарын, қол жеткізілген тәжірибені пайымдау, оның рефлексия және практикада қолдануын қосып алғандағы процесс (В. А. Вакуленко, И. Е. Уколова, Е. С. Королькова).

Сонымен интербелсенді оқыту өзара ірекеттестік, диалог формасындағы қатынас жасау, ой-толғау, пайымдау, және жалпылау (рефлексия) білім беру процесінің барлық субъектілерінің тәжірибесі арқылы түсіндіріледі.

Мұғалімнің жалпы кәсіби даярлығы мәселелері «Ф. Н. Гонобалин, Л. Я. Рувинский, И. Я. Лернер, Ю. К. Бабанский, М. Н. Скаткин, Р. П. Скульский, А. Е. Кондратенкова, Н. В. Кузьмина, В. А. Сластиенин, В. П. Беспалько, және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Қазақстанда мұғалім даярлығының түрлі аспектілерінің қарастырылуы бойынша (Н. Д. Хмель, Т. С. Сабыров, А. П. Сейтешов, Р. Р. Жәрдемалиева, А. Е. Абылқасымова, А. А. Молдажанова және т.б.) зерттеулері біз үшін үлкен қызығушылық тудырады

Жоғарыда аталған зерттеушілердің пікір, көз-қарастарын талдау бүгінгі ЖОО-да болашақ мұғалімнің кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыруға қажетті білім беру мен оқыту әдістемесінің мазмұны жеткілікті деңгейде әлі де қамтамасыз ете алмай отырғандығына көз жеткізеді. Міне, сондықтан да болашақ маманның кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыруға деген теориялық және практикалық жетілдіру бағытындағы ЖОО-ның негізгі бағыты олардың кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыру болып саналады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдаулар, болашақ мұғалімнің кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыру мәселесінің көкейтестілігіне қарамастан, бұл мәселе төңірегіндегі зерттеулердің әлі де болса жеткіліксіздігін, жүйеленбегендігін көрсетеді.

Сан ғасырлық адамзаттық мәдениет және өнер атаулының құндылықтарына тәжірибесіне қол жеткізу және иелену білім беру процесінде жеке тұлғаны мәтіндері мен артефактыларын қоса алғандағы

шедеврлардың мазмұнын тамашалап толғандыруға, оған терең бойлауға, санамен пайымдауға және қайта қайтара пайымдауға, интерпретациялау, қайта қайтара интерпретациялауға талпындыратын өзара әрекеттестіктің диалогтық формалары арқылы жүзеге асырылады.

Диалогты үш әлемнің философиялық әмбебап феномен ретіндегі (әлемді тану, әлемнің сипаты және әлемнің эстетикасы) диалогтың өзін талдауға алған М. М. Бахтина и В. С. Библер еңбектерінде мәдениет феноменінің диалогтылығы жөнінде мән-мағынасы терең пайымдаулар кездеседі. М. М. Бахтин: «Өмір табиғатынан диалогтық. Өмір сүру дегеніміздің өзі салыстырмалы тыңдауға, сұратуға, жауаты болуға, келісуге және т.б. Бұл диалогта адам бүткіл өмір бойына бар жан дүниесімен, іс-қимылымен, тіпті көздерімен, еріндерімен қатысады» [2, 313 б].

В. С. Библер болса: «Мәдениеттің алуан үрлі формалары тарихи болмыстың түрліше ортақтастығы бір мәдениеттің кеңістігіне тартылады және иерархиялық түрде, сондай-ақ «гегльдік «жою» кестесімен немесе ағартушылық «прогресс» бойынша емес», алайда бір мезетте екі жақтың да (өте-мөте ерте кезеңдегі мәдениеттен-мейілінше кейінгіге қарай) векторларымен өзара, тең құқылы түйіседі [7, 44 б].

Мәдениет пен өнер туындылары материалдары негізінде интербелсенді оқыту, біздің пікірімізше жалпыадамзаттық құндылықтар кеңістікте ашылатын көп векторлы аяда өзара әрекеттестіктегі диалогтық технологиясыз жүзеге асырыла алмайды. Бұл жерде біріншісі педагог пен білім алушылардың ынтымақтастығы, ал екіншісінде барлық өткендегі, бүгіндегі мәдениеттердің бірі біріне өтпелі мәнімен түйісе келе қанығады.

Интерактивті білім беру мәдениет пен шығармашылық жағынан, біздің көз қарасымыз бойынша, технология сырттан диалогтық және саясатты жүйе өзара әрекет ете алмайды,

Біздің түсінігімізше диалогтықтың табиғатын мәдениеттің, өнердің, музыкалық білім берудің және ақпараттық коммуникациялық технологиялардың шекарасында ғылыми тұрғыдан зерттеу үшін болашағы зор айырықша проблема. Ал осы аса бай бағытты тек қана гуманитарлық білім мен гуманитарлық ойлау әдіснамасына сүйеніп өндемелеу мүмкін болады.

Диалогтық кеңістікті меңгеруге қарамастан оны жүзеге асыру ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану негізінде арнайы компьютерлік бағдарламалық ресурстары, телекоммуникациялық, Интернет ресурстары және т.б. арқылы жүзеге асырылады. Әрине, барлық мүмкін болатын ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану пайдаланушыға мәтін түрінде де, видео түрінде де, мультимедия және

т.б. түгелдей дерлік алуан түрлі презентациялардан өнер мен мәдениеттің шедеврларын тамашалауға қол жеткізеді. Жеке тұлғаның мәдениеттің өрісін онымен диалогтық қарым-қатынасқа түспей жатып мүмкін болмайды.

М. Ермолаева білім берушілер мен білім алушылардың білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттестік терін зерттей келе мынадай қорытындыға келеді: «Диалог дегеніміз қатысушылардың ой-пікірлері, сұрақтары мен жауаптары ғана емес. Ең бастысы ол сыртқы форма емес, талқылауға әрбір қатысушының ішкі жоспарында пайда болатын таным процесіне қарай шарықтайтын таным процесі» [8, 29 б.]. Ішкі жеке тұлғалық диалог интербелсенді оқытудың жүзеге асырудың шешуші факторы. Бұдан әрі интербелсенді дегеннің мәндік сипаттамасын, әсіресе музыкалық білімге қатысты қарастыралық.

А. Н. Леонтьев айтып өткендей адам өзінің өсіп, дамуына қарай өмірде өзіне дейін, ғылымда, мәдениетте және өнерде қалыптасқан міндердің жүйесін меңгереді [9]. Интербелсендінің екінші белгісі саналатын интерпретацияны жеке тұлғаның оның мәнін санамен пайымдаудың және сол арқылы интербелсенді әрекеттерді, яғни интеракцияны орындаудың негізі ретінде қарастырамыз.

Интерпретация символдық интеракцияда түсінікті және пайымдалған жалпы қабылданған мағынаның негізінде әрекетке талпындырады. Алайда сол мағыналарды санамен пайымдау ақыр соңында жағдаяттарды қайтан келістіруге, яғни жеке тұлғадағы сол жағдаяттарды қайта қайтар интерпретациялауын талап етеді. Бұдан әрі жеке тұлғаның жеке тұлғаны қанждай да бір құбылыстың, фактілердің (артефактілердің), мәдени феноменнің, интерпретацияның, әрекеттердің (интеракция) санамен пайымдауынан тұратын келесі тізбек пайда болады. Бұдан шығатын қорытынды интерпретация интерактивтің (интеракция) аса маңызды және анықтаушы сәті болмақ. Музыка өнерінде (Л. А. Баренбойм, Г. Г. Нейгауз) интерпретация жайлы көптеген ғалымдар түрлі аспектілерін қарастырған. Біздер музыканы оқытудағы интерпретация дегенді білім алушылардың алуан түрлі музыкалық іс-әрекеттерінде талдау және туынды авторының ойындағысына бойлап ену жүзеге асырылатын педагог пен білім алушыларда қайта жаңғыртылатын көркемдік-шығармашылықты өзара әрекетуінің формасы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанар болсақ, музыка мұғалімінің кәсиби дайындығында интербелсенді оқытудың негізгі сипаттамалары саналатын мәдениет, өнер, психология, көркемдік қабылдау және көркемдік шығармашылық өзара

әрекеттестік, жалпылау, коммуникация, диалог, қайта интерпретациялау, қайта қайтар переинтерпретациялау, интонация, толғану, санамен пайымдау, жинақтау (рефлексия), тәжірибе болып табылатын сияқты гуманитарлық саланың ең басты категориялары. Демек, интерактивті білім берудің ұғымдық-терминологиялық аппаратының мазмұнын пайымдаудағы тұрғылардың арасындағы ұқсастығы және өнер атаулыны меңгерудің ерекшеліктері интерактивті технологияның кеңінен қолданыс табуы музыкалық пәндерді оқытудағы аса қажеттілігі мен мүмкіндігі мол екендігін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Бунимович, Н. Т., Жаркова, Г. Г., Корнилова, Т. М. и др.** Краткий словарь современных понятий и терминов. 3-е изд., до- работ. и доп. – М. : Республика, 2000. – С. 205.

2 Толковый словарь русского языка начал XXI века. Актуальная лексика / под ред. Г. Н. Складневской. – М. : Эксмо, 2006. – С. 410.

3 **Тюмасева, З. И., Богданов, Е. Н., Щербак, Н. П.** Словарь – справочник современного общего образования: акмеологические, валеологические и экологические тайны. – СПб. : Питер, 2004. – С. 180.

4 Педагогический энциклопедический словарь / гл. ред. Б. М. Бим-Бад. – М. : Большая российская энциклопедия, 2002. – С. 107.

5 **Кларин, М. В.** Интерактивное обучение – инструмент освоения нового опыта // Педагогика. 2000. – № 7. – С. 12–18.

6 **Бахтин, М. М.** К переработке книги о Достоевском // Бахтин М. М.. Эстетика словесного творчества. – М., 1979. – 313 с.

7 **Библер, В. С.** Нравственность. Культура. Современность. – М. : Знание, 1990. – 64 с.

8 **Ермолаева, М.** Интерактивность в обучении // Знание. – 2006. – № 2. – С. 29–30.

9 **Леонтьев, А. Н.** Проблемы развития психики. 3-е изд. – М. : МГУ, 1972. – 517 с.

Материал 26.11.18 баспаға түсті.

К. А. Тулеужанова¹, А. Макажанова²

Использование современных технологий в профессиональной подготовке будущего учителя музыки

^{1,2}Факультет педагогики и психологии,

Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова,
г. Талдыкорган, 040000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 26.11.18.

К. А. Tuleuzhanova¹, A. Makazhanova²

The use of modern technologies in the professional training of the future music teacher

^{1,2}Faculty of Pedagogy and Psychology,

I. Zhansugurov Zhetysu State University,
Taldykorgan, 040000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 26.11.18.

В данной статье обосновывается необходимость применения интерактивных технологий в профессиональной подготовке будущего учителя музыки. Представлен анализ толкования интерактивности – термина, у которого пока отсутствует конкретное устоявшееся определение. На основе анализа различных трактовок данного понятия, рассматриваются основные составляющие такие как диалог, обобщение, рефлексия, общение, осмысление, взаимодействие, коммуникация, интерпретация, переинтерпретация, интонация, опыт. На методологическом уровне прослеживается общность концептуальных положений интерактива в дидактике и в гуманитарном знании.

Основные характеристики интерактивного обучения, а также тот факт, что искусство, культура, художественное восприятие и художественное творчество являются фундаментальными категориями гуманитарных наук и искусства в целом. Следовательно, содержание интерактивного образовательного контента похоже на точку зрения, а особенности овладения искусством демонстрируют, что использование интерактивных технологий обладает большим потенциалом и способностью преподавать музыкальные предметы.

From this point of view, the interactive technologies in the professional training of the upcoming teacher in music are refined. The analysis of the interactivity of the analytics is suggested by the fact that there is no

concrete detection of the concrete definition. Based on the analysis of diverse tracts, the basic concepts of dialogue, communication, reflection, mutual understanding, interconnection, interpreting, over-interpretation, intonation, optimism are examined. A methodological approach will be followed by a conceptual approach to interactivity in didactics and humanities.

Fundamental features of interactive teaching, as well as the fact that art, culture, imaginative and amateuristic creativity are the fundamental categories of humanitarian science and art in the whole. Looking forward to contributing to the interactive content, it is a demonstration of artistry, and the use of interactive technologies makes it possible to teach musical subjects.

ГРНТИ 14.35.07

К. А. Тулеужанова¹, Э. Д. Баженова², А. К. Туменбаева³

¹п.ғ.к., қауымд. профессор, Педагогика және психология факультеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, ҒТалдықорған қ., 040000, Қазақстан Республикасы;

²PhD докторы, қауымд. профессор, Педагогика және психология факультеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, ҒТалдықорған қ., 040000, Қазақстан Республикасы;

³білім магистрі, Педагогика және психология факультеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, ҒТалдықорған қ., 040000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹nur_gosha@mail.ru; ²bazhenova@inbox.ru; ³asel.tumen@mail.ru

ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАР – ЖЕКЕ БАҒЫТ-БАҒДАР ТАҢДАУДЫ

Элективті курстар студенттің өзін-өзі және немесе болашақ кәсіби іс-әрекетіне бағдарлануына септігін тигізуге, студенттердің жоспарланған бейіні бойынша жағымды мотивациясын туындатуға, студенттерді таңдаған мамандығы бойынша болашақ кәсіби іс-әрекетінің жетекші бағыттармен таныстыруға, студенттердің танымдық іс-әрекетін белсендіруге және олардың ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктерін жоғарылатуға бағытталады.

Білім беру мазмұнының тұжырымдамасы аға ұрпақтың еңбек саласында жинақталған тәжірибесін жеткізуді оның басты әлеуметтік функциясы ретінде қарастыра келе, төрт құрылымдық элементтерін ашып көрсетеді оның ішінде: білім беру кәсіби іскерліктер; кәсіби шығармашылық және ізденімпаздық іс-әрекеттер тәжірибесі; түрлі саладағы кәсіп түрлерімен шұғылданатын адамдарға, өзінің кәсіби әрекеттеріне деген эмоционалды-құндылықты қарым-қатынасы.

Психология-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау көрсеткендей білім беру проблемалары, атап айтқанда, элективтік курстардың мазмұны әлі де болса оқу-әдістемелік жағынан жеткіліксіз қамтамасыз етілгендіктеріне көз жеткізеді. Сондықтан элективті курстардың мазмұнын өңдемеудің маңызды құралы ретінде педагогикалық жобалауға жүгінуге тиіспіз. Педагогикалық бейімделген білім, білік, дағдылар ретінде қарастырылатын «білім беру мазмұнының» ұғымын және жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз етуші шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен әлемге эмоционалды-құнды

қарым-қатынас жүйесі ұғымдарын салыстыру негізінде, біз «элективті пәндер мазмұнын құрастыру» тұжырымын қалыптастыра аламыз.

Кілтті сөздер: элективті курстар, студенттер, тұрғылар, бакалавриат, білім алу, жеке бағыт-бағдар таңдауды, кәсіби іскерліктер, кредиттік оқыту жүйе.

КІРІСПЕ

Элективті курстар – жеке бағыт-бағдар таңдауды, білім алу траекториясын айқындауды, өз бетінше білім алу деңгейін жоғарылатуды және білімді студенттерге шығармашылықпен меңгеруді көздейтін кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру жағдайында жоғары оқу орындарындағы мамандықтарға арналған типтік оқу жоспарының шамамен 80 % құрайды.

Бакалавриат деңгейіндегі білім бағдарламалары пәндерді оқытудың модульдік жүйесінің негізінде жобаланады. Теориялық оқытуға жұмсалатын жалпы жүктеме оқылатын пәндер тізімімен анықталады.

Жалпы білім беретін пәндер циклы (ЖБП) міндетті компонент және таңдау компоненті пәндерінен құралады. Базалық пәндер (БП) және бейіндік пәндер (БП) циклына міндетті компонент пәндермен қатар таңдау компоненті, яғни элективтік курстарды кіргізіледі.

БП (базалық пәндер) циклындағы пәндердің көлемі типтік оқу бағдарламасындағы пәндерді оқытуға бөлінген жалпы көлемінің 50%-ын немесе 64 кредитті құрайды, олардың 20 кредиті міндетті компоненттегі пәндерді, ал 44 кредиті таңдау компоненті, яғни элективтік курстарды оқытуға бөлінеді.

БП (бейіндік пәндер) циклындағы пәндердің көлемі типтік оқу бағдарламасындағы пәндерді оқытуға бөлінген жалпы көлемінің 25%-ын немесе 32 кредитті құрайды, олардың 5 кредиті міндетті компоненттегі пәндерді, ал 27 кредиті таңдау компоненті, яғни элективтік курстарды оқытуға бөлінеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Элективті курстарға келесі ерекшеліктер тән. Атап айтқанда:

– бұндай толық мәнді түрде толықтырылған курстың «қондырма» сипатта болуы;

– элективті курстар жұмыс оқу жоспарында белгіленген жалпы, мамандық және қосымша модульдердің құрамына кіретін жалпы білім беру, базалық, кәсіптендіру циклындағы пәндердің мазмұнын тереңдету бойынша жүзеге асырылатын оқу жұмыс жоспарының маңызды компоненті саналады;

– студенттердің әр түрлі салалардағы танымдық мүдделерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Элективті курстар келесі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған болуы тиіс:

– студенттің өзін-өзі және немесе болашақ кәсіби іс-әрекетіне бағдарлануына септігін тигізуге;

– студенттердің жоспарланған бейіні бойынша жағымды мотивациясын туындатуға;

– студенттердің таңдаған мамандығы бойынша болашақ кәсіби іс-әрекетінің жетекші бағыттармен таныстыруға;

– студенттердің танымдық іс-әрекетін белсендіруге;

– студенттердің ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктерін жоғарылатуға.

Элективті пәндердің тиімділігіне студенттердің элективті курстар жөнінде толық ақпараттандырыла отырып таңдау мүмкіндігіне ие болаған жағдайда ғана жеткізіледі. болады.

Біріншіден, олар өз мүдделері мен жоспарларын санамен анық түсінулері тиіс.

Екіншіден, студенттердің ұсынылатын элективті курстардың қысқаша түйіндемелерін күні бұрын зерделеп, оқу-әдістемелік жинақтар түріндегі мазмұнымен қысқаша танысуға мүмкіндігі болуы тиіс.

Үшіншіден, элективті курсты жүзеге асыратын педагог, студенттердің курс жөнінде мазмұны туралы толықтай мағлұмат ала алуы үшін курстың тұсаукесерін өткізуі керек.

Элективтік курстардың басты ерекшелігі студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектесіп, жеке білім алу траекториясын еркін таңдауына мүмкіндік беретін вариативтік авторлық сипаты болып табылады. Осы орайда, профессорлық-оқытушылар құрамы, әсіресе жас оқытушылар бірқатар қиындықтарға кездеседі.

Білім беру мазмұнын құрудың әдіснамалық негіздерін В. В. Краевский, В. С. Леднев, М. Н. Скаткин және т.б. сияқты атақты ресейлік ғалымдар өңдемегендері белгілі [1; 2; 3].

Білім беру мазмұнының тұжырымдамасы аға ұрпақтың еңбек саласында жинақталған тәжірибесін жеткізуді оның басты әлеуметтік функциясы ретінде қарастыра келе, төрт құрылымдық элементтерін ашып көрсетеді:

1) Білім беру – бұл тиісті білім беру орнында жүйеге келтірілген білім, білік және дағдыларды игеру барысы және нәтижесі, білім алушыны өмірге және еңбекке дайындаудың қажетті шарты ретіндегі әлемдік және отандық еңбек тәжірибесі және кәсіби іс-әрекет жөніндегі білімдер. Оқыту мазмұнына жалпы және жеке білімдер тән.

2) Кәсіби іскерліктер – барысында ғылыми теорияны практикалық тәжірибе негізі арқылы оқытушылардың білім алушылардың біліктілігін арттыруға жол ашатын белгілі бір іс-әрекет амалдарын жүзеге асыру тәжірибесі. Әлемдік және

отандық еңбек тәжірибесі жөніндегі білім берудерін, кәсіби іс-әрекет амалдарын пайдалана алу іскерлігі, яғни бұрыннан қалыптасқан кәсіби іс-әрекет амалдарын жүзеге асыру тәжірибесінің меңгерілуі. Бұл кәсіби мәдениетті сақтау, жеткізу қабілетін қамтамасыз ететін тәжірибенің мазмұнын құрайды. Практикалық іскерліктер мен дағдылар теория мен практика бірлігінде білім алушылардың кәсіби мәдениетінің қалыптасуының бастауы болып табылады.

3) Кәсіби шығармашылық және ізденімпаздық іс-әрекеттер тәжірибесі. Бұл тәжірибе – жаңа проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін адамзаттың даму үдерісінде жинақталған қазынасы. Ол өз кезегінде бұған дейін меңгерілген білім берудер мен іскерліктерді жаңа жағдайларда өз бетімен жүзеге асыруды, белгілі іс-әрекет амалдарының негізінде жаңа амалдарды қалыптастыруды талап етеді. Әлеуметтік тәжірибенің бұл түрі жас ұрпақтың кәсіби қабілеттері мен кәсіби мәдениетінің дамуын әрі қарай қамтамасыз етеді. Мұндай тәжірибе адамның кәсіптік әлеміне, оқыту қабылдау арқылы өзіне қарым-қатынасында көрініс табатын жеке тұлғалық сипатын танытады.

4) Түрлі саладағы кәсіп түрлерімен шұғылданатын адамдарға, өзінің кәсіби әрекеттеріне деген эмоционалды-құндылықты қарым-қатынасы. Бұл – бұрыннан белгілі кәсіби тәжірибені меңгерудің ең жоғарғы деңгейі. Бұл – тек білім беру, іскерліктер ғана емес, тұлғаның проблемалардың шешіміне деген өзіндік көзқарасы мен қарым-қатынасы. Мұндай жағдайда меңгерілген кәсіби-әлеуметтік тәжірибе білім алушылардың көзіне тиесілі кәсіби тәжірибесіне, кәсіби іс-әрекет ету амалдарына айналады.

Біздің пайымдауымызша кәсіби шығармашылық және ізденімпаздық іс-әрекеттер тәжірибесін қалыптастыруда элективтік курстың барлық компоненттері қатысады. Осы іспеттес курстардың мазмұнын құрастыруда И. И. Ильясовтың және Н. А. Галагенконың оқу материалын білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін өзара байланыстағы басты төрт іскерліктер негізінде құрылымдау туралы тұжырымдамасы негізге алынады [4]. Олар:

– белгілі бір модульдегі базалық және бейіндік пәндер бойынша білімдерін қолдана келе типтік пәндік тапсырмаларды шеше алу іскерліктері (типтік іскерліктер);

– белгілі бір модульдегі базалық және бейіндік пәндердегі материалдап негізінді логикалық тәсілдерді жүзеге асыра алу іскерліктері (логикалық іскерліктер);

– белгілі бір модульдегі базалық және бейіндік пәндер бойынша білімдерін пайдалана отырып қалыпты емес тапсырмаларды шеше алу іскерліктері (шығармашылық іскерліктер);

– белгілі бір модульдегі базалық және бейіндік пәндер бойынша білім алу талаптарын жүзеге асырудың жалпы тәсілдерін меңгеруі (білім алу іскерліктері).

О. Е. Лебедев, А. П. Тряпицына сияқты ғалымдардың еңбектерінде білім алушыларды өмірдегі қалыпты проблемаларды шеше білуге, яғни сол проблемалардың шешімін іздестіруде көмектесе алатын олардың мәні мен маңыздылығын пайымдау, оларды шешудің тұрақтанған ережелері мен мөлшерлерін игеру, оларға негіздеме бере алу және ақпарат көздерінде бағдар ала алуға үйрету проблемаларды шеше білуге үйретуді көздейтін қалыптастырылған білім беру мақсаттарына сәйкес, яғни құзыреттілікке ұласатын білім мазмұнының жетекші компоненті саналатын кәсіби шығармашылық және ізденімпаздық іс-әрекеттер тәжірибесі ретіндегі келесі бір аса маңызды мәселе туындайды [5; 6].

А. П. Тряпицына бойынша құзыреттілік өмір сүру әрекеттерінің түрлі сфераларындағы міндеттердің теориялық білімдер мен тәжірибе негізінде шешімін табуға қабілеттілікпен сипатталады [6].

Кәсіби шығармашылық және ізденімпаздық іс-әрекеттер тәжірибесі негізінде студенттердің әлем объектілеріне және кәсіптер әлеміне деген эмоционалды-құндылықты қарым-қатынасы қалыптасады. Сайып келгенде, кәсіби шығармашылық және ізденімпаздық іс-әрекеттер тәжірибесі және эмоционалды-құндылықты қарым-қатынастар құзыреттіліктің қалыптасуының негізі бола алпатындығына көз жеткіземіз.

Студенттердің әлем объектілеріне, сонымен қатар кәсіптер әлеміне деген құндылықты қарым-қатынасы жеке тұлғалық тәжірибені игеру арқылы қалыптасатындықтан, құзыреттілік тұрғы аясындағы элективтік курстардың мазмұнының жетекші құраушысы болып білім алушылардың кәсіби шығармашылық және ізденімпаздық іс-әрекеттер тәжірибесі саналады. Саналы түрде тандалып алынатын болашақ кәсіби білімділік траекториясы тек қана кәсіп әлемін тану ғана емес, қайсыбір кәсіпке қатысты қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған. Бұл дегеніміз оқу орнын немесе кәсіпті таңдау әктісі ғана емес, бүткіл өмір бойы өзін-өзі анықтаудағы үздіксіз процесс.

Элективтік курстар бойынша берілетін білім беру мазмұны – көп деңгейлі құрылым екендігі туралы дидактикалық теорияға сүйене келе, оның әрбір деңгейін төмендегіше қарастыруға болады:

– білім беру мазмұнының әлеуметтік тәжірибенің педагогикалық тұрғыда түсіндірілентін құрамы (компоненттері), құрылымы (элементтері арасындағы байланыстар) және функциялары жалпыланған түрде анықталатын жалпы теориялық деңгейі;

– нақты пәндер деңгейі;

– мазмұнының құрамындағы нақты элементтері анықталатын нақты бір оқу пәніне қатысты оқу материалының деңгейі.

Кредиттік оқыту жүйесі бойынша элективтік курстардың мазмұнын құрастыру жобалау технологиясына негізделеді. Элективтік курстардың оқыту

бағдарламасы оқытушы мен студенттер арасындағы оқыту іс-шаралардың үлгісі болып табылады. Негізінен бұндай бағдарлама моделі «неге», «нені» және «қалай» дейтін сұрақтарға жауап іздестіретін үш бөліктен тұрады. Бұндай жағдайдағы «неге» таңдау курсының мақсатты бағытталығына сәйкес бағдарлама бойынша студенттер оқыту барысында қандай нәтижелерге қол жеткізетіндіктерін көрсетеді. Ал «нені» болса оқу материалының логикалық құрылымдық мазмұнының түзілуі, яғни оқыту технологиясы. «Қалай» – ойластырылға әрекеттердің моделі. «Қалай» – оқытуды тиімділігін қамтамасыз етуде әдістер мен оқытуды ұйымдастыру формаларын, құралдарын оңтайлы таңдауға, жоспарланған нәтижелерге қаншалықты қол жеткізу деңгейі мен дәрежесін анықтауға және орындалуы, алдағы кезендердегі ұйымдастыруға түзетулер енгізуге септігін тиізетін оқытушы мен білім алушының өзара іс-қимылдарын қамтиды.

Элективті курстың бағдарламасында оның мазмұны да, білім мазмұнын меңгерудегі студенттерге іс-әрекеттерінің амалдары да көрнекі түрде айқын көрініс алуы тиіс.

Психология-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау көрсеткендей білім беру проблемалары, атап айтқанда, элективтік курстардың мазмұны әлі де болса оқу-әдістемелік жағынан жеткіліксіз қамтамасыз етілгендіктеріне көз жеткізеді. Сондықтан элективтік курстардың мазмұнын өңдемелеудің маңызды құралы ретінде педагогикалық жобалауға жүгінуге тиіспіз. Педагогикалық бейімделген білім, білік, дағдылар ретінде қарастырылатын «білім беру мазмұнының» ұғымын және жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз етуші шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен әлемге эмоционалды-құнды қарым-қатынас жүйесі ұғымдарын салыстыру негізінде, біз «элективті пәндер мазмұнын құрастыру» тұжырымын қалыптастыра аламыз.

Бұл категория элективті курстың біртұтастығын, мақсатты бағытталығын қамтамасыз ету мақсатындағы студенттердің білім жүйесін өңдемелеу, олардың практикалық және шығармашылық тәжірибесін, әлемнің объектілеріне құнды қарым-қатысын және олардың арасындағы байланыстарын анықтау процесі ретінде айқындалады. Біртұтастық элективті курстың мақсаттары мен мазмұны, меңгерту нәтижелерінің сәкестілігі мен және өзара байланыстары анықталады.

Элективті курстардың мазмұны құруда келесі тұрғылар негізге алынады:

1 Іргеілік тұрғы (фундаментальный подход) пәнді зерделеуге бағытталған білім мазмұнын іргелі заңдар мен теориялардан жеке заңдылықтарға өту логикасында өңдемелеуді шамалайды.

2 Әдіснамалық тұрғының негізін ғылыми материалдарда көрініс табатын таным ғылыми әдістері құрайды. Әдіснамалық тұрғыға негізделінген курсты зерделеудің негізгі мақсаты – студенттерді ғылыми таным әдістерімен таныстыру

және зерттеу іскерліктерін меңгеру. Бұл тұрғы жобалау технологиясын, зертханалық жұмыстарды, семинарлары ұйымдастыруды және т.б. пайдалануды көздейді.

3 Әмбебаптық тұрғы ғылым үшін әмбебаптық маңызы бар негізгі ұғымдар аясындағы білім мазмұнын топтастырумен сипатталады. Бұл тұрғы бір проблеманы түрлі ғылымдар саласындағы жан-жақты қарастыратын пәнаралық курстар үшін қолайлы болып табылады. Ол үшін рефлексивті оқыту әдістерін, сыни тұрғыдан ойлау, кейс-әдістері қолдану айырықша артықшылықтарға ие болады.

4 Прагматикалық тұрғы студенттердің базалық мәдениетін және болашақ өмірінде кеңінен қолданыс табуын қамтамасыз ете алатын нақты білім мен дағдыларды меңгеруді шамалайды. Ол үшін белгілі бір кәсіби саладағы практикалық сабақтар мен семинарлар сериясы ерекше мәнді болуы мүмкін.

5 Іс-әрекеттік тұрғы болашақ мамандығын жетістікпен игеруге қажетті іс-әрекеттің –әдіс-амалдарымен таныстыруды көздейді. Бір жағынан оқу іс-әрекеті амалдарын және оқу процесін ұйымдастыру формаларын тиімділікпен сұрыптау, ал екінші жағынан белгілі бір мамандық бойынша студенттердің қабілеттері мен бейімділігі арасында нақты байланыстар бар.

6 Құзыреттік тұрғыны бүгінде көптеген жақтаушылар көптеп саналатындықтан, элективті курстарды өңдеушілер оны әзірлеу кезінде басымдық беретіндіктері еш күмән туғызбайтындықтары белгілі. Осы орайдағы әрекеттердің бірізділігі мынадай: қажетті білім мазмұнын - оқыту әдістерін өңдемеу сияқты осы типтегі міндеттердің шешімін табуға қажетті студенттер үшін маңызы құзыреттіліктерді және іскерліктерді анықтау. Құзыреттілік қазіргі заманғы ғылыми әдебиет көздерінде «нақты өмірлік жағдайларда туындайтын міндеттерді білімін, оқу және өмірлік тәжірибесін, адами құндылықтарды пайдалана отырып шешудегі жалпы қабілет» ретінде түсіндіріліп жүр. Ал бакалавриат деңгейінде білім алуды тамамдау соңына қарай студенттердің нәтижесінде қалыптасатын жетекші құзыреттілігі болып, басқа тұлғаға бағдарланған өзіне тиесілі шығармашылықты өнім жасау қабілеті болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, элективті курстар білім алушылардың танымдық белсенділіктерінің негізі ретіндегі жаңа білімдер мен ақпараттарды алуға деген талпыныстарын, қабілеттері мен бейімділіктерін дамыту, шығармашылықты қиялын ояту, кілттік құзыреттіліктерін дамыту мақсатын көздейді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Краевский, В. В. Проблемы научного обоснования обучения : Методологический анализ. – М., 1977.

2 Леднев, В. С. Содержание образования. – М., 1989.

3 Скаткин, М. Н. Совершенствование процесса обучения. – М., 1971

4 Ильясов, И. И., Галатенко, Н. А. Проектирование курса обучения по учебной дисциплине: пособие для преподавателей. – М. : Изд. корпорации «Логос», 1994. – 208 с.

5 Лебедев, О. Е. Роль элективных курсов в создании нового поколения учебных материалов. – [Электронный ресурс]. – <http://www.college.ru>.

6 Методические рекомендации преподавателям вузов по вхождению в Болонский процесс / Под ред. Тряпицкой А. П. – СПб. : Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2006. – 175 с.

Материал 26.11.18. баспаға түсті.

К. А. Тулеужанова¹, Э. Д. Баженова², А. К. Туменбаева³

Элективные курсы – курсы по выбору

^{1,2,3}Факультет педагогики и психологии,

Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова,
г. Талдыкорган, 040000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 26.11.18.

К. А. Tuleuzhanova¹, E. D. Bazhenova², A. K. Tumenbayeva³

Elective courses – courses by selection

^{1,2,3}Faculty of Pedagogy and Psychology,

I. Zhansugurov Zhetysu State University,
Taldykorgan, 040000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 26.11.18.

Элективные курсы призваны способствовать самоопределению студентов и выбору дальнейшей профессиональной деятельности, создавать положительную мотивацию обучения на планируемом профиле, познакомить студентов с ведущими для данного профиля видами деятельности, активизировать познавательную деятельность студентов, и повысить их информационную и коммуникативную компетентность.

Концепция образовательного содержания рассматривает возможность предоставления накопленного опыта в области работы старшего поколения в качестве основной социальной функции, раскрывающей четыре элемента структуры: профессиональные навыки; опыт профессиональной творческой и поисковой деятельности; эмоциональные и ценностные отношения с их профессиональной деятельностью, людям, которые занимаются различными видами деятельности. Анализ психологической, педагогической и методологической литературы показывает, что проблемы образования, в частности, содержание элективных курсов, по-прежнему недостаточны в учебно-методической литературе. Поэтому мы должны рассматривать педагогический опыт как важный инструмент для содержания элективных курсов. На основе сопоставления понятия «образовательный контент» как педагогически адаптированного знания, навыков и опыта творчества и мира эмоциональной и экономически эффективной коммуникации мы можем сформулировать концепцию «составления содержания элективных дисциплин».

Elective courses are designed to promote self-determination of students and selection of further professional activities, create positive motivation for learning on the planned profile, introduce students to the leading activities for this profile, enhance students' cognitive activities, and enhance their information and communication competence.

